Жеке атау ерекше мағына иеленіп, туынды сөз ретінде қолданыс табады. Тілдің синтаксистік жүйесінің дамуы барысында зат есімді тіркестер құрамында белгілі дәрежеде мағыналық өзгерістер болады. Жеке сөздің тіркес құрау қабілетінің тарылуы нәтижесінде бұрын қолданылып келген сөз тіркесі тіл құрамынан шығып қалады, не болмаса сирек қолданыла бастайды. Ал кей сөздердің тіркес құрау қабілетінің кеңеюінен бұрын бір-бірімен байланысы болмайтын сөздер өзара тіркес құрау мүмкіншілігіне ие болады, сөздік құрамда жаңа атаулар таңбалаынады. Бұл, ең алдымен, жоғарыда аталып көрсетілгендей, тілдегі негізгі даму заңдылықтарының аясында орындалып жатады. Яғни сөз мағыналарының абстракциялануы арқылы да орындалады, мұның нәтижесінде жаңа туынды сөздер жасалады: *адвокаттар қауымдастығы, биржа одағы, биржа айналымы, банктік дағдарыс, қаржы дағдарысы, жанана салық, дәнді дақылдар, т.б.*

Сөз тіркесінің лексикалық семантикасы бұл оның сыңарларының лексикалық мәндерінің қарапайым қосындысы емес, сөз тіркесі – сыңарлардың мағынасы толықтырылып тұратын қатынас арқылы қалыптасатын лексика-грамматикалық бірлік. Ал лексикаланған тұлғалар-туынды сөз болғандықтан тек лексикалық бірлік болады. Қазақ тіл біліміндегі күрделі атаулардың жасалуының ең маңызды белгісі – семантикалық дамуы мен мағыналық құрылымындағы номинативтік белгінің толығы деп есептеледі. Номинацияның пайда болу жолының қарапайым және күрделі сатысы

болады. Номинацияның қарапайым сатысы болмыстың негізгі белгісі мен қасиетін бағамдаудың нәтижесінде пайда болатын ұғымның атауы. Яғни атау – болмысқа тән негізгі белгілерді таңбалау арқылы туындайды. Осының нәтижесінде алғашқы зат есім мен етістікті сөздер, олардың предикативтілік қатынасы, локативтік қатынастары орнайды [15; 116].

Номинацияның екінші күрделі сатысы – тілдегі бар таңбалардың негізінде жасалатын транспозиция нәтижесінде анықталады. Яғни әуелгі таңбаның мағыналық және тұлғалық дамуы нәтижесінде туынды атаулардың жасалуы, алғашқы мағыналық құрылымының жаңа таңба ретінде түрлене өзгеруі, транспозициялануы деп танымыз. Номинацияның екінші күрделі сатысында болмыстың бұрын көзге түспеген, байқалмаған қасиеттері мен белгілері айқындалады. Осы жаңа ерекше белгілер туынды сөздің негізгі ерекше номинативтік белгісіне айналады. Жаңа ұғымды жаңа атаумен, өзгеше таңбамен атау үшін, бұрынғы таңбаның транспозицияланған жаңа сипаты пайда болады. Алғашқы танылған белгіге жақындығы, ұқсастығы, алыстығы, қарама-қарсылығы арқылы пайда болған жаңа ұғым бұрынғы таңбаның негізінде жаңа мән ала отырып, тұлғалық және мағыналық өзгеріске түсіп, туынды атау жасайды [10; 117]. Осы ғылыми тұжырымға сүйенер болсақ, онда күрделі атаулар арқылы белгіленетін заттар мен құбылыстардың атауы номинацияның екінші күрделі сатысында пайда болатын лексикалану құбылысы арқылы жасалады деуге толық негіз бар.

Қазіргі кезде тілімізде қалыптасып, мағыналық жағынан дамып, атауыштық мәнге жеткен тіркестер көбінесе:

- матаса байланысқан тіркестер арқылы: *кадет корпусы, кадет партиясы, казначей билеттері, капуста бітесі, капуста қоңыр көбелегі, капуста шыбыны, картвел тілдері, катод сәулесі, кварц сәулесі т.б.*

- қабыса байланысқан тіркестер арқылы: *атомдық салмақ, атом сағат, атпа тамыр, атпа зығыр, ау тоқуыш машина, ауа үрлегіш машина, ауа сүзгі, ауан су, аусар ой, ауыз бөлме, ауыл шаруашылық, ауыспалы егіс, аффрикат дыбыстар т.б.*

- меңгеріле байланысқан тіркестер арқылы: *кәмелетке келу, атқамінер, кезеңге шығу (белгілі жасқа келу мағынасында), қолдан сұрыптау т.б. жасалады.*

Қазақ тілінің байлығы мен даму тұрғысы лексикалық бірліктердің сандық сипатымен ғана емес, сонымен бірге мағыналық дамуымен де, мағыналық жіктеліске, сөздің сапалық дәрежесіне де тікелей байланысты екені белгілі. Сондықтан да тілімізде соңғы ғылым мен мәдениеттің дамуына байланысты, қоғамдағы алуан түрлі өзгерістер мен жаңалықтарға сай жасалып жатқан тіркестер арқылы берілетін ұғымдар мол. Қоғамның дамуы мен өркениеттің туғызған ғылыми-техникалық жаңалықтары мен құбылыстары сөз мағынасын кеңейтіп, дамытып, сөздерді тіркестіріп жаңа, туынды мағынада қолданысқа енгізетіндігі тілдік деректерден айқын көрінеді. Еркін тіркестің мағынасы мен оның даму жолдарын, ондағы мағынаның кейде ауыспалы жағдайда қолданылуын қарастыру ғылыми тұрғыдан күрделі мәселелердің, сонымен бірге өзекті жұмыстардың бірі саналады. Сөйлеу барысында ұғымды дәл анықтап, таңбалау мақсатында сөздер мен сөз тіркестері мағыналық сипатын әртүрлі деңгейде өзгертіп, өңделіп, атаулық құралға айналып отырады. Бұл жағдайды мынадай мысалдарды келтіріп дәлелдеуге болады: *жеке шаруа, жеке басты, жеке көлік, жеке меншік, жел диірмен, жел қайық т.б.*

Біріккен сөздердің де, тіркесті күрделі сөздердің де түп негізі – сөз тіркестері деген қағида ғылымда әбден орныққан. Қазіргі тіліміздегі біріккен сөздердің құрамындағы сыңарлардың өзара қарым-қатынасынан олардың алғашқы синтаксистік байланысы анық байқалады. Қазақ тілінде зат немесе құбылыстың атын тіркестіріп атау жиі ұшырайды. Бұл сөздер – аталым (номинация) дәрежесіне жеткен сөздер. Егер сөз тіркесі лексикалық тұтастыққа айналып, аталым дәрежесіне ие болғанда, сөз тіркесі қызметін тоқтатады. Ондағы басты қасиет, заңдылық – ұғымның атауы дәрежесіне жетуі. Бұл атауларға тән басты белгілер: қалыптасқан даяр бірліктер ретінде қолданылуы, орны тұрақты, мағыналық тұтастық, номинативті немесе аталым қызметін атқаруы, бөлек жазылуы. Күрделі сөздердің жасалуы үшін бір сөзжасамдық тұлға емес, екі сөзжасамдық тұлға қатынасады. Көптеген тілдерде сөздердің мағыналық бірігуі арқылы және сөз тіркесінің атаулық мәнге ие болуы негізінде жасалған лексикалық бірліктердің саны әлдеқайда мол деп есептеледі. Әрине кез келген сөз тіркесінен атау жасала бермейтіні түсінікті.

Таңбаның мағынасын түрлі сөздердің мағыналары арқылы шамалау керек болса, уәжі шындық болмыстағы зат пен құбылыстың қасиеттері мен белгісі арқылы белгіленеді. Сөздің ішкі

формасы – атаудың өзін құрайтын сыңарлармен тұлғалық және мағыналық жағынан жақындығы, байланысы ретінде қарастырылады. Бұл таза тілдік бірліктердің бір-бірін негіздеуі түрінде танылады. Ал уәждеме атау мен зат арасындағы байланыс пен бірліктен туындаса керек.

Сөз тіркестерінің сөйлеу процесінде біртіндеп лексикалық единицаға айналуы (номинативтенуі) қазақ тіліндегі сөз жасаудың ең бір өнімді тәсілдерінің және оның ішінде көне тәсілдерінің бірі болып саналады. *Киіз*, *қол* сөзі арқылы жасалған мынадай сөздер қазіргі кезде сөздікте реестр ретінде беріліп жүргенін байқауға болады. Бұл атаулардың жасалуында киіз сөзі “киізден жасалған” деген тіркестің мағынасын білдіріп, жаңа мәнге ауысуына негіз болып, атаудың ішкі мағыналық құрылымын уәждейді:

<i>киіз байпақ</i>	<i>қол еңбегі</i>
<i>киіз қалтақ</i>	<i>қол ине</i>
<i>киіз сырмақ</i>	<i>қол қою парағы</i>
	<i>қол бала</i>
	<i>қол байлау</i>
<i>киізкітап</i>	<i>қол диірмен</i>
<i>киіз бөрік</i>	<i>қол добы</i>
<i>киіз етік</i>	<i>қол дорба</i>
<i>киіз үй</i>	<i>қол ет</i>
	<i>қол көрік</i>
	<i>қол орақ</i>
	<i>қол кілем т.б.</i>

Бұл атаулар сөз тіркесінің лексикалануы арқылы жасалып, туынды сөзге айналған. Бұлардың ішінде метафоралық мәнге айналғаны – *киіз кітап*, *қол бала*, *қол байлау*, *қол кілем* қалған атаулар өздерінің сыңарларының толық мағыналарын сақтап, жаңа мәнге – яки атауыштық мәнге ие болған сөздер. Метафора ерекше танымдық қасиетті таныта алатын құбылыс ретінде бағаланады. Ол тек көркем әдебиетте ғана емес, сөйлеу тілінде де, фольклорлық шығармаларда да, мифологиялық шығармаларда да, кейде ғылыми зерттеулерде де, публицистикалық туындыларда да ұшырасады. Тілімізде әуелгі қолданған тілдік метафоралар қазіргі таңда образдық мәні солғындап, трафаретке айнала бастаған. Бұл сөздердің тұлғалық және мағыналық жағынан тұтасуы лексикаланудың жемісі деп түсіндіру керек. Мағыналық тұтасу көбінесе зат есім мен зат есімнің байланысуы арқылы болғанын аңғаруға болады. Мысалы:

<i>қозы қарын</i>	<i>қой жылы</i>
<i>қозы жүн</i>	<i>қой қора</i>
<i>қозы көш жер</i>	<i>қой көз</i>
<i>қозыошаған</i>	<i>қой кене</i>
<i>қозылы қой</i>	<i>қой торы</i>
	<i>қой тіс</i>
	<i>қой мойын</i>
	<i>қой тас т.б.</i>

*Қой* және *қозы* сөзі арқылы жасалған лексикаланған атаулардың мол болуының негізгі себебі халықтық таныммен байланысты болуы. Төрт түлік малдың қасиетін терең таныған қазақ халқы үшін олардың әр алуан белгілері арқылы атау жасау маңызды. Мұндай жағдай осы туралы мағлұматтың молдығын да көрсетсе керек. Бұл жайында қазіргі когнитология ғылымында көптеген мәселелер зерттелген. Бұлардың қай-қайсысы болса да, лексикаланудың нәтижесі деп таныла алады.

Қазақ тіліндегі этномәдени атаулар күрделі атаулардың жақсы бір үлгісі - *бел құда*, *бесік құда*, *құда аударған*, *қалың мал, сұр ет*, *бас бәйге* сөздері. Бұл келтірілген атаулардың мағыналары ұлттық дүниетанымнан ақпарат беретін күрделі атаулар. Бұдан шығатын қорытынды, сөз тіркестерінің лексикалануы арқылы жасалған тіліміздегі мұндай күрделі сөздер тіл дамуының барлық кезеңінде болған. Олардың кейбірі тілде қазіргі күнге дейін белсенді қолданылып жүрсе, кейбірі уақыт ішіндегі саяси және мәдени өзгерістерге сай тілдік қоданыстан түсіп қалған. *Қазақ оқығандары*, *кеңес үкіметі*, *кеңес дәуірі*, *Колчак заманы*, *коммунистік партия т.б.* сияқты атаулар осының көрінісі ретінде танылады.

Зерттеуші ғалымдар тіл дамыған сайын сөздердің әртүрлі мағынада жұмсалуды таным деңгейіне орай тереңдей түседі деп жазады. Түптеп келгенде, бұл құбылыс адамның абстрактілі ойлау деңгейімен байланысты болып, біте қайнасып, астасып жататыны да түсінікті болса керек. Өйткені тілдегі кез келген номинативтік процесс ойлау мен таным дамуының жемісі екені көптеген ғалымдардың зерттеулерінде дәлелденген болатын. Бұл тілдің философиялық жағдайын анықтауға байланысты айтылатын күрделі теориялық мәселе болып табылады.

Күрделі сөздер де ерекше танымдық қасиетті танытатын, белгілі бір зат не құбылыс турасында өзіндік ақпарат бере алатын құбылыс ретінде бағаланады. Олар тек қана көркем әдебиетте қолданылып қана қоймайды, белгілі бір ақпараттық мән иеленгендіктен, сөйлеу тілінде де, фольклорлық шығармаларда да, мифологиялық шығармаларда да, ғылыми зерттеулерде де, публицистикалық туындыларда да молынан ұшыраса береді. Тілімізде әуелі еркін тіркес ретінде қолданыла келіп, кейін лексикаланған тіркестер қазіргі таңда еркін қолданыстық мәні солғындап, трафаретке айнала бастаған. Яки дайын қалпында жеке сөз, жеке атау ретінде танылады. Олардың кешенді қалыптасу жолы мен жүйесі бар. Ендігі негізгі мәселе - олардың сөз тіркесінен атау ретінде қалыптасуының негізгі заңдылығын анықтау.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сауранбаев Н. (1953) Қазақ тілі. Педучилищелерге арналған. Алматы.
2. Аханов К. (1996) Грамматика теориясының негіздері. Алматы.
3. Сухотин В. (1950) Вопросы синтаксиса современного русского языка. Москва.
4. Исаев С. (1973) Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы. Алматы.
5. Қалиев Ф. (2002) Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері. Алматы: Ғылым. -190 б.
6. Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. (1997) Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі. Алматы.
7. Манкеева Ж. (2014) Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы.
8. Özkan Abdurrahman (2018) BİR SÖZ DİZİMİ TERİMİ: ÖZEL İSİM GRUBU. SUTAD. Selçuk Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Dergisi, <http://www.dergipark.org.tr/tr/pub/sutad/issue/38506/446814>
9. Мұратов С.Н. (1961) Устойчивые словосочетания в тюркских языках. Москва.
10. Салқынбай А.Б. (2003) Қазақ тілі сөзжасамы: Оқу құралы. Алматы.
11. Қасым Б.Қ. (2001) Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым. Алматы. – 183 б.
12. Момынова Б. (2005) Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық сөзжасам. Алматы.
13. Әмір Р., Әмірова Ж. (1998) Жай сөйлем синтаксисі. Алматы.
14. Сарсембаева М. (2004) Матаса байланысқан сөз тіркесінің лексикалануы негізінде жасалған туынды сөздер семантикасы: филол. ғыл. канд.... автореф.:10.02.02. Алматы.
15. Сыздықова Р. (2014) Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы. Алматы: «Ел-шежіре».

#### Природа сложных слов, сформировавшихся как самостоятельное название

**Ж.К. Суинжанова**

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави,  
г. Туркестан, Казахстан, [zhanar.suinzhanova@ayu.edu.kz](mailto:zhanar.suinzhanova@ayu.edu.kz)

В настоящее время существует словообразование однозначных слов, которые формируют структурно-сложную лексику, образующие номинативные слова. Словосочетания претерпевают различные изменения и со временем используются как обозначения определенного предмета или понятия. Цель данного исследования - осмыслить пути формирования словосочетаний как лексикативного, так и именного, аргументировать пути его формирования как названия с помощью мнения исследователей. Дается анализ особенностей формирования сложных названий с определением грамматического значения словосочетания. Используемые в виде одного слова, они могут отдалиться от основного значения и приобретать новое значение. В данной статье рассматривается проблема формирования словосочетаний/слов, формирующих образование номинативных слов.

**Ключевые слова:** сложные слова, процесс лексизации, словосочетание, смысловая целостность, мотивация.



### The nature of complex words formed as an independent name

*Zh. K. Suinzhanova*

International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi, Turkestan, Kazakhstan  
[zhanar.suinzhanova@ayu.edu.kz](mailto:zhanar.suinzhanova@ayu.edu.kz)

Currently, there is a word formation of unambiguous words that form a structurally complex vocabulary that forms the nominative case. The word combination in the Kazakh language undergoes various changes and over time is used as a designation of a certain subject or concept. The purpose of this research is to understand the ways of forming phrases both lexicative and nominal, to argue the ways of its formation as a name using the opinion of researchers. The article analyzes the features of forming complex names with the definition of the grammatical meaning of the phrase. Used as a single word, they can move away from the main meaning and acquire a new meaning. This article deals with the problem of forming phrases / words that form the formation of nominative words.

**Keywords:** *complex words, the process of lexical, collocation, semantic integrity, motivation.*

Редакцияға 12.12.2019 түсті.

ҒТАХР 17.71.91; 17. 81.31

## ЭПИКАЛЫҚ ЖЫРЛАРДАҒЫ ТҮС ЖӘНЕ ОНЫ ЖОРУ КӨРІНІСТЕРІ

*Қ.Б. Алпысбаева*

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан  
alpysbaeva-k@mail.ru

Түс көру мотиві көптеген әлем халықтарының фольклорлық туындыларында кездеседі. Соның ішінде шығыс елдерінің ауыз әдебиеті мен фольклорлық шығармаларында, әсіресе, пайғамбарлар туралы аңыз-әңгімелерде, діни дастандарда, батырлық жырларда кездеседі. Мақалада «Алпамыс батыр», «Орақ–Мамай», «Ер Сайын», «Қарабек», «Ғазауат Сұлтан» және басқа да эпостардағы түс және оны жору көріністері талданып, түс мотивінің шығармаларда атқаратын қызметтері талданады. Түстің атқаратын қызметі бір бағытта, бір жақты болатыны айтылады. Және оны ойнақшытуға, мағынасын олай да, бұлай бұрмалауға болмайтыны, түс міндетті түрде шындыққа айналатыны сөз болады.

*Түйін сөздер:* фольклор, эпос, мәтін, түс көру, түс жору, түпнұсқа, мотив

### Кіріспе

Әлемнің өзге ұлттары сияқты халқымызбен бірге жасап, қаймағы бұзылмай келе жатқан магиялық фольклордың бір түрі – түс көру және оны жору. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде ерекше орын алған түс көру мен оны жорудағы түрлі наным-сенімдер, ырымдар адамның ойлау табиғатын, оның жан жүйесіндегі сан алуан сезімдік құбылыстарды танып білуге мүмкіндік беретін баға жетпес құнды деректер болып табылады. Адамзат жаратылғалы бері өмір мен табиғат құбылыстарын танудың, оның құпия сырларына бойлаудың неше алуан талпыныстарын, қарапайым қағидаға сүйенген ізденістерістерін жүргізіп келеді. Түс көру адамның бүкіл жан жүйесін танып-білуге ықпал ететіндіктен, ғалымдар бұл тылсым көріністерді психологиялық құбылыс ретінде қарастырады. Түсте адам санасы шеңберден шығып, шетсіз-шексіз әлемді игереді, кеңістік пен уақытқа тәуелді болмайды. Сондықтан түсті көруден гөрі оны жоруға ерекше мән беріліп отырған.

Мақалада эпостарда кездесетін «түс көру және оларды жору» мотивтерінен тоқталып, теориялық ізденістермен ұштастыра отырып, нақты мысалдар келтіре отыра олардың атқаратын қызметтеріне талдау жасап, шығармада қандай мақсатта қолданылып тұрғанын ашуға тырысамыз. Бұл – мақаланың өзектілігі. Яғни мақала эпостардағы түс көру мотивін арнайы зерттеген өзіндік ғылыми жұмыс болып табылады. Бұған дейін түс көру жанры туралы зерттеген А.Байтұрсынов, Х.Досмұхаммедұлы, Б.Майтановтың, Г.Пірәлиеваның және Б.Әзібаеваның т.б. еңбектері бар. Осы ғалымдардың зерттеу еңбектері мақала жазу барысында басшылыққа алынды.

Жұмыстың әдістемесін текстологиялық, салыстырмалы-типологиялық, деректемелі библиографиялық т.б. әдісі құрды. Нәтижесін жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарға, әдебиеттанушы мамандарға және еліміздің Тұңғыш президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты еңбегінің аясында орындалып жатқан «Дала фольклорының антологиясына» пайдалануға болады.

### Негізгі бөлім

Әлем халықтарының фольклорлық туындыларында жиі ұшырасатын сарындардың бірі – түс көру мен оны жору мотиві.

Көрген түсті міндетті түрде талдап, жору – қай халықта да берік сақталған салт-дәстүр. Әдебиетші ғалым Х.Досмұхамедұлы бұл жөнінде былай дейді: “Түс жорудың (снотолкование) қазақтар арасында да үлкен мәні бар екені ежелден белгілі, сол себепті де ел ішінде арнайы мамандар – түс жорушылар да ұшырасады. Бұрынғылардың айтуынша түс жору Перғауынның (Фараон) түсін болжаған Жүсіп пайғамбардан басталады. Әрбір қазақ түсін біреуге жорытуға тырысады және осы жору сөзге әрдайым сенеді. “Қыз Жібек”, “Қозы Көрпеш” және т.б. жырларда түс көру мен оны жорудың поэтикалық суреттемелері баршылық” [1; 25]. Х.Досмұхамедұлының

айтып отырған түс жорушы мамандары әлі де кездеседі. Олардың небір үлгілері халық прозасы мен көркем туындыларда көрініс тапқан.

Сондай мотив «Алпамыс батыр» жырында бірнеше жерде көрініс береді. Солардың бірін мына бір көріністен көруге болады: Батырдың елде жоқтығын пайдаланып, оның малын қалмақ ханы Тайшық айдап кетеді. Бұған ыза болған Алпамыс зорлықшыл қалмақ ханына қарсы, оның қолына түскен малдарды қайтару үшін жалғыз аттанады. Мұны халық жыры Алпамыстың батырлық сапары, ерлік іске аттануы деп сипаттайды. Қалмақ ханы Тайшық Алпамыстың келе жатқанын түсінде көріп, оның қаһарынан қорқып, шошып оянып:

– Ей, азаматтар, жаранлар, Мен бір жауап айтайын, Құлақ салып қараңдар. Мен бір бүгін түс көрдім, Түсімде жаман іс көрдім. Заманым менің қағынды, Қағынбаса не қылды?	Қарсы қарап шабынды. Көзімнің жасы егілді, Қабырғам менің сөгілді. Басымда тәж, дәулетім Жерге менің төгілді. Бір арыслан өзіме Шабатұғын көрінді, – дейді [2; 14].
---	---

Жырда Тайшық ханның осындай жайсыз түс көруі басына бір қауіп-қатердің түсетінін сездіреді. Тайшық хан сасқанынан Мыстан кемпірдің таз баласына Қаракөзайым атты қызын бермек болып, Алпамыстың көзін жоюды өтінеді. Ханның осы бір түсі арқылы жыр Алпамысты халық ұғымындағы күштілік бейнесін елестететін арыстанға теңейді. Батырдың алып тұлғасын, ерлік келбетін сипаттайды [3; 17].

Ал енді «Орақ–Мамай» жырына тоқталар болсақ, бұл жырдың нұсқалары көп. Солардың ішінен алдымен алғашқы басылым көрген мәтін «Орақ билән Мамай батырдың хикаясы» деген 1903 жылы Қазанда басылған нұсқасын сөз етеміз. Бұл нұсқада Орақ өлгеннен кейінгі Мамайдың жеке жорығы мен Орақтың баласы Қарасайдың ерлігі баяндалады. Қалмақтың ханы Темірхан «штатыма кірсін, үш жылғы есепті берсін» деп хабар жібереді. Бәрінен де қымбатты өз Отаны, өз халқы екенін, оны басқыншы жаудан қорғап алу – өзінің борышы екенін түсінген сексен төрт жастағы Мамай батыр жаудан қорқып, өзін тастай көшкен ноғайлыға ашуланып, қалмаққа жалғыз аттанады. Осыдан бастап, халық намысы үшін басқыншы жауға қарсы аттанған батырдың майданда жасаған ерлік істері жырдың негізгі әңгімесіне айналады. Мамай жер ортасы Қиғаш тауында жауды күтіп жатып, ұйықтап кетеді. Қалмақтар ұйықтап жатқан батырдың қару-жарағын, атын ұрлап алады. Мамай оянған соң, жалғыз өзі жаумен қарусыз ұрыс салады. Мамайдың батырлық образы оның жау батырларымен жекпе-жек соғыстары арқылы ғана жасалмайды. Ақын-жыршылар батырдың ерлігін дәріптеу үшін Мамайды мыңдаған жау әскерімен соғыстырады. Ел тәуелсіздігін қорғау үшін туған Мамай батыр басқыншы жаудың мыңдаған әскерімен кездескенде, одан үрейленіп, қорқу дегенді есіне де алмайды. Қайта жау әскерін көргенде, Мамайдың күш-қуаты арта түседі. Жау әскеріне қарсы шабады.

Мазасын жаудың алады,  
Қырып-жойып барады.  
Бір жеті жатып атысып,  
Екі мың қалмақ алады.

Жалғыз өзі қалмақтың мыңдаған қолын қырып тастайды. Мамайдың осыншалық ерлік жасауы, жауды жапыра қыруы – бұл бір адам арқылы берілген халық күшінің сипаты. Дегенмен батырдың әлсірейтін, түрлі қиыншылықтарға ұшырап, тарығатын кездері де болады. Жырда жебеуші пірлер көмегі көп жағдайда батырды қатерлі сәттерден құтқарып отырады. Мысалы:

Төбесінде төрт бүркіт Хан Мамайдың ойнайды. Қазандай болған қара бұлт Күн өтер деп қорғайды. Атасының әруағы	Таудай болып ойнайды. Қанша қалмақ атса да, Асыл туған хан Мамай Өлетұғын болмайды...
--	--

Аталған нұсқада Мамайға жәрдем беретін пірлер аспанда ойнаған бұлт бейнесінде көрінеді. Батыр ерекше қасиетке ие болады, «атса оқ, шапса қылыш өтпейді». Жауын пірдің көмегімен жеңу бас батырдың ғажайып жаратылысын дәлелдейді. Бұл орайда жыр батырлық пен ерлікті дәріптеп, қалың бұқараға деген қамқорлығы мол, қандайда дүлей күш болмасын, соны жеңе алатын ержүрек батырды аңсаған ел арманын көрсетеді. Жырдағы ғажайып туу, түс көру, жалғыздық, ата жау (қалмақ) мотивтері қазақ эпостарына тән ортақ, дәстүрлі сарындар.

Мәселен, Мамайдың әйелі жайсыз түс көріп, шошып оянады:

Түсімнен қорқып ояндым, Жорышы көрген түсімді. Жатыр едім ұйықтап, Мақпал тоным тұйықтап. Қыбыладан көрінді Бір шаншылған бір қан.	«Ордамды жығып кетер» деп, Ұзын алтын сырықты Соған қарсы тіредім. Сырығым тұтқан болмады, Ортасынан үзілді, Бұл не болар, енеке?! [4; 462]
---	--

Бұл түс Мамайдың басына бір қауіп-қатердің түскенін сездіреді [5;175]. Шешесі Қараүлек он төрт жасар Қарасайды қалмаққа аттандырады. Қарасай да көп ерлік жасап, зынданда жатқан Мамайды құтқарады.

Мысалы, «**Ер Сайын**» жырында да архаикалық жырларға және классикалық қаһармандық т.б. эпостарға тән сарындардың бірі «түс көру» мотиві бірнеше жерде көрініс тапқан. Мәселен, Сайынның әйелі жайсыз түс көріп, шошып оянады:

– Мен бүгін бір түс көрдім, Жауырым тола қара шаш Жайылыңқы көрінді. Бедерленген бес тырнақ Қанға малыңқы көрінді.	Шешем берген бокшасы Шашылыңқы көрінді. Жауда жүрген балаңның Астында жүрген Ақбоз ат Құйрығы келте көрінді.
--	--

Қолына алған ақ сүңгі  
Үзіліңкі көрінді... деп енесіне жорытады.

*Сонда енесі түсті былай жорып:*

– Жауырынның толған қара шаш Жайылыңқы көрінсе, Ертеменен қой қыдыр, Енеңнің сөзіне нан, балам! О да соған көрінсін! Бедерленген бес тырнақ Қызыл қанға, ә, балам, Малыныңқы көрінсе, Таң да, тал түс болғанда,	Қызылменен боятсаң, О да соған көрінсін! Жауда жүрген баламның Астындағы Ақбозат Құйрығы келте көрінсе, Жау қарасын көргенде, Ақ құйрығын сүзген-ді. Қасындағы жолдасы Жау көрмеген жамандар, Жаннан күдер үзген-ді [6]...
---	---

Ер Сайынның басына бір қауіп-қатердің түскенін сездіреді. Батырдың әйелі Аюбике Сайынды іздеп келіп, өліп қалған батырды «аюдың майын» жағып тірілтіп алады. Қаһарманның «өліп тірілу» сюжеті алтайлықтардың «Алтаин – Сайын Салам» атты ертегісінде кездеседі.

Қаһармандық жырларға тән белгілердің бірі – ел қамқоршысы батырдың сұлу жары, әрі ақылшы, көмекшісінің бейнесінің жасалуы болса, аталған жырдан да Аюбике бейнесінен «мінсіз жардың» барлық қасиеттерін табуға болады. Сонымен қатар ол – өлген жанды тірілте алатын қасиетке де ие. Бұл бейнесімен «Қозы Көрпеш – Баян сұлудағы» Баянға, «Ер Қосай» жырындағы Ботақызға т.б. ұқсас [7].

Сайын ауруынан айығып, қалмақтың Еламан, Жоламан атты батырларымен соғысады. Осы кезде Бөкенбай мен Киікбайды ертіп Қобыланды келеді. Киікбай майданда кезігіп қалған әкесін

танымай, байқаусызда найза жұмсайды. Киікбайдың әкесін танымағандықтан, найза сілтеуі, әкесінің баласын тану көрінісі «Дариға қыз» дастаны мен «Рүстем-Сұһрап» т.б. жырларды еске түсіреді. Бұдан кейін үшеуі қосылып жауға шапқаны, қанды майдан айқаста асқан ерлік жасағаны, олардың ақырында қалмақ жауды жеңіп, жеңіске жетуі т.б. әңгіме болады. Осылардың бәрі бас қаһарман есімімен байланысты дамып отырады. Сайын батырдың қанымен келген отаншылдық қасиет оның ұлдары: Киікбай мен Бөкенбайға да қонады.

Ал «Қарабек» эпосына тоқталар болсақ, жырдың экспозициясы Қарабектің дүниеге келмей тұрып, он екі баулы ноғайда жасы алпысқа келген Қәдірхан хан мен Зәуреней атты әйелінің болғанын, қалмақ елінің ханы Қәдірханның байлығын өз қолдарына түсіруді көздегенін, халық қалмақ шабуылының әсерінен қонысынан айрылып жадап-жүдеген жағдайын суреттейтін мотив сипаттамадан басталады. Бір перзенттің жоқтығы Қәдірханның қабырғасын қайыстырады. Сонда әйелі Зәуреней «жас күнімде түс көріп едім» деп, жастықтың салдарынан айтылмағандығын айтады. Мұнда түс еске алу қызметін атқарып тұр. Арада талай жыл өтсе де қартайған ата-ананың басына басқыншылардың қауіп-қатері төнген жағдайда Қәдірхан мен Зәуреней Құдайдан бала тілеп, әулиелерге түнеп, дүние кезеді. Тілектері қабыл болып, Қарабек атты ұл мен Ханбибі атты қыз көреді. Алайда ағалы қарындас өсе келе бір-біріне жау болып, Ханбибі қалмақтың Қабылан атты батыры үшін бауырына опасыздық жасайды. Бұлардың бәрі алдын ала түстері арқылы хабар беріліп отырады. Және ұлы мен қызының түсін анасы сәуегейлікпен алдын ала сезіп, жорып отырады. Анасы жаумен көңіл қосқан өз қызы Ханбибі мен қалмақ батырын өлтіру керек деп жориды. Қарабек оны орындамағандықтан түрлі бәлеге душар болады [8; 465].

Жасы ұлғайған ата-аналардың бала тілеп, дүние кезуі кездей соқ емес. Олардың арман-мақсаты - атадан қалған мал, мүлікке ие болатын, ұрпағын жалғастыратын мұрагер, сондай-ақ ел-жұртына қорған болатын батыр іздеу. Бұдан кейін жырда батырдың, балалық шағы, тәрбиесі, ержеткеннен кейінгі үш соғысын, яғни Қабылан бастаған «қыл жалаулы» қалмақты бес мезгілде қыруы; Ақжан бастаған жаудың тас-талқанын шығаруы; Қодар құл бастаған «тоқсан құлды» жеңуі т.б. баяндалады.

Ал енді «Бөген батыр» жырына тоқталар болсақ, жырдың екінші атауы – «Жанайдың жалғызы». Ел аузында осылай да айтылады. Жинаушысы – Илияс Нұрмағанбетов. Ол 1930 жылдары Алматыдағы педагогика институтының студенті болып жүріп, жырды ел аузынан жазып алып, 1935 жылы Ұлт мәдениетін зерттеу институтына тапсырған. Кімнен жазып алғаны белгісіз. Жырдың қолжазбасы Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы [9]. Шығарма дәптер қағаздарына көк сиямен латын әрпінде жазылған. Бұл жыр 1987 жылы «Батырлар жырының» 3-томында басылды [10; 269-297]. «Бөген батыр» туралы алғашқы пікір М.Ғұмарованың «Бұрын зерттелмеген жырлар» атты зерттеуінде кездеседі [11; 479].

Жырдың экспозициясы Бөген батыр дүниеге келмей тұрып, бұрынғы ноғайлының елінде, Жиренкөлдiң жерінде бiр перзентке зар болған алпыс жастағы Жанай мен әйелiнiң өмiрiн суреттейтiн мотив-сипаттамадан басталады. Жанай Құдайдан бала тілеп, әулиелерге түнеп, дүние кезеді. Дүние кезіп жүргенде түсіне ақсақалды баба кездесіп:

«Балам, неге жылайсың,  
Айтшы маған сөзіңді,  
Білдірші маған жөніңді?»

деп сұрайды.

Сонда Жанай сөйлейді,  
Сөйлегенді бүй дейді:  
«Айналайын, жан ата,  
Менің немді сұрайсың?  
Жас алпысқа келгенше  
Құдай бала бермеген,  
Соңымнан перзент ермеген,  
Көзімнің жасын көрмеген.  
Тал құрығын таянған,  
Таң сәріден оянған  
Мен бір жүрген бейшара...

деп қайғысын айтады.

Ақсақал батасын беріп, ақыры тілегі қабыл болып, кемпірі жүкті болады. Күні толып,  
Омырауы есіктей,  
Балтырлары бесіктей,  
Кеудесінен басы зор,  
Кірпігінен қасы зор

бір ұл туады. Атын Бөген қояды. Болашақ батырдың «ғажайып туу мотиві» “Алпамыс” жырының барлық версияларында, «Мұңлық – Зарлық», «Шора батыр», «Қобыланды батыр», «Едіге батыр», «Қарабек батыр» жырларында, алтайлықтардың «Маадай – Қара», қырғыздың «Манас» жыры, «Монғолдың құпия шежіресі» сияқты эпостық шығармаларда кездеседі.

Бұдан кейін жырда батырдың балалық шағы, тәрбиесі, ержеткеннен кейін Қиғаш тауындағы қалмақ ханы Қалталы Қарайманның Ақборық атты қызын іздеп сапар шегуі; көптеген қиындықты жеңіп, Қарасүймен батырдың зынданында жатқан Ақборықты алып ноғайлының еліне оралулы, той жасауы т.б сөз болады.

Жырда суреттелетін Бөген батырдың атының шабысы – Қобыландының Тайбурылына ұқсайды. Сол сияқты Бөгеннің асық ойнап балаларды жеңіп алуы, оны қойшы Жәнпекейдің жеңуі, атының қашып кетуі «Қосайға», Қалталы Қарайманның қызы Ақборықты іздеуі «Әуезге», Ақборықты қызылбас Қарасүлейменнің алып кетіп, зынданға салып қойғаны “Мұңлық-Зарлық” дастанына ұқсайды.

Түс көру әсіресе пайғамбарлар туралы аңыз-әңгімелерде, діни дастандарда мол кездеседі.

Мысаллы бұл сарын «Ғазауат Сұлтан» дастанында мол көрініс тапқан. Мәселен, дастанның басында Жағыпардың (Сейітбаттал) әкесі Хұсайын шаршап, ұйықтап қалады. Түс көреді. Түсі былай баяндалады:

Түсінде Қызыр аләйһиссалам сүйінші сұрды:  
– Ол, Жағыпар, сенің ұлың болар, – деді.  
Аз қалды, бұ дүнияға ол ұлың келер, – деді,  
Дін мұсылманлары мұнаууар\* қылар – деді.

Хұсайын дүниеге баланың келетінін «түс көру» арқылы біледі. Шығармада сол сияқты ұжымдық түс көру, яғни бір отбасының мүшелері, немесе, басқа да кейіпкерлердің бір мазмұнда түс көруі және бірдей көңіл-күйді бір мезгілде бастан кешуі сәттерінен көрініс беретін тұстары да кездесіп отырады. Соған мысал ретінде мына үзіндіні беруге болады.

Калиб патшаның ұлы түсінде арсылан, наһан балық, аждаһаны көреді. Олар:

– Атана айт, тез мұсылман болсын, – дейді,  
Жоқ десе, мен жұтармын екеуіңізді, – дейді.

Сол сәтте Калиб патша да дәл сол түсті көреді. Түсін уәзірлеріне айтады:

Әлқисса, уәзірлеріне патшаның өзі келді,  
Көрген түсін уәзірлеріне баян қылды.  
Мұны естіп уәзір, бектер қайран қалды,  
– Біз де көрдік бұ түсті, ғажап, – деді.

Бұл жерде түс – хабар жеткізіп, шығармадағы оқиғаның одан әрі дамуына дәнекер болып, сол сияқты кейіпкерлердің көңіл-күйін суреттеуде көркемдік қызмет атқарып тұр.

Түс көру мотиві аталмыш дастанның өн бойында кездесіп отырады. Сейітбаттал сиқыршы Далфруз бес жасында ұрлап кеткен Ескендір атты баласын хақ Пайғамбардың түсінде аян беруі арқылы таныса, баласы Ескендір де әкесін түс арқылы біледі.

Дастандағы мотивтің бірі – жазмыш. Бас кейіпкер Сейітбаттал өзінің дүниеден озатынын алдын-ала түс көру арқылы сезеді. Ол ұйқыда жатқанда Расул Алла Мұхаммед кіріп:

\* Мұнаууар (а) – жарық, жаркыраған деген мағынада.

–Иә, шүкір күшім, сен Малатияға барып мұсылмандарға көмек бер, сені олар күтіп жүр, – дейді. Сонда Сейіт: – Жасым 99-ға келді, ғұмырым жақындады, арманым Мәдине топырағында қалу еді, топырағыңнан неге қудың? – деп ұйқысынан оянады [12]. Сөйтіп, өзі түсін жориды, ажал сағатының жақындағанын сезеді. Ел-жұртымен, туған-туыстарымен қоштасып, насихат сөздерін айтып, дұшпанға қарсы жалғыз аттанады. Батырдың осы сапардан оралмайтынын сезген Мәдине халқы қоштасып, зар жылап қалады. Сейітбаттал жолда дем алып, ұйықтап қалады. Сол кезде кәпірлердің патшасы Қанатустың қызы әскердің келе жатқанын көріп, тобықтай тасқа хат жазып, Сейітке лақтырып жібереді. Жүрегіне келіп түскен тобықтай ақ тас себеп болып, сол жерде Сейітбаттал шаһид болады.

Жұмласы Хақтан жәрдем болып еді,  
Сейіттің бір қылына кәр қылмады.  
Құдайдан тағдыр тамам болып еді,  
Тобықтай тас Сейітке қаза болды, – дейді.

Мұндай түс тағы бір жерде кездеседі. Сейітбатталдың жиені Мұхаммед түсінде Сейітбатталдың «Бізге қонақ бол» деп шақырғанын көреді. Түсін Ескендір жорып, Мұхаммедтің бұл дүниеден көшетінін сезеді. Шығармада марқұм болған адамның түске кіріп, шақыруы кейіпкердің ажал сағатының жақындағаны деп жорылады. Адам тағдырын түс, аян арқылы болжап сезіну – ислам дәстүріне тән құбылыс.

**«Қисса Мұхаммед Расул Алланың дәрул пәниден дәрул бақиға рихлат еткен мәселесі»** атты дастанының өзегін құрайтын «түс көру» мотиві. Дастанда Расул Аллаға ең жақын сегіз адам түс көріп, оны хазірет Пайғамбардың өзіне жорытады. Сегіз түс былайша жорылады:

Бірінші түс Әбубәкір Сыдықтың түсі. Ол: «Үстімде киген жейдем жерге түсті», – дейді. Демек, Әбубәкірдің «жейдем жерге түсті» дегені – досы Мұхаммед пайғамбардың ажал сағатының таяп қалғаны деп жорылады.

Екінші түс көруші – Омар хазірет: «Мәрім жерге түсіп, ғайып болды», – дейді. Мәрімнің сынуы Пайғамбардың қазасының белгісі деп жорылады.

Үшінші түсті Оспан көреді. Ол да Пайғамбарға «Құраным қолымдағы жерге түсті» деп баяндайды. «Құран Кәрімнің жерге құлап түсуі» – Мұхаммед пайғамбардың өлімінің жақындағаны деп жорылады.

Төртінші түсті хазірет Әли көреді. Оның түсінде «Әлидің үстіндегі сауыты өзі шешпей жерге түседі». Әлидің түсі «Бабаңыз бұл дүниеден өтер деп жорылады.

Бесінші түсті Пайғамбардың ең кіші, әрі сүйікті әйелі Айша түсін жорытады. Айша түсін: «Басыма қара шадыр салдырыппын» деп баяндайды. Жұбайының сөзін де, Расул Алла «өлімге» жориды.

Алтыншы түсті Пайғамбардың кенже қызы – Фатима жорытады. Ол: «Киген күртемнің жағасы дал-дал болып жыртылды» деп зар еңіреді.

Жетінші түс көруші Хасен де Пайғамбарға келіп түсін былай деп айтады: «Баста – бөркім, аяқта кебісім жоқ, табаныма тас батып жүр екенмін», – дейді.

Соңғы Хұсайынның түсінде бабасы алтынмен безендірген таққа мініп, көзден ғайып болады. Хазірет Пайғамбар мұны өзінің «дүниеден өтер күнінің келгені» деп жориды да, ел-жұрт, туған-туыстарымен қоштасады.

Мұхаммед пайғамбар өмірмен қоштасар сәтте өзінде «кімнің қарызы бар?» деп сұрайды. Сонда Акаша деген сахаба Пайғамбардың оған бір рет қолы тигенін айтып, орнына Мұхаммедті бір рет қамшысымен ұру үшін рұқсат сұрайды. Жұрттың қарсылығына қарамастан Акаша Пайғамбардың арқасын жалаңаштайды. Осы арада сахаба Мұхаммедтің жауырындағы «мөрді» көріп райдан қайтады.

Түс көру мотиві «Салсал» дастанында былай көрініс тапқан. Бес жолдың айырығына келгенде Әзірет әлі қайсысына түсерін білмей дағдарады.

Батыр Әли құдықтан таһарат алды,  
Астахари намазын оқып алды.  
«Құдайым түсімде не білдірер деп.

Намаз оқып, ер Әли ұйықтап қалды.

Пайғамбар түсінде Әлиге: «Түр! деп айтты,  
Бір Құдайдың құдіретін көр деп айтты.  
Қолыңды бес бөлек қыл, деп айтты,  
Өзің оң жақ шет жолмен жүр» деп айтты.

Әли Алладан бағыт-бағдар алатын түс көрсетуін тілеп, ұйықтап қалады. Оның ұйықтаудағы мақсаты сол. Тілегі қабыл болып, түсіне ХаҚ Пайғамбар еніп, оған жөн сілтейді. Мұндай түс бұл жерде кейіпкердің даралық сипатын танытуға айрықша үлес қосып тұр. Әли мұсылмандардың өзгелерге үлгі боларлық, асқақ батыры, әрі пайғамбардың күйеу баласы, әрі төрт шахариярдың біреуі. Сондықтан, басқа да сипаттары тәрізді, оның түс көру жолы да ерекше болуға тиісті. Мұндай тілек түсін Әлиге телу, осындай талаптың деңгейінен туындаған.

Сонымен, діни эпостардағы түс көру өте мол қолданылатын бірі деуге болады (13; 123).

Көне миф, аңыз-ертегілер, лиро-эпостар, батырлар жырларының қайсысын алмайық, бәрінде де түс көру бар. Алайда, ол бейнелеу құралы емес, сол кезеңге тән мифологиялық ой-сананың сәулесі ретінде қолданылады [14; 26]. Мұны белгілі ғалым, фольклорист Ш.Ыбыраев былай түсіндіреді: "...түс көрудің себебінен жолға шыққан батырдың барған жерінде ешқандай өзгеріс болмаса, яғни түстегі көргені өтірікке шықса, ұзақ жол жүріп, арамгер болған қаһарманды суреттеудің ешқандай да мән-маңызы жоқ. Сондықтан да мұндағы түстің атқаратын қызметі бір бағытта, бір жақты. Оны ойнақшытуға, мағынасын олай да, бұлай да бұрмалауға жол жоқ. Түс міндетті түрде шындыққа айналады" [15; 15].

Жалпы қай батыр болса да, оның әке-шешесі, туыстары түсті көргендеріне үлкен мән береді. Көптеген жырларда жаудан қайтып оралмаған батырлардың ата-анасының жалғыз медет қылатыны - көрген жақсы түсі.

Ал батырдың жау жағы болса, көрген түске кейде мән бермейді. Көрген түсін қалмақ батырына айтқанда, «түс – түлкінің боғы» деп жұбату айтады. Алайда көрген түс шындыққа айналып, жау батыры жеңіледі.

Батырлардың дүниеге келуі де олардың ата-анасына пірлердің түсінде аян берумен байланысты. Тіпті болашақ батырға ат қою, олардың кім болатынын да пірлер айтып береді. Батырлар қиыншылыққа тап болса да, оларға жол сілтейтін де пірлер. Олар көбінде батырдың түсіне кіреді. Мұндай мотивтерді көптеген «Бабалар сөзіне» енген эпостардан, дастан, ертегілерден т.б. кездестіреміз. Себебі қазақ фольклорының барлық жанры аталған жүзтомдықта қамтылған. Жүзтомдық басылымды шетел ғалымдары жоғары бағалаған. Onun içinde Türk bilim adamı Gülsevin G. böyle değerlendirdi: 1Babalar Sözü bu halkımızı asırlarca biriktirdiği manevi mirasını bilimsel açıdan analize ederek ve sistematize ederek, etraflıca açıklamalar vererek, yeni nesillere emanet ettiği oldukça geniş kapsamlı yeni asır projesidir» [16; 11-15].

### **Қорытынды**

Қазақ дәстүрлі қоғамында да түс көруге бей-жай қарамағанын, айрықша ден қойып, мағынасын жорығанын фольклорлық мұраларынан, ырымдар мен жоралардан көруге болады. Түсті әрдайым жақсылыққа жорып, "Түс – балқыған қорғасын", оны жақсылыққа жорысаң – жақсы ниет қабыл болып жақсылыққа айналады, жамандыққа жорысаң – жамандыққа айналуы мүмкін деген ұғым қалыптасқан.

Мақалада халқымыздың бай рухани қазынасында өзіндік орны бар түс көру мен жоруға қатысты көріністер баяндалатын эпостардан үзінділер беріліп, бұл ретте эпостық шығармаларда көрініс тапқан түс көрудің бірнеше түрлері анықталды: Сәуегей түстер (вещие сны) – аян берілетін түстер, діни дастандағы тілек бойынша түс көру, діни дастандағы Пайғамбарлардың түстері; ұжымдық түс – батырлар жырындағы бір отбасы мүшелерінің бәрі бір күнде, бір мазмұнда көретін түстер; жайсыз түс – батырлар жырларындағы жау келерде енетін түстер т.б.

Сол сияқты түстің фольклорлық шығармалардың сюжеті пен композициясын дамытудағы қызметі мен орны ерекше екені тұжырымдалады.

Түс көру, аян беру, оны жору, түс садақасы т.б секілді көптеген салт-дәстүр, ырым-нанымдары ұлттық сөз өнеріміздің баға жетпес ұлттық құндылықтары. Олардың бәрін шағын



мақалада талдап шығу мүмкін емес. Сондықтан ол әлі де терең зерттеуді талап ететін тақырып дегіміз келеді.

Осы мақалада аталып отырған эпостардың түс жору мәтіндері еліміздің Тұңғыш президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты еңбегінің аясында орындалып жатқан «Дала фольклорының антологиясы» атты онтомдық жинақтың түс жоруға арналған томына енеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Дәдебаев Ж. (1992) Түс аяны. Алматы.
2. Бабалар сөзі: (2006) Жүзтомдық. 34-том. Астана: Фолиант.
3. Алпысбаева Қ. (2011) Кейбір эпостық жыр басылымдарының текстологиялық негіздері. Алматы.
4. Бабалар сөзі: (2006) Жүзтомдық. 40-том. Астана: Фолиант.
5. Алпысбаева Қ., Әуесбаева П. (2017) Қолжазба қорларындағы батырлық жырлардың жиналу тарихы. Алматы.
6. Ер Сайын. – Ташкент, 1922.
7. Козы Корпеш – Баян сұлу. Кыз Жибек (2002) Москва.
8. Алпысбаева Қ. (2007) Түсініктеме. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 44-том. Астана: Фолиант.
9. Бөген батыр. 668 (ОҒК). Жинаушысы І.Нұрмағанбетов.
10. Батырлар жыры (1987). Алматы.
11. Қазақ әдебиетінің тарихы. (1960). Алматы.
12. Газауат Сұлтан (1908). Қазан.
13. Әбдуов М. (2006). Қазақтың діни дастаны. Қарағанды.
14. Пірәлиева Г. (2003) Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. Монография. Алматы.
15. Ыбыраев Ш. (1993) Эпос әлемі. Алматы.
16. Gulserin G. (2019) Turk dili kulturinin ortak hazinesi atasozleri // Бабалар сөзі – рухани жаңғырудың кайнар көзі: Халықаралық симпозиумның жинағы (16-17 мамыр). Алматы. 11-15б.

#### Сновидения в эпических сказаниях и некоторые вопросы их толкования

*К.Б. Алпысбаева*

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова, г.Алматы, Казахстан  
alpysbaeva-k@mail.ru

Мотив сновидения широко распространен в мировом фольклоре, особо отметим устную литературу и фольклор восточных народов религиозной исламской тематики, содержащие сочинения о пророке, а также героические сказания. В статье рассматриваются вопросы толкования сновидений в эпосах «Алпамыс батыр», «Орақ–Мамай», «Ер Сайын», «Карабек», «Газауат Султан». Идет речь и о роли мотива сновидений в этих произведениях. Утверждается, что само толкование сна должно интерпретироваться только в русле принятых толкований. Сновидение нельзя трактовать так или иначе по своему усмотрению. Это положение исходит из того, что сны сбывается впоследствии наяву.

**Ключевые слова:** фольклор, эпос, текст, сновидение, снотолкование, оригинал, мотив.

#### Dreams in epic tales and questions of their interpretation

*К.Б. Alpysbaeva*

Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov, Almaty, Kazakhstan  
alpysbaeva-k@mail.ru

The dream motif is widely spread in world folklore, especially oral literature and folklore of Eastern peoples of religious Islamic themes, containing works about the prophet, as well as heroic tales. The article deals with the interpretation of dream studies in the epics "Alpamys Batyr", "ORAK-Mamay", "Er sayyn", "Karabek", "Gazauat Sultan". We are also talking about the role of the dream motif in these works. It is argued that the interpretation of the dream itself should only be interpreted in line with accepted interpretations. The dream cannot be interpreted in any way at your own discretion. This position is based on the fact that dreams come true later in reality.

**Keywords:** folklore, epic, text, dream, dream interpretation, original, motif.

Редакцияға 31.01.2020 түсті.

ГТАХР 17.07.29

## ТОЛҒАУ ЖАНРЫНЫҢ ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАУЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТІ

*Г.Р. Саулембек*

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты және  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан  
gulmira.saulembek@gmail.com

Мақалада толғау жанрының қалыптасып, даму үдерісі қарастырылады. Жазба әдебиеттің толғаудың дамуындағы рөлі мен дәстүрлі жанрлық белгілерінің өзгеруіне қаншалықты деңгейде ықпал еткендігі зерделенеді. Бүгінгі музыка өнері мен сандық технологияның толғау жанрының дамуына қосқан үлесі сараланып және толғаудың түрлену сипаты туралы ғылыми дәйектер ұсынылады. Жанрды құраушы элементтердің жаңарып отыруына қарамастан, оның біршама типтік формалық белгілерінің, мазмұндық сипатының сақталу ерекшеліктері сараланады. Толғаудың адресатқа бағытталатын әлеуметтік, дидактикалық қызметінің сабақтастығы зерделенеді.

*Түйін сөздер:* толғау, әдеби үдеріс, поэзия, жанрлық өзгеріс, әлеуметтік қызмет.

Ұлт бойындағы жалпыадамзаттық һәм ұлттық қасиеттердің сақталуына «асыл сөздің» әсері ұшан-теңіз және ол - ауыз әдебиетінен басталып үздіксіз жүріп келе жатқан үдеріс. Осыған қоса, ежелгі әдеби мұраларымыз бен еншісін алып, ел болғалы қазақ топырағынан шыққан жырауларымыздың шығармаларында да, тақырыптық һәм мазмұндық қана емес, жанрлық үндестік бар. Ал әдебиеттанушы М.М. Бахтин: «Известно, что жанр представитель творческой памяти в процессе литературного развития. Именно поэтому жанр способен обеспечить единство и непрерывность этого развития. Вот почему для правильного понимания жанра необходимо подняться к его истокам» [1; 121], – деп, жанр табиғатын айқынырақ түсіну үшін оның тамырына терен бойлау керектігіне мән береді.

Жанр үнемі дамып, жаңару үстінде болады және ол әдебиеттің даму үдерісінде халықтың шығармашылық жадының жаңғырып, үздіксіз жалғасып отыруына дәнекер екендігі анық. Осы тұста әдебиеттің дамып, нақтылы шығармашылық тұлғаға телінуіне байланысты халықтың ауыз әдебиеті жанры үлгілерінің авторлық туынды ретінде ары қарай дамып, жалғасын табуын айтуға болады. Осындай жанрлардың бірі – ежелден халықтың әлеуметтік жүгін арқалаған, елдің ұлттық болмысының күзетшісі, ұлттық рухтың атойшысы болған толғау жанры еді. Зерттеуші Ә.Дербісәлин оның түп-төркінін батырлар жырынан іздейді [2; 102]. Ол эпостың ұсақ жанрлардан құралатыны жөніндегі болжамды жоққа шығармаса да, батырлар жырының ұзақ монолог тәрізді толғаулардың тууына себепші болғандығы жөніндегі болжамдарын дәлелдеуге тырысады. Ғалым бұл сабақтастықты табиғи әрі көркемдік заңдылық ретінде: «Бұл толғаулардың арасындағы туыстық өз алдына. Бұның бірі жыраулық форманың ауыз әдебиетінен алғашқы бөліну тұсын білдірсе, екіншісі – бірнеше ғасыр бойы дами отырып, өзінің биік белесіне көтерілгенінің белгісі. Осы тәрізді көріністердің қайсысы да сөз болып отырған кезең поэзияның бір көркемдік арнада өмір сүргенінің, сонымен қатар іштей өзара тұтастық, жалғастық, жүйелілік пен дамығандығының дәлелі» [2; 47], – деп бағалайды. Бұл өнердің көркемдік құнарын келешек ұрпаққа жеткізе білген халық шығармашылығының өміршеңдігін білдіреді. Зерттеуші Б.Ш.Абылкасымов толғауды авторлы ауыз әдебиетіне жатқызады. Толғауға жасаған арнайы зерттеулерінің нәтижесінде: «Толғау – это устное индивидуальное стихотворное произведение, слагаемое в семи-восьмисложном размере (с определенными отклонениями), имеющее тирадное строение, назидательно-дидактическое и героико-патриотические мотивы, речитацию» [3; 106], – дейді. Автор толғаудың генезисіне тоқтала отырып, оның термелер және айтыстармен туыстығына мән береді де, бұл аталған жанрлардың барлығына ортақ типтік белгі ретінде олардың авторының болып және ауызша таралатынын айтады. Екі ғалымның зерттеулерінің тоғысатын тұсы, ортақ тұжырым

ол – толғаудың фольклордан еншісін алған, тирада түрінде еркін ұйқасатын, 7-8 буынды, мақаммен айтылатын, жазба әдебиетке жатпайтын аралық жанр екендігі.

Сонымен қатар, толғауды монографиялық деңгейде егжей-тегжейлі зерттеген Б.Абылқасымовтың «Жанр толғау в казахской устной поэзии» еңбегінде жазба әдебиеті тұсында «толғау» атымен берілген шығармаларды бұл санатқа жатқызуға болмайтынын жеткізеді. Автор толғауларға жазба әдебиетінің ықпалы зор болғандықтан толғау жанрының сипатынан ауытқып кеткендігін айтады. Сондай-ақ, толғаудың жанр ретіндегі формулалары – яғни құрылымдық, стильдік ерекшеліктерін барынша ыждағаттылықпен дәлелдейді. Ғалымның толғауды танытуға жасаған үлкен еңбегі сөзсіз әдебиеттану үшін құнды. Дегенмен жанрдың әлі күнге дамуы жалғасуын ескере отырып, толғаудың әлі де зерттеуді қажет ететін, қазіргі таңда назардан тыс қалып отырған тұстарын қарастыруды жөн көрдік. Осы орайда әдеби жанрлар теориясы тақырыбында келелі еңбек етіп келе жатқан ғалым Н.Д.Тамарченконың: ««Внежанровых» произведений не бывает... Конечно в литературе Нового времени нередко встречаются такие произведения, в которых совмещены разные жанровые структуры, образующие художественное целое иного типа, чем они сами. Наиболее яркий пример подобного включения различных жанров в состав произведения нового типа – роман. Не под его ли воздействием возникают и другие образцы такого рода «смещений» или гетерогенных сочетаний в рамках нового целого, особенно в XIX-XX вв.? Однако роман все же остается романом, он не становится каким-то неопределенным «внежанровым» образованием» [4; 3], – деген пікіріне сүйенетін болсақ, жанр қанша өзгеріске түссе де, негізгі тінін сақтап қалатындығы туралы пікірлері біздің ұсынғалы отырған тұжырымымызды қуаттай түседі.

Жоғарыдағы зерттеулерден толғаудың ірілі-ұсақты жанрлардың тоғысуы мен өзгеріске ұшырауы үдерісі нәтижесінде пайда болғанын байқауға болады. Яғни жанрлар өмір сүруін тоқтатпайды, тек келесі бір жанр үлгісінде тыңдарманына жол тартады. Бұл - үздіксіз жүретін құбылыс. Олай болса, толғау жанры ауызша авторлық әдебиетпен бірге өлген жоқ. Фольклордан еншісін алған, бірақ әдебиет санатына қосыла қоймаған, авторлық ауыз әдебиеті жанрына жатқызылатын, іргелес жанрлар айтыс, терме сынды толғау да әлі күнге дамуын жалғастыруда. Тек кейбір қасиеті кеміп, кейбір қасиеті артып өмір сүруде. Бір қызығы жоғарыдағы мысалдарда өзгеріске түскен сайын жанрдың атауы ауысса, мұнда жанрдың атауы өзгерістерге қарамастан бірге жасасып келеді. Олай деуімізге себеп, ұлттың әлеуметтік жағдайының шиеленіскен тұсында толғау жанрының қайта түлеп отыруында.

Аристотель заманынан бері қарай зертеу нысаны болып келе жатқан жанрды пайымдау, теориялық тұрғыдан зерделеу мәселесі әлі күнге күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселе. Осыған қарамастан әлі күнге табиғаты толыққанды ашылмаған категория. Мұның себебі жанрдың тарихи тұрғыдан жылжымалы, өзгермелілігінде. Осы пайымға сүйеніп, толғауды жанрлық тұрғыдан қарастыруда белгілі қалыпқа салып, жүйелеу мақсатын ғана көздемейміз. Бұл түрлі тарихи кезеңдегі әдебиеттің даму үдерісін, соның ішінде жекелеген толғау сынды әдеби құбылыстардың мәнін бағамдау үшін де қажет. Сол себепті де толғауды жанрлық тұрғыдан зерттеу тәжірибесі өзін осы тұрғыдан ақтайтын амал-тәсіл. Белгілі бір шығармаларды ортақ белгілері арқылы топтастыру әдебиет тарихында ежелден бар болғанымен, жанрды құраушы сипаттары жылжымалы болып келеді. Жанрдың құрылымдық, тақырыптық сипаты және атқаратын қызметі үнемі өзгеріп отырады. Яғни толғаудың жазбаша туып, импровизациялық сипатының аздап әлсіреуіне қарамастан, бүгінгі поэзияда толғау дамуын тоқтатқан жоқ. Оның тарихи қалыптасқан типтік белгілерінің жалғасын тауып отыруын басты дәйек ретінде ұсына аламыз. Сонымен қатар бұл жанрдың өміршеңдігінің түпкі себебі, қызметінің қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталуында деп білеміз. Жанрдың қайта жаңғыруы мен түрлі өзгеріске түсуі туралы сөз қозғаған ғалым Е.Анисимованың: «Представляется, что разработка Жуковским русской баллады являлась, по существу, не отказом от написания национальной поэмы, которую в это время ожидали от поэта, а оригинальным художественным решением этой литературной задачи. Баллада как нельзя лучше отвечала запросу эпохи – описанию и осмыслению национальной истории в определенном ракурсе. Жанровый архетип баллады в историческом контексте» [5; 157], – деген пікіріне ден қойсақ, ғалым белгілі жанрдың өмір сүруінің өзі қоғамдағы белгілі бір қажеттіліктен туындайтынына баса назар аударады. Осы себептен де біз толғаудың қайта күш алуына қоғамдағы әлеуметтік мәселелердің ушығуы елеулі әсерін тигізеді деген болжам айтқымыз келеді. Жоғарыда аталған еңбекте айқындалған толғаудың құрылымдық, стильдік тәсілдері мен лексика-семантикалық

ерекшеліктерінің, жанрдың өзіне тән формулаларының дәл қазіргі тұстағы толғауларда көрініс беруі де осыған дәлел бола алады.

Б.Ш.Әбілқасымов толғаудың құрылымы тек 7-8 буынмен шектелмейтінін және оның көне түрлерінде буын саны өзгеріп отырғандығын айтады. Мұны толғаудың көне түріне тән формула ретінде қарастырады. Мұны ғалымның: «Чем же объясняется это явление? Во первых, постепенным наращиванием новых содержательных качеств в жанре; во вторых, специализацией устных поэтов одновременно в нескольких жанрах, что вело к взаимовлиянию различных жанровых форм (толғау, арнау, терме и других); В третьих, могучим воздействием письменной культуры» [3; 46], – деген тұжырымынан байқаймыз. Дегенмен ғалымның жасаған статистикалық зерттеулеріне сүйенсек, толғаудың 70-90 пайызы 7-8 буынды болып келген. Біздіңше, ертедегі айтыс, терме сынды импровизациялық жолмен тыңдарманына жол тартатын толғаудың қалыпқа бағынбауы, әуеннің ырғағына сәйкес құбылуы заңдылық. Ал оның көбінесе 7-8 буынды қалыпта жеткізілуі, жоғарыда айтылған себептен де маңыздырақ секілді. Әлеуметтік мәні зор мәселелерді қозғайтын жауынгер жанрдың ақынды толқытқан күйге тыңдарманын ортақтастыру басты мақсат. А.Байтұрсынұлынша: «Толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін, мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды. Екінші ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді сыртқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіру мақсатпен толғайды. Толғау қысқасын айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай білуде» [6; 261]. Яғни оның тиімді тәсілі анық, нық айтылатын, қысқа қайырылатын 7-8 буын болмақ. Өткір әлеуметтік-дидактикалық сарынына қоса, көркем ой 7-8 буынмен ықшам, ой екпінін жеткізуге ыңғайлы тирадалармен айтылуы, сонымен қатар әуенмен айтылып, аспаппен сүйемелденуі де адресатқа оңтайлы жеткізуге бағытталған. Бұл қасиеттердің әлі күнге дейін толғаудың бойынан табылуы аталмыш жанрдың Асанқайғы заманынан осы күнге дейін көркемдік хәм әлеуметтік миссиясын атқарып, дамуын жалғастырып келе жатқандығының белгісі. А.Байтұрсынұлы ауызша әдебиетті жүйелегенде де, жазба әдебиетті жүйелегенде де «толғау» атауына тоқталуы жанр сабақтастығын меңзегені болар.

Біз өз кезегімізде бұл дәстүрдің қазіргі қазақ поэзиясында әлі де жалғасын тауып жатқандығын, толғау жанрының ғалым анықтаған әлеуметтік желілерінің және түр мен мазмұн ұқсастығын да бүгінгі поэзиядан кездестіре алатынымызды Исраил Сапарбай, Серік Құсанбаев, Аспанбек Шұғатаев т.б. ақындар шығармашылығы дәлелдей түседі.

Жоғарыда толғау жанрының көркемдік дәстүр, стиль, форма бірлігіне қоса, аспаппен сүйемелденуі де маңызға ие екендігін айтқан болатынбыз. Мысалы, Исраил Сапарбайдың алғашқыда «Кертолғау» аталып, кейін келе «Серілер» тобының орындауында эстрадалық әуенге қосылып айтылып, «Қазақтың қара баласы» деп өзгертілген толғауында көнеден мұра болып қалған дидактикалық сарын да, шешендік нақыл да кездесіп отырады. Ақын толғаулары образдылыққа, бейнелі сөздерге, фразеологизмдер мен нақыл сөздерге бай.

Еңісте жүрген ел болмас,  
Етектен кесіп жең болмас.  
Еншілеп алған ауруға  
Екі дүниеде ем қонбас, – деп

бастапқы екі тармақтан тұратын ежелден келе жатқан нақыл сөзді өзінше «Еншілеп алған ауруға, Екі дүниеде ем қонбас» деп жалғастырады. Осы секілді терең мазмұнды, ешқашан мәнін жоймайтын көркем сөзді түйдек-түйдегімен ағытады:

Ананың сүтін арда емген  
Атадан бала кем болмас.  
Тебініп атқа мінсе де,  
Тектіге тентек тең болмас.  
Қазанға түспей ас болмас,  
Қарекет қылған аш қалмас.

Бұл – көркемдікке қоса шешендіктің, терең ойлылықтың белгісі. Сөз құдіретін меңгерген ақын «аузыңмен орақ орасың, тіліңмен оны баулайсың» сынды фразеологиялық ұтымды тіркестер мен қоса, метафора, эпитет, теңеулерден де кенде емес. 7-8 буынды тармақтар араласып келіп,

түйдектеле толғанатын тирадалар сыртқы формалық жағынан да ежелгі толғауларға өте жақын келеді. Әсіресе, И.Сапарбай толғауының Доспамбет жыраудың толғауларымен ерекше үндестігін байқауға болады. Доспамбет Жыраудың «Қоғалы көлдер, қом сулар» немесе «Айналайын Ақ Жайық» аталатын екі толғауының пішіндік құрылымын ақын «Кертолғауында» өте жақын қайталайды.

*Исраил Сапарбай:*

Е<sup>1</sup>/ііс<sup>2</sup>/ге<sup>3</sup> жүр<sup>4</sup>/ген<sup>5</sup> ел<sup>6</sup> бол<sup>7</sup>/мас<sup>8</sup>,  
Е<sup>1</sup>/тек<sup>2</sup>/ген<sup>3</sup> ке<sup>4</sup>/сіп<sup>5</sup> жең<sup>6</sup> бол<sup>7</sup>/мас<sup>8</sup>.  
Ен<sup>1</sup>/ші<sup>2</sup>/леп<sup>3</sup> ал<sup>4</sup>/ған<sup>5</sup> ау<sup>6</sup>/ру<sup>7</sup>/ға<sup>8</sup>,  
Е<sup>1</sup>/кі<sup>2</sup> дү<sup>3</sup>/ние<sup>4</sup>/де<sup>5</sup> ем<sup>6</sup> кон<sup>7</sup>/бас<sup>8</sup> [7; 304].

*Доспамбет Жырау:*

Қо<sup>1</sup>/ға<sup>2</sup>/лы<sup>3</sup> көл<sup>4</sup>/дер<sup>5</sup>, қом<sup>6</sup> су<sup>7</sup>/лар<sup>8</sup>  
Қо<sup>1</sup>/ныс<sup>2</sup>/тар<sup>3</sup> кон<sup>4</sup>/ған<sup>5</sup> ө<sup>6</sup>/кін<sup>7</sup>/бес<sup>8</sup>.  
А<sup>1</sup>/рыс<sup>2</sup>/тан<sup>3</sup>/дай<sup>4</sup> е<sup>5</sup>/кі<sup>6</sup> бұ<sup>7</sup>/тын<sup>8</sup> ал<sup>9</sup>/шай<sup>10</sup>/тып<sup>11</sup>,  
Ар<sup>1</sup>/ғы<sup>2</sup>/мақ<sup>3</sup> мін<sup>4</sup>/ген<sup>5</sup> ө<sup>6</sup>/кін<sup>7</sup>/бес<sup>8</sup>.  
Кі<sup>1</sup>/лең<sup>2</sup> бұз<sup>3</sup>/дай<sup>4</sup> кіл<sup>5</sup>/шей<sup>6</sup>/тіп<sup>7</sup>,  
Кө<sup>1</sup>/бе<sup>2</sup>/лер<sup>3</sup> ки<sup>4</sup>/ген<sup>5</sup> ө<sup>6</sup>/кін<sup>7</sup>/бес<sup>8</sup>.  
Жұ<sup>1</sup>/па<sup>2</sup>/рын<sup>3</sup> қар<sup>4</sup>/дай<sup>5</sup> бо<sup>6</sup>/ра<sup>7</sup>/тып<sup>8</sup>  
А<sup>1</sup>/ру<sup>2</sup>/лар<sup>3</sup> құш<sup>4</sup>/қан<sup>5</sup> ө<sup>6</sup>/кін<sup>7</sup>/бес<sup>8</sup> [8; 31].

Жоғарыда мысалға келтірілген екі заманның сөз зергерлерінің толғауларын салыстыра сөз етсек, Доспамбет Жыраудың «Қоғалы көлдер, қом сулар» толғауындағы болымсыз егістікке есімшені жалғай отырып сөз саптайтын, сондай-ақ жыр-толғау мақамын шалыс ұйқасы басым аралас ұйқасқа негіздейтін өлең формасын Исраил ақынның да қолданғанын көре аламыз. Арада төрт ғасырдан астам уақыттың өткеніне, сондай-ақ поэзияда ақындық дәстүр орныққанына қарамастан, жыраулар поэзиясының сілемдерін әлі де байқауға болады

Доспамбет толғауларының өрлігі оның өлең формасынан да аңғарылып тұрады. Мысалы:

Айналайын Ақ Жайық,  
Ат салмай өтер күн қайда?  
Еңісі биік боз орда,  
Еңеке кірер күн қайда,  
Қара бұлан терісін  
Етік қылар күн қайда [8; 33],

– деп жырласа, осындай өршіл рух Исраил ақынның «Кертолғауында» да жалғасын тауып:

Еңіреп туған ел үшін,  
Едіге сынды ер қайда?  
Еңісте малы мыңғырған,  
Ежелгі қоныс жер қайда?  
Еншісі бөлек ер ұлан,  
Еңсесі биік ел қайда? [7; 305] – деп жырланады.

Дегенмен сұраулы сөйлем формасындағы екі толғауда сыртқы ұқсастықпен қатар, айырмашылық та жоқ емес. Доспамбет жырау егеулі найза қолға алып, еңку-еңку жер шалған қазақтың бейбіт күнін аңсап, сол аңсар жырға арқау болса, Исраил ақынның «қайдасының» астарынан өзекті өртеген өкініш табын байқайсыз. Сарыөзекке төгілген қалдықтар, Семей полигоны ісінде бас көтерер мұраттас азаматтар табылмағанда «Едіге сынды ер қайда?!» деп ашынады. Бұл толғаныс қайраткер ақынның көсемсөздерінде: «Ал енді айтыңызшы: кешегі қазақ пен бүгінгі қазақтың арасында қай тұстан қарасаңыз да қандай өзгешелікті көрдіңіз? Айырмашылық бар ма? Қанша дегенмен, аралықта ең кемінде бір жарым ғасырдың сұлбасы жатыр... Айнақатесіз ақиқат – Абай екі жаққа да ортақ, бірдей, тіпті, тарих Таразбаны десек жарасар!..

Өткен күннен сабақ алу да, өткен-кеткеннің тағдыр-тәлейінен тәлім алу да, тіпті, күні кешегі Алаш боздақтарының арман-мүддесін алға ұстану да білген кісіге - өмірлік мектеп, өміршең өнеге. Ал аманат жөні бір басқа. Ол – жұмыр басқа жүк, пайымдыға парыз, қарайғанға қарыз. Замана жүгін арқаға салып, қазақ деген қамсыздау халықтың ертеңгі қам-қарекетін ерте ойлаған һәм ерте кеткен

сол мыңболғырлардың, бүгінгі пайыммен салмақтасақ, әрқайсысы бір-бір Толағай тектес тұлғалар екен-ау! Омыраулы өкпек кезеңнің қоңыраулы көші көкжиек асып кетті десек те, сананы сағат сайын түртіп оятатын жаңғырық жарғақ құлағымыздың кей-кейде құлқын сәріден құршын қандыратыны бар» [9], – деп жалғасын тапқан. Ақын туған жердің қасіретін ғана емес, оның осы күйге түсуіне себеп болған халықтың бейқам, аңғал да даңғаза тіршілігіне күйінеді. Бітпейтін даудың соңында жүріп, ағайыннан есе түгендеп жүргенде, жерімізге жатжұрттың ие болып жатқанын айтып елдің рухын оятуға тырысады. Жалпы мұндай өлең формасының қайталану құбылысы тек осы екі жырауға ғана тән емес, оны ежелгі һәм қазіргі толғаулардан да кездестіруге болады.

*Асанқайғы (IV ғасыр):*

Бұл заманда не ғаріп?  
Ақ қалалы боз ғаріп,  
Жақсыларға айтпаған  
Асыл шырын сөз ғаріп.  
...Ата жұрты бұхара  
Өзқолында болмаса,  
Қанша жақсы болса да,  
Қайратты туған ер ғаріп [ 8; 25].

*Торайғыр Едігеұлы (XVIII-XIX ғасырлар)*

Бұл заманда не ғаріп?  
Қадірін біліп ұқпаса,  
Дүррі гауһар сөз ғаріп.  
Замандасы болмаса,  
Қария болар тез ғаріп.  
Ел жағалай қонбаса,  
Бетегелі бел ғаріп.  
Қаз, үйрегі болмаса,  
Айдын шалқар көл ғаріп.  
Әділ биі болмаса,  
Бірлігі кетіп ел ғаріп.  
Қадірін елі білмесе,  
Қайратты туған ер ғаріп [10; 269-270].

*Аспанбек Шұғатаев (XXI ғасыр):*

Бұл заманда не ғаріп  
Төресі семіз, елі арық.  
Шектен шыққан шенеунік,  
Шекпен киіп шен алып,  
Швейцарияда демалып.  
Атасының малындай,  
Қазынадан жеп алып.  
Креслоны басып жамбасқа,  
Ұйықтап отыр тері ағып.  
Қара жерді кескілеп,  
Қара қытай жер алып.  
Сүйегін қазып атамның,  
Кеміріп жатыр кен алып.  
Астанам жайнап тұрғанмен,  
Ауылымызды сел алып [11].

Осы үш кезеңнің шығармашыл тұлғаларының қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді сезінудегі, тыңдарманға жеткізудегі формалық ұқсастықтар жоғарыдағы келтірген мысалдарымызды қуаттай

түседі. Ішкі тебіренісін «Бұл заманда не ғаріп?» деп, риторикалық сұрақпен бастап, оған жауап бере отырып жырлауы - ақын-жыраулардың үшеуіне де ортақ ұқсастық. Зерттеуші Б.Ш. Әбілқасымов мұндай ұқсастықтарды қазақтың арғы-бергі ақын-жырауларының және түркі халықтарының – құмық, ноғайдың «ойлу йырлары», қырғыздың «санат насыят ырлары», башқұрттың қобайыр т.б. сияқты толғау жанрына жақын жырларды салыстыра отырып, ортақ фразеологиялық тіркестердің, жекелеген типтік сөздер мен тіркестердің, сондай-ақ тармақ, шумақтардың кездесетіндігін нақты мысалдармен көрсетеді. Мұндағы толғаулардағы қайталану үдерісін стильдік тәсіл, жанрдың табиғатын ашатын формула ретінде қарастырады. Ғалымның зерттеулерінің нәтижесін тірек етіп алар болсақ, бұл үдерістің әлі күнге жүріп жатқандығын байқаймыз. Асанқайғы мен Торайғыр Едігеұлына телінген «Бұл заманда не ғаріп?» толғауының құрылымынан өте жақын ұқсастықтарды, тіпті «Ел жағалай қонбаса, Бетегелі бел ғаріп. Қаз, үйрегі болмаса, Айдын шалқар көл ғаріп» сынды тұтастай тармақтардың қайталанып берілуін байқауға болады. Заманының көкейтесті мәселелерін жырлауда алғашқы екі толғаудағы философиялық ой-тұжырымның байсалдылығын, тереңдігін аңғарамыз. Ал Аспанбек Шұғатаев толғауы ұлттық құндылықтарымыз саналатын ана тіліміз, асыл дініміз, діліміздің жоғалып, құнының құлдырап бара жатқанын жырлап қана қоймай, оған себепші болып отырған шенді-шекпенді мен әлеуметті сынаған өткірлігімен ерекшеленеді. Сондай-ақ мұнда ақын толғаудың жаман мен жақсыны қатар алып салыстыра жырлау дәстүрін ұтымды пайдаланған. Мысалы:

Қалаға кеткен қазақтың,  
Ар-намысы тоналып.  
Ата дін, ана тіл өлді,  
Атан түйенің қомы ауып.  
Бір қазаққа-бір қазақ,  
Жүгіріп жүр оқ алып.  
Сырын бермейтін жігіттер,  
Сырға тағуды мода ғып.  
Гей клубта жүр біразы,  
Орамалын оранып.  
Қыздарым кетті шетелге,  
Жат күйеу балаң төр алып.  
Болашағымыз бұлыңғыр,  
Көрешегіміз көр анық.  
Бір күні Жердің бетінен,  
Кетпесек болды жоғалып...[11] – деп,

айналасындағы өмір шындығын айна-қатесіз сипаттап, көңіл түкпіріндегі қаупін де таусыла жыр етіп ақтарады. Аспанбек ақынның толғауларының сұрауға негізделіп басталуынан өзге, ежелгі толғаулардың сілемімен әрбір шумақтың басында «Долы да, долы, долы күн!», «Құмай да, құмай, құмай күн!» немесе «Қарағанды деп жылаймын», «Өскенмен деп жылаймын», т.б. сынды дыбыстық қайталау, сөз қайталаулардың болуын байқаймыз. Осыған қоса ежелгі толғаулардағы секілді түйдектеліп айтылып, белгілі ретпен қайталанатын ұйқастармен емес, тирада ретінде берілуі көне жанрдың қоламтасын үрлеп, қайта тірілту жолындағы ізденісі деп білеміз.

Өлең сөздің теориясын тереңдей зерттеген ғалым Зәки Ахметов толғауға: «Толғау» шындап келгенде ән емес, бірақ әуенмен айтуға лайықталып шығарылған халықтық лириканың бір түрі, <...> өлеңдердің тирада-тирада боп бөлінуі әсіресе толғауға тән...» [12; 254], – деп анықтама береді. Осы орайда толғаудың әнмен емес әуенмен айтуға лайықталу ерекшелігінің эволюциясын, өзгеріске ұшырауын И.Сапарбайдың «Қазақтың қара баласы» толғауы мен А.Шұғатаевтың «Долы да, долы, долы күн!» атты толғауларынан көреміз. И.Сапарбайдың «Қазақтың қара баласы» толғауының эстрадамен сүйемелденіп, полифониялық рухты әуенмен берілуі толғаудың әсер-қуатын еселей түскендей. Толғаудың сахналық қырының дамуы, виртуалды кеңістік арқылы немесе теледидар арқылы таралуы – тыңдарманды «іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебіне» ортақ етуге, тыңдарманмен байланысын арттыра түсуге, адресаттың көңіліне ой салуға заманауи технологияны тиімді пайдалануымен ерекшеленетін даму сатысы.

А.Шұғатаевтың ютуб каналында (<https://www.youtube.com/watch?v=HaVCIVCgZAA> 2019 ж.) өз дауысымен оқып берген «Долы да, долы, долы күн!» толғауына әуеннің және бейне

суреттердің фон ретінде алынуы да толғаудың жанр ретінде дамуындағы жаңа тәсіл. Жаңа заманның жетістіктері арқылы ақын жанын тебіrentкен қоғамның асқынған дерті мен әлеуметтің жағдайы толғаудың тың формасымен тыңдарманына һәм көрерменіне жол тартты.

Құмай да, құмай, құмай күн!

Құлдилап төмен құлаймын.  
Күйбеңмен өткен күндерге,  
Күлкімді беріп мұңайдым.  
Жартыкеш тілім зарланған,  
Обалын кімнен сұраймын.  
Дінімнің діні шайқалған,  
Дәріс ап жүрміз шайтаннан,  
Құдайға қайтіп ұнаймын?!  
Шашылған елдің тарыдай,  
Шаңырағын қайтіп құраймын?!  
Кетігі кеткен дүниенің,  
Тетігін қалай бұраймын?!  
Адасып бара жатырмыз,  
Аманында күн-айдың.  
Ері намысын таптаған,  
Елі арысын жоқтаған  
Қызтекелері қаптаған,  
Аруы ардан аттаған,  
Не заман болды ақтабан?  
Арылар ма екен бұ қайғым?  
Көкбайрағымды құшақтап,  
Қазақтығым деп жылаймын.  
Азаттығым деп жылаймын [13] !!! –

деп толғаған ақын жыры түйдек-түйдегімен ағытылады.

Толғаулар өмір құбылысы жайлы ой-тұжырымдары десек, оның да автордың ішкі психологиялық күйіне байланысты түрлі көңіл-күйде берілуі - ежелден келе жатқан жанрлық ерекшелік. Мысалы, Доспамбеттің толғауларында:

Толғамалы балта қолға алып,  
Қол бастадым өкінбен.  
Тобыршыға биік жай салып,  
Дұспан аттым өкінбен, –

деп өршіл рухты өлең жолдарымен толғаса, Аспанбек ақын толғаулары ұлттық болмыстың жоғалып бара жатқандығын әлдебір уайыммен, күйрек, нәзік сезімдермен толғайды.

Не заман болды ақтабан?  
Арылар ма екен бұ қайғым?  
Көкбайрағымды құшақтап,  
Қазақтығым деп жылаймын.  
Азаттығым деп жылаймын!!! («Долы да, долы, долы күн!» толғауынан)

Немесе:

Болашағымыз бұлыңғыр,  
Көрешегіміз көр анық.  
Бір күні Жердің бетінен,  
Кетпесек болды жоғалып... («Бұл заманда не ғаріп!» толғауынан )

Біз жоғарыда жанрдың даму үдерісі жайлы айтқанда оның қасиеттерінің жылжымалылығын сөз еткен болатынбыз. Осы тұжырымды толғауға қатысты айтар болсақ, оның ежелден келе жатқан етене қасиеті – синкреттілігі аясында жаңғырған өнер түрлерімен байланыса отырып дамуында жылжымалылықты байқаймыз. Бірақ сыртқы пішіндік жетілу оның мазмұндық тарапына айтарлықтай өзгеріс әкелмеген. Жекелеген жанрлар туралы Т.С. Степичеваның: «Каждый жанр по-своему отражает некую концепцию мира. Однако целостную модель действительности во всей её многогранности ни один отдельно взятый жанр не отражает, а лишь фиксирует некоторые её



стороны» [14; 45], – деген тұжырымын ескерсек, толғаудың қоғам алдындағы бастапқы жанрлық қызметі аса өзгеріске ұшырай қоймаған. Яғни толғау жанр ретінде өзгерістерге ұшырап, жетілгенімен қоғамның көркем бейнесін жасаудағы өзіндік шарттары өзгеріссіз қалған.

Әдебиет зерттеушісі Н.Келімбетов бұл сабақтастықты табиғи әрі көркемдік заңдылық ретінде: «... ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда өмір сүрген қазақ жыраулары поэзиясындағы әлеуметтік және дидактикалық сарындардың түп-төркіні ежелгі түркі әдебиетінде жатқанын аңғару қиын емес. Ежелгі түркі поэзиясы мен қазақ жырауларының дидактикалық сарындағы толғаулары арасындағы дәстүр, стиль, форма бірлігі ерекше назар аударарды» [15; 251], – деп бағалайды. Біз өз кезегімізде, қазақ жыраулары поэзиясының басты ұстанымы болған азаматтық позиция И.Сапарбай, А.Шұғатаев толғауларында принциптік әрі көркемдік тәсіл жағынан, сонымен қатар түр мен мазмұндық жағынан көрініс беретіндігін айта аламыз.

Қорытындылай келе айтарымыз, толғау жанры сыртқы пішіні мен ішкі мазмұны, пәлсапалық, танымдық, бағалаушылық, бастысы әлеуметтік қызметінің тұрақтылығымен қоса, заманның, әдебиеттің даму талаптарына сәйкес едәуір өзгерістерге ұшыраған. Белгілі әуенмен, жырмен жырланатыны және көнеден келе жатқан музыкалық аспап домбырамен, қобызбен сүйемелденіп айтылуы сақталған, осыған қоса заманауи эстрадалық аспаптармен сүйемелденіп айтылуы жанр дамуындағы жаңашылдық дей аламыз. Жазба әдебиеттің ықпалын сөзсіз мойындағанымызбен, кей толғаулардың әлі де импровизациялық жолмен туатынын ескере келе, толғауды әлі де жазба әдебиет жанрына толықтай қосыла қоймаған аралық жанр деп есептейміз. Сонымен қоса, толғау әлі күнге синкреттілігін жоғалтпаған және даму үстіндегі жанр дегіміз келеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бахтин М.М. (1970) Проблемы поэтики Достоевского/ Собрание сочинении в семи томах. Т. 6. – М.: «Советский писатель». – 505 с.
2. Дербісәлин Ә. (1990) Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы: Ғылым. –296 б.
3. Абылкасымов Б.Ш. (1984) Жанр толғау в казахской устной поэзии. Алма-Ата: Наука. – 120 с.
4. Теория литературных жанров //под. ред. Н.Д.Тамарченко (2011) Москва: Академия. – 256 с.
5. Анисимова Е.Е. (2018) «То знакомый голос был...» жанровый архетип баллады в историческом контексте: самозванчество // Вестник Томского государственного университета. Филология. № 53 С. 143-163
6. Байтұрсынұлы А. (2013) Алты томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Ел-шежіре». Т.1: – 384 б.
7. Сапарбай И. (2012) Рухнама. Алматы: «Қазығұрт». Т. 3. Жыр жинағы. – 512 б.
8. Бес ғасырлар жырлайды. 2 томдық./ Құрастыр. М.Мағауин, М.Байділдаев (1989) Алматы: Жазушы. –Т.1. - 384 б.
9. Сапарбай И. (2018) Рух мейманасы. <http://ult.kz/post/israil-saparbay-ruk-meymanasy> 06.04.2018
10. Қазақ би-шешендерінің дүниетанымы және философиясы (2007) // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 9-том. – Астана: Аударма, 2007. -472 б.
11. Шұғатаев А. Бұл заманда не ғаріп! <https://www.youtube.com/watch?v=HaVCIVCgZAA>
12. Ахметов З.А. (1964) Казахское стихосложение.– Алма-Ата : Наука, 1964. - 460 с
13. Шұғатаев А. Долю да, долы, долы күн! <https://qamshy.kz/article/10230-kok-bayraghymdy-qushaqtap-qazaqtyghym-dep-dgylyayumyn>
14. Степичева Т.С. (2011) Полифоническая организация текста современной былички как результат трансформации традиционного жанра // Вестн. Том. гос. ун-та. № 345. С.44-46.
15. Келімбетов Н. (1991) Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы: Ана тілі. - 294 б.

#### Трансформация и социальная функция жанра толғау

*Г.Р. Саулембек*

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова,  
КазНУ им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан  
[gulmira.saulembek@gmail.com](mailto:gulmira.saulembek@gmail.com)

В статье рассматривается процесс формирования и развития жанра толғау. Изучается роль письменной литературы в развитии толғау и насколько она повлияла на изменение традиционных признаков

жанра. Анализируется вклад цифровых технологий и современного музыкального искусства в развитие жанра толгау, предлагаются научные доводы о характере трансформации толгау. Несмотря на обновление жанрообразующих элементов, рассматриваются особенности сохранения значительных типичных формальных признаков, содержательных характеристик, а также социальной, дидактической функции направляемой адресату.

**Ключевые слова:** толгау, литературный процесс, поэзия, жанровая трансформация, социальная функция.

### **Transformation and social function of the tolgaу genre**

***G.R. Saulembek***

M.O. Auezov Institute of Literature and Art,  
al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan  
gulmira.saulembek@gmail.com

The article considers the process of formation and development of the Tolgaу genre. The author studies the role of written literature in the development of Tolgaу and how it influenced the change of traditional features of the genre. The article analyzes the contribution of digital technologies and contemporary musical art to the development of the Tolgaу genre, offers scientific arguments about the nature of Tolgaу's transformation. Despite the updating of genre-forming elements, we are discussing about the nature features of preserving significant typical formal features, content characteristics, as well as the social, didactic function sent to the recipient.

**Keywords:** *tolgaу, literary process, poetry, genre transformation, social function.*

Редакцияға 28.03.2020 түсті.

IRSTI 14.35.01

## ON COMMUNICATIVE LANGUAGE TEACHING METHODS

*A.M. Zhalalova, A.T. Battalova*

Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

[akshaimzh@gmail.com](mailto:akshaimzh@gmail.com), [klmprst@mail.ru](mailto:klmprst@mail.ru)

Interest in new foreign language teaching methods is currently on the increase. The definition of the communicative approach in language teaching is considered in the article. Communicative competence is one of the main components of teaching. The characteristics, strategies and basic principles of communicative competence are identified. It is also emphasized the role of communicative grammar in foreign language teaching is also emphasized. Teaching grammar is an effective way of developing communicative competence in foreign language teaching.

**Keywords:** *concept of communicative competence, communicative grammar, communicative teaching methods, advantages of communicative grammar teaching, noteworthy techniques, common principles.*

The field of teaching and learning foreign or second language has long been a subject of discussion. Various theories and methods of language learning have been introduced. Grammatical translation has been the field of teaching foreign and second languages for decades and is still used today. With later trends in language teaching approaches and methodologies and the growth of the communicative approach, communicative competence became the main goal of second and foreign language teaching in the 1970s.

The term “communicative competence” was first developed by Hymes in the late 1960s. Unlike Chomsky, the distinction between competence and performance is too limited to take into account language in use, Hymes describes communicative competence as “what a speaker needs to know to communicate effectively in a culturally relevant environment” [1].

Hymes [1] divides communicative competence into four sectors, according to whether something is:

- formally possible
- feasible by virtue of the means of implementation available
- appropriate (adequate, happy, successful) in the context in which it is used and evaluated
- actually performed, and what performing it entails.

Halliday offers language functions that complement Hymes' vision of communicative competence. He describes seven main functions that language performs for children learning their native language as:

1. instrumental function: using language to obtain or acquire items
2. regulatory function: using language to control the behavior of others
3. interaction function: using language to create interaction with others
4. personal function: using language to express personal feelings and meaning
5. heuristic function: using language for learning and discovery
6. imaginative function: using language to create an imaginary world
7. representational function: using language to transmit information [2].

Canale and Swain [3] propose their own theory of communicative competence that minimally includes three main competencies: grammatical, sociolinguistic and strategic competence.

Grammatical competence includes knowledge of lexical items and of rules of morphology, syntax, sentence – grammar semantics, and phonology. They point out that grammatical competence will be an important concern for any communicative approach whose goals include providing learners with knowledge of how to determine and express accurately the literal meaning of utterances. Sociolinguistic competence is made up of two sets of rules: sociolinguistic rules of use and rules of discourse. They believe that knowledge of these rules will be crucial in interpreting utterances for social meaning, particularly when there is a low level of transparency between the literal meaning of an utterance and the speaker's intention. Finally, strategic competence is made up of verbal and non-verbal communication strategies that may be

called into action to compensate for breakdowns in communication due to performance variables or to insufficient grammatical competence.

Communicative language teaching derives from a multidisciplinary perspective that includes, at the least, linguistics, psychology, philosophy, sociology, and educational research. The focus has been the elaboration and implementation of programs and methodologies that promote the development of functional language ability through learners' participation in communicative events. Central to CLT is the understanding of language learning as both an educational and a political issue. Language teaching is inextricably linked with language policy. Viewed from a multicultural intranational as well as international perspective, diverse sociopolitical contexts mandate not only a diverse set of language-learning goals but a diverse set of teaching strategies. Program design and implementation depend on negotiation between policy makers, linguists, researchers, and teachers. Evaluation of program success requires a similar collaborative effort. The selection of methods and materials appropriate to both the goals and the context of teaching begins with an analysis of learners' needs and styles of learning, socially defined.

Terrell and Krashen defined communicative competence as the use of language in social communications without grammatical analysis. They related communicative competence to the communication without focusing on grammatical competence, implying that communicative competence is manifested in communication. They argued that the primary goal of language learning should be the development of communicative skills. Based on the principle that "*language is best taught when used to transmit messages, not when explicitly taught for conscious learning*" [4].

Teaching grammar can be effective for learners because it plays a vital role in correctly conveying the meaning of structures and in creating clear, correct and understandable communication between people. First, it is important because it clarifies the meaning. Thornbury [5] states that grammar communicates the meaning of words. It is seen as a process for making a speaker's or a writer's meaning clear. Thornbury claims that grammar conveys the meaning of words. It is seen as a process for making the meaning of the speaker or writer clear. Grammar has been accepted as a tool for creating meaning. According to Lock, grammar is seen as a network of interrelated systems. Each system contains a set of options from which the speaker chooses according to the value he or she assigns it. He said: "This selection the speaker makes from a number of systems are realized simultaneously by grammatical items organized into structures" [6, 39]. Adding to what Lock mentioned, Thornbury [5] notes that people should use syntax and morphology rules to convey their thoughts correctly. Language learners should have enough grammar to express and understand a greater variety of meanings.

Grammar is an effective way of developing students' communicative competence in English language teaching, so that they can greatly improve their English proficiency and fluency. Wang [7; 80] illustrates that without grammar, language, communicative knowledge and competence are "castles in the air". Since the goal of all communication is to be comprehensible, grammar is a crucial step in achieving this goal.

Communicative Language Teaching began in the 1960s and has prospered since the 1970s to adapt to learners' needs in using language. It is often introduced as a replacement for the Grammar-Translation method. According to Wang [7; 80], Communicative Language Teaching has marked a drastic shift from the traditional language teaching approaches that emphasize the use of language structures and forms to a communicative approach to language learning that focuses on the meaningful use of language in a social context.

Thus, it can be said that Communicative Language Teaching opens up a wider perspective on language teaching and learning. According to Richards, Communicative Language Teaching has appeared at a time when language teaching in many parts of the world was ready for paradigm shift. He adds, "Situational language teaching and Audiolingualism were no longer felt to be appropriate methodologies" [8, 26]. In the words of Lightbown and Spada, Communicative Language Teaching can be defined in the following terms: "Communicative Language Teaching is based on the premise that successful language learning involves not only acknowledgement of the structures and forms of language, but also the functions and purposes that a language serves in different communicative settings. This approach to teaching emphasizes the communication of meaning over the practice and manipulation of grammatical forms" [9, 14].

In fact, this area grabs the attention of many researchers who have made strenuous efforts to develop notable ways of teaching grammar communicatively. Littlewood [10; 4] explains that communicative grammar teaching techniques provide whole task practice, improve motivation, and allow natural learning and concrete content which supports learning. Teaching techniques must demand achievements of a

particular task other than mere manipulation of language rules. Communicative grammar teaching techniques should thus be based more on the development of the ability to use language in real-life situations than on the manipulation of linguistic structures which do not allow speakers to interact naturally in real communication. Nunan [11] supposes that effective grammar techniques should be both meaningful and communicative.

For the purposes of understanding Communicative Language Teaching, there is a necessity to acquire knowledge of the theoretical foundations and principles underlying specific methods to avoid misusing or misleading something. The most common principles of Communicative Language Teaching suggested for teaching grammar communicatively are that:

- 1- Language should be introduced in an authentic context, in songs and in drama.
- 2- Language learning is learning to communicate.
- 3- Learners should personalize the language into their own experiences.
- 4- Corrective feedback on the meaning, form, and use should be provided.
- 5- Language learning is learning by doing.
- 6- Cooperative and collaborative learning should be enhanced.
- 7- Forms should be taught in a meaningful communicative way.
- 8- Communicative competence involves learning to use language forms appropriately and accurately.
- 9- Fluency and accuracy are seen as complementary principles underlying communicative techniques.
- 10- Language techniques are designed to engage learners in a realistic, appealing and motivating use of language for meaningful purposes.

It is apparent that the notion that Communicative Language comprises principles that predict ideas about language learning and teaching. Principles, which can be applied in different ways to address different aspects of the teaching and learning process. Lightbown and Spada [9] state that Communicative Language Teaching is the most influential approach to arrive on the second / foreign language-teaching scene. They affirm that “CLT is undoubtedly the most researched approach to second / foreign language teaching in the history of language teaching” [9, 18]. They consider CLT to be the major general language teaching methodology for years to come.

Purposes of Communicative Grammar (CLT) teaching techniques.

Littlewood [10; 17-18] summarizes some purposes of CLT techniques:

- a) They provide “Whole-task practice”: Whole task practice is provided through various kinds of communicative technique structured to suit learners' ability level.
- b) They improve motivation: These CLT techniques motivate students to use grammar in different situations.
- c) They allow natural learning: These techniques operate when the students are involved in using language for communication, since they are considered to be an important part of the total learning process.
- d) They can create a context which supports learning. These techniques provide opportunities for positive and personal relationships to be developed among learners and between learners and the teacher.

Advantages of CGT Techniques. Wang [7; 78] affirms the advantages of using these techniques:

- 1- They motivate students to have fun, and derive pleasure and excitement, from studying.
- 2- They (use another, more expressive verb here) the practice of language and its meaning.
- 3- They create an enabling learning environment
- 4- They promote interpersonal relationships

Criteria for CGT Techniques. Ellis [12] lists six criteria for CGT techniques:

- 1- Communicative purpose (information gap)
- 2- Communicative desire (real need)
- 3- Focus on content rather than form
- 4- Vary language (not just one language form)
- 5- No teacher intervention (done by students)
- 6- No material control

In another context, regarding the criteria for CGT techniques, Woods [13] points out eight criteria. These techniques should create conditions for:

- 1- Exploration by the learner of language and language learning
- 2- Challenge and critique by the learner of language, learning and curricula
- 3- Negotiations by the learner of language, learning and curricula

- 4- Interaction and interdependence between learners and teachers
- 5- Providing comprehensible input
- 6- Accommodating differentiation among learners
- 7- Managing language learning
- 8- Problematising language learning and classroom action.

Ellis [12; 100] claims that in the teaching of grammar for communicative competence, teachers should focus on communicative frameworks based on tasks for communicative activities. Grammar activities should be compatible with contextualized practice in which rules are presented in meaningful contexts. Appropriate contextualization can only be achieved if a teacher finds or creates realistic social situations, language texts, and visual stimuli that are interesting and meaningful to students. Additionally, these activities should be centered on the students' own lives, opinions and experiences of real-life situations to learn English. Besides this, a teacher must provide communicative practice for students to achieve non-linguistic goals such as asking for permission to do something, getting someone to do something, making excuses or asking for help [10; 12-13]. Similarly, Nunan [11] explains that grammar is fundamentally important in the communicative classroom. However, he adds that the approach to teaching grammar in the classroom requires CLT principles. Yet some scientists claim that grammar is fundamental to language and that without it language could not exist [14; 1].

Unlike grammatical approaches, communicative approaches are based on the idea that language is best learned through communication rather than the mechanical representation of grammatical forms. Communicative approaches ignore the explicit use of grammatical rules in grammar learning. This has led to a shift away from form-based to meaning-based learning [15]. The exceptional focus on teaching grammar has been found to be insufficient to develop learners' oral communication abilities. In addition, many researchers confirm the fact that language teaching cannot be limited to grammar teaching alone. This is because direct teaching of grammar does not lead to fluency. In the same vein, the Hymes theory of communicative competence (1972) has had a major impact on the development of students' communicative language competence, which makes the development of students' communicative competence its main goal. Communicative competence asserts that knowledge of a language consists not only of knowing its grammatical forms, but also knowing how to use them correctly in various communicative contexts.

Nagy (2019) in her meta-analytical article "In between Language Teaching Methods: Do we Need (to Know About) Methods at All?" described a number of modern methods from grammar translation through audio-lingual approaches to communicative and post-communicative methods. She notes: "we have come today to reconsider the role and status of language teaching not only because globalization has produced an increase in the number of speakers of English all around the world. Also due to the fact that the issue of localization (of language teaching methods and techniques) has also come to the fore", Emphasizing a number of popular methods teachers can use, as well as "trying to summarize the most important foreign language teaching methods that can be spotted in the era of what is presently called the post-method condition" [15; 120].

To solve problems with communicative grammar teaching, Estelle [16] suggested activities to develop students' communicative strategies and interactional skills, giving a detailed analysis in her article "Exploring the Teaching of Communicative Grammar in EFL Classes in Benin to Promote Language Use in a CBA Context". She noted that "many researchers shed light on the issue of CLT and offer various enlightening views", referring to studies carried out by Lopez and Agullo [17] and Brown who presented six characteristics illustrating the key principles of CLT. Brown argued that these characteristics include classroom goals for all the components of communicative competence; language techniques aimed at involving learners in the pragmatic, authentic, and functional use of language, leading to meaningful purposes; two complementary principles that underlie communicative techniques such as fluency and accuracy which are alternatively used by students, depending on the meaning of the communication; language used productively and receptively in a CLT class, as well as impromptu speech in real-life situations; students given key opportunities and strategies to understand their learning styles and use them appropriately; teachers who make students responsible for their own learning through authentic interaction [18, 89].

Nevertheless, there are some disadvantages of CLT:

- 1) The role of grammar in language learning is downplayed.

- 2) Communicative tasks are not easy to design, particularly where teachers are untrained or inappropriately trained.
- 3) The role and expertise of the teacher are confused.
- 4) Too much responsibility is placed on students.
- 5) The curriculum is unbalanced there being few textbooks that can really help teach CLT because of the lack of authentic material.

Communicative language teaching appeared at a time when major changes were required in the paradigm of teaching English. Traditional methods did not meet the needs of the adult population in Europe. Communicative language teaching turned out to be attractive to those who were looking for a more humanistic approach to teaching, the one which enabled the process of live communication to take priority. Communicative language teaching quickly became a standard in educational sphere, gaining the support of the UK's leading applied linguists, philologists, publishers and various institutions, including the British Council. All this contributed to its rapid spread around the world.

Features of the communicative approach in teaching foreign languages is most clearly expressed in the provisions that reflect significant learning activity patterns that are used to construct a theory of learning, the basis for the development of methods and guidelines for the proper organization of training activities. Such provisions shall acquire the status of the principles of training. Learning principles can be conceptual (derived from theoretical considerations within the concept) and reflective, that is "returned" after the practical testing and built on real-world experience of teachers

CLT makes use of real-life situations that necessitate communication. The teacher sets up a situation that students are likely to encounter in real life. Unlike the audio lingual method of language teaching, which relies on repetition and drills, the communicative approach can leave students in suspense as to the outcome of a class exercise, which will vary according to their reactions and responses. The real-life simulations change from day to day. Students' motivation to learn comes from their desire to communicate in meaningful ways about meaningful topics.

CLT lays emphasis on developing the communicative competence. This view of second language acquisition has influenced language pedagogy in encouraging learner-centered teaching. Learner centeredness, combined with the shift to a focus on communicative competence, has helped to transform the language-teaching field dramatically in the past twenty years. Instead of an explicit focus on language itself, there has been an emphasis on learners' expressing their own meanings through language. The learner must distinguish between the forms which he has mastered as part of his linguistic competence, and the communicative functions that they perform.

The communicative approach is best motivated: its goal is to motivate students to learn a foreign language by means of accumulation and expansion of their knowledge and experience. Students must be willing to use the language for real communication outside the classroom, for example, during a visit to a country of the studied language, during the reception of foreign guests at home, in correspondence, when exchanging audio and video tapes and the results of tasks with the schools and friends in the country language is spoken.

Communicative approach helps students quickly master the skills of speaking. This is achieved by learning the different types of monologue speech, sample dialogues and forms of language modeling. Here, in the foreground is a specific language model. The basic unit of the whole lesson and learning strategies of this method is the act of speaking.

The main purpose of language teaching is to help learners use language communicatively. Communicative grammar plays a significant role in supporting learners to acquire language and use it accurately. Although grammar instructions help learners acquire the language more efficiently, they should incorporate grammar teaching and learning into a wider context in which students are taught to use language communicatively. In this study, teachers are advised to teach grammar not with rigid and old-fashioned techniques such as drilling, memorizing, and answering written exercises on grammar rules. Instead, they are advised to teach it communicatively in a real-life context through techniques such as using songs, dialogues, games, charts, objects and role-play such that, rather than feeling they are learning grammatical rules, students believe they are learning language itself to improve their communicative competence.

1. Hymes, Dell. On communicative competence. Linguistic anthropology: A reader (2001): 53-73. <https://www.scribd.com/doc/74833626/Dell-Hymes-on-Communicative-Competence-Pp-53-73>
2. Halliday, M.A.K. Learning How to Mean. In Halliday M.A.K & Webster J. The Language of Early Childhood. London: Continuum. 2004. pp. 28-59.
3. Canale, M., & Swain, D. Theoretical bases of communicative approaches to second language teaching and testing. Applied Linguistics (1), 1980. pp. 1-47.
4. Krashen, Stephen D., Tracy D. Terrell. The natural approach: Language acquisition in the classroom. 1983.
5. Thornbury, S. How to Teach Grammar. London: Longman. 1999.
6. Lock, G. Functional English Grammar: An introduction for Second Language Teachers. Cambridge: Cambridge University Press. 1996.
7. Wang, F. The Necessity of Grammar Teaching. 2010. [online]. English Language Teaching 3/2: 78-81. Available at: <http://www.ccsenet.org/journal/index.php/elt/article/view/6241>
8. Richards, J. Communicative Language Teaching Today. Cambridge. Cambridge University Press. 2006.
9. Lightbown, P. and Spada, N. How Languages are Learned. Oxford: Oxford University Press. 1999.
10. Littlewood, W. Communicative Language Teaching: An Introduction. Cambridge: Cambridge University Press. 1981. p. 108.
11. Nunan, D. Communicative Language Teaching: Making it Work. 1987. [online]. ELT 41/2: 136-145. Available at: <http://eltj.oxfordjournals.org/content/41/2/136>
12. Ellis, R. Current Issues in the Teaching of Grammar: An SLA Perspective. 2006. [Online]. TESOL Quarterly 40/1: 83-90. Available at: [http://ojcsteve.tripod.com/sitebuildercontent/sitebuilderfiles/ellis\\_grammar.pdf](http://ojcsteve.tripod.com/sitebuildercontent/sitebuilderfiles/ellis_grammar.pdf)
13. Woods, E. Introducing Grammar. London: Penguin. 1995.
14. Nassaji, Hossein, and Sandra Fotos. Teaching Grammar in Second Language Classrooms: Integrating Form-Focused Instruction in Communicative Context. New York: Routledge Taylor & Francis Group, 2011. p. – 184.
15. Nagy, I.K. In between Language Teaching Methods: Do we Need (to Know About) Methods at 2019. [Online]. Acta Universitatis Sapientiae: Philologica, Vol 11, 3, pp. 119-139.
16. Estelle Bancolé-Minaflinou. Exploring the Teaching of Communicative Grammar in EFL Classes in Benin to Promote Language Use in CBA Context. World Journal of Education. Vol. 8, No. 6. 2018. pp. 58-73.
17. Lopez, J. R., & Agullo, G. L. The Role of Grammar Teaching: From Communicative Approaches to the Common European Framework of Reference for Languages. Revista de Linguística y Lengua Aplicadas, 7, 2012. pp. 179-191.
18. Brown, H. D. Teaching by Principles: An Interactive Approach to Language Pedagogy (2nd ed.). Publisher: Longman, 2001. – p. 480.

#### О коммуникативных методах обучения языку

*А.М. Жалалова, А.Т. Батталова*

Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан  
[akshaimzh@gmail.com](mailto:akshaimzh@gmail.com), [klmprst@mail.ru](mailto:klmprst@mail.ru)

В настоящее время возрос интерес к новым методам обучения иностранному языку. В статье дается определение коммуникативного подхода в обучении языку. Коммуникативная компетентность является одним из основных компонентов обучения. Рассматриваются особенности стратегий и основные принципы коммуникативной компетенции. Подчеркивается роль коммуникативной грамматики в обучении иностранным языкам. Грамматика - это эффективный способ развития коммуникативной компетенции в обучении иностранным языкам.

**Ключевые слова:** понятие коммуникативной компетенции, коммуникативная грамматика, коммуникативный метод обучения, преимущества обучения коммуникативной грамматике, значительные способы, общие принципы.

#### Тіл оқытудың коммуникативтік әдістері туралы

*А.М. Жалалова, А.Т. Батталова*

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан  
[akshaimzh@gmail.com](mailto:akshaimzh@gmail.com), [klmprst@mail.ru](mailto:klmprst@mail.ru)



Қазіргі уақытта шетел тілін оқытудың жаңа әдістеріне деген қызығушылық артып отыр. Мақалада тілді оқытудағы коммуникативтік тәсілдің анықтамасы беріледі. Коммуникативтік құзіреттілік - оқытудың негізгі компоненттерінің бірі. Коммуникативтік оқытудың ерекшеліктері, стратегиясы және негізгі қағидалары да қарастырылған. Сонымен қатар, шет тілдерін оқытудағы коммуникативті грамматиканың рөліне ерекше назар аударылады. Грамматика - шет тілдерін оқытуда коммуникативтік құзіреттілікті дамытудың тиімді әдісі.

**Түйін сөздер:** коммуникативтік құзыреттілік түсінігі, коммуникативтік грамматика, оқытудың коммуникативтік әдісі, коммуникативтік грамматиканы оқытудың артықшылықтары, маңызды тәсілдер, жалпы қағидалар.

Received 05.03.2020

IRSTI 14.35.07

## SOME ASPECTS OF TEACHING INFORMATIVE TRANSLATION AT THE UNIVERSITY

*I. N. Matassova*

E.A. Buketov Karaganda State University, Karaganda, Kazakhstan

[irina041283@mail.ru](mailto:irina041283@mail.ru)

This article represents the author's approach to teaching the course of informative translation in institutions of higher education. Having reviewed several definitions of the concept of "translation" presented by the masters of this type of activity, the author further delves into the study of the concept and main subtypes of informative translation. Newspaper and publicist texts and popular scientific texts are illustrated by a set of exercises aimed at developing students' necessary skills. A list of alternative exercises, the use of which can significantly expand the scope of professional skills and abilities of students - future translators, is provided. Some exercises are taken from the "Practicum on informative translation" published by the author a year ago, and are successfully used at the informative translation lessons with university students.

**Key words:** translation, informative translation, translator, text, exercise.

Наклонение в казахском языке обозначает отношение действия к действительности, выражаемое говорящим лицом. В современном казахском языке различают следующие виды наклонений: ашық рай (изъявительное наклонение), бұйрық рай (повелительное наклонение), шартты рай (условное наклонение), қалау рай (желательное наклонение).

По основному значению немецкому Indikativ соответствует казахское ашық рай, казахскому бұйрық рай – немецкое Imperativ, немецкому Konjunktiv – казахское шартты рай. Казахскому қалау рай в немецком языке нет прямого соответствующего наклонения. Данное грамматическое содержание модальности в немецком языке выражено через лексические средства модальности, в частности через модальные глаголы желания (wollen/mögen).

«Ich glaub', ich kann nicht mehr kochen!» (S. 52) – Менің ойымша мен енді тамақ пісіре алмаймын.

«Wenn nun jemand käme und sähe wie ich aus...» (S. 11) – Біреу келіп мені көрсе ғой.

«Kommt aber bald wieder!» (S. 79) – Жақында тағы келіңдер.

«Erst wollte ich Dir ja ein Kinderbild von mir schicken.» (S. 28) – Мен саған кішкентай кезімдегі сүретті жібергім келген.

Отличие в сопоставляемых языках состоит в том, что в Imperativ употребляются лишь три лица (1 лицо ед.ч., 1 лицо мн.ч. и вежливая форма). В бұйрық рай все три лица ед. и мн. числа могут выражать чье-либо желание.

Terezeni ashyp koishy. – Открой окно. (2 лицо, ед. ч.)

Aita bersinshi. – Пусть говорит. (3 лицо, ед.ч.)

### Синтаксические средства модальности

К синтаксическим средствам выражения модальности в немецком языке относятся употребление инфинитивных конструкций *haben+zu+Infinitiv* и *sein+ zu+Infinitiv*. Данные конструкции выражают долженствование и имеют активное значение.

«Wahrscheinlich hat er sich vor dem Fotografen geniert, zu lachen», vermutet Luise. (S. 29)

Es ist halt doch nicht ganz so einfach, seine eigene Schwester zu sein! (S.40)

К сожалению, эквивалента данным конструкциям в казахском языке нет.

### ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Результаты изученного и представленного в данной работе материала показали, что функционально-семантическая категория модальности в немецком и казахском языках различна. Разделяют объективную и субъективную модальность. Именно субъективная модальность представляет интерес для межкультурной коммуникации как процесса, науки и учебного предмета.

Модальность представлена грамматическими, лексическими и синтаксическими средствами. В результате сопоставительного анализа были выявлены определенные сходства и различия в выражении одних и тех же модальных значений. Было установлено, что функционально-семантическая категория модальности в немецком языке располагает весьма многочисленными и разнообразными по своей структуре и содержанию средствами выражения. Тогда как данная категория модальности в казахском языке передается зачастую модальными словами и наклонением глагола.

#### Список литературы

1. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. (2005) Язык и культура, Москва - 1308с.
2. Ожегов С.И. (2011) Толковый словарь русского языка. М.: Мир и Образование, Оникс. – 736 с.
3. Duden (2010) Das Bedeutungswörterbuch. Mannheim: Verlag: Bibliographisches Institut GmbH. 4., - 1152 S.
4. Балли Ш. (1955) Общая лингвистика и вопросы французского языка. М.: Изд-во иностранной литературы.
5. Виноградов В.В. (1975) О категории модальности и модальных словах в русском языке. – В кн.: Виноградов В.В. Исследования по русской грамматике. М.: Наука. – С. 53 – 87.
6. Гальперин И.П. (2007) Текст как объект лингвистического общения. М.: URSS. – 113 с.
7. Random House Webster's (2001) p.1235
8. Wolf Norbert Richard (2009) Modality as an expression of the speaking person. German linguistics and the new challenges in research and teaching in the Czech Republic. Brno. – pp. 25-33
9. Rauh Gisa (1984) Aspects of Deixis in Linguistics. Vol. 9. Heidelberg: Carl Winter Universitätsverlag, pp. 23-84
10. Meer D., Pick I. (2019) Sprachliche und bildliche Zeichen: Multimodalitätsforschung und die Analyse von Sehflächen. Einführung in die Angewandte Linguistik. S. 51-78
11. Kattein Rudolf (1979) What is modality anyway? Linguistics papers 20. Heft 1/79. Tübingen: Narr Verlag. – S. 89-95
12. Бизаков С. (2012) Учебник трудностей казахского языка. Алматы: Қазақ энциклопедиясы. – 499 с.
13. Салкынбай А. (2008) Қазіргі қазақ тілі. Алматы. - 462 б.
14. Kaiser Julia. (2019) Der „absolute“ Gebrauch von Modalverben im gesprochenen Deutsch. Deutsch als Fremdsprache. Zeitschrift zur Theorie und Praxis des Faches Deutsch als Fremdsprache. Erich Schmidt Verlag. Leipzig. – S. 35-47
15. Валяева Т. (2013) Грамматика казахского языка. Просто о сложном. Алматы. – 128 с.
16. Helbig G., Buscha J. (2001) Deutsche Grammatik, Langenscheidt. – 379 p.
17. Москальская О.И. (1956) Теоретическая грамматика немецкого языка. Морфология. Изд-во лит-ры на иностр. языках М. - 394 с.
18. Kästner E. (2004) Das doppelte Lottchen. Zürich. – 113 S.

#### Particularities of expression of modality in German and Kazakh

*M.E. Kurmanova, L.E. Dalbergenova*

Sh. Ualikhanov Kokshetau State University, Kokshetau, Kazakhstan  
[maral\\_kurmanova@mail.ru](mailto:maral_kurmanova@mail.ru), [ljasatdal@mail.ru](mailto:ljasatdal@mail.ru)

Interlanguage communication can be complicated due to the imperfection of knowledge of a particular language, its culturally specific features and differences in the perception of its linguistic units. This problem is especially acute by expressing a language modality. For a detailed study of the modality category, the authors examine the values of modal units of two typologically and genetically unrelated languages: Kazakh and German. This linguistic phenomenon is considered on the example of teaching Kazakh-speaking students the German language. Comparing both languages, the authors identify possible similarities and differences in the expressions of certain modal meanings.

**Keywords:** *language, modality, communication, modal verb, modal words, mood, infinitive constructions.*



### Неміс және қазақ тілдерінде модальділікті білдірудің ерекшеліктері

*М.Е. Курманова, Л.Е. Дальбергенава*

Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ., Қазақстан  
[maral\\_kurmanova@mail.ru](mailto:maral_kurmanova@mail.ru), [ljasatdal@mail.ru](mailto:ljasatdal@mail.ru)

Тіл аралық байланыс белгілі бір тілді білудің жетілмегендігіне, мәдени ерекшеліктері мен тілдік бірліктерді қабылдауындағы айырмашылықтарға байланысты күрделі болуы мүмкін. Бұл проблема әсіресе тілдік модальділікті білдіру кезінде өткір болып табылады. Модальділік категориясын егжей-тегжейлі зерттеу үшін авторлар екі типологиялық және генетикалық тұрғыдан байланыссыз қазақ және неміс тілдерінің модальдік бірліктерінің мәндерін зерттейді. Бұл лингвистикалық құбылыс қазақ тілді студенттерді неміс тілінде оқыту мысалында қарастырылады. Екі тілді салыстыра отырып, белгілі бір модальдық мағыналардың өрнектеріндегі мүмкін ұқсастықтар мен айырмашылықтар ашылды.

*Түйін сөздер:* тіл, модальдық, байланыс, модаль етістік, модаль сөздер, рай, инфинитивтік құрылымдар.

Поступила в редакцию 28.04.2020.

ГТАХР 16.41.53

## ҚЫТАЙ ТІЛІН ҮЙРЕНУШІ ҚАЗАҚ ТІЛДІ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚЫТАЙША СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕГІ ФОНЕТИКА ЖӘНЕ ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚИЫНДЫҚТАРЫНА ТАЛДАУ

**Б. Зиядаұлы, Р.Б. Джельдыбаева**

Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университеті,  
Алматы, Қазақстан  
batenke\_89@mail.ru, nawrao@mail.ru

Қазақ және қытай тілдерінің фонетикалық жақтағы басты айырмашылықтарының бірі қазақ тілінде буын құрамында дауысты дыбыстар қатар қолданылмайды, қытай тілінде екі тіпті үш дауысты дыбыс қатар қолданылатын жағдайлар жиі кездеседі. Сол себепті, қазақ тілді студенттер үшін қытай тіліндегі кейбір дыбыстар мен буындарды дыбыстау айтарлықтай қиындықтар туғызады. Екіншіден, қытай тілі аналитикалық тілге жататындықтан, онда морфологиялық өзгеріс жоқтың қасы, қытай тілінде сөйлем ішінде сөздердің рет тәртібі мен көмекші сөздер маңызды рөл атқарады. Сөйлемдегі сөздердің орналасу реті де морфологиялық түрленуге бай қазақ тіліндегіден мүлде басқаша. Осындай себептерге байланысты қазақ тілді студенттер ана тілінің ықпалымен ауызекі тілде қытай тіліндегі сөйлем мүшелерінің ретін дұрыс орналастыра алмайды да, кейбір қателіктерге жол беріліп жатады. Аталған мақалада қытай тілін алғаш үйренуші қазақ тілді студенттердің сөйлеу тіліндегі фонетикалық және грамматикалық мәселелерге талдау жасалып, оларды игерудің әдіс тәсілдері көрсетілген.

**Түйін сөздер:** қытай тілі, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, буын, сөйлем, сөйлем мүшесі, етістік, баяндауыш.

**Кіріспе.** Шетелдік студенттер қытай тілін үйренудің алғашқы кезеңдерінде фонетика және грамматикалық жақтарда көптеген қиындықтарға кездесіп жатады. Ондай қиындықтар негізінен ана тілі мен қытай тілінің тілдік дағдыларының өзгеше болуынан туындайды. Қазақ және қытай тілдерінің фонетикалық жақтағы басты айырмашылықтарының бірі қазақ тілінде буын құрамында дауысты дыбыстар қатар қолданылмайды, қытай тілінде екі тіпті үш дауысты дыбыс қатар қолданылатын жағдайлар жиі кездеседі. Сол себепті, қазақ тілді студенттер үшін қытай тіліндегі кейбір дыбыстар мен буындарды дыбыстау айтарлықтай қиындықтар туғызады. Екіншіден, қытай тілі аналитикалық тілге жататындықтан, онда морфологиялық өзгеріс жоқтың қасы, қытай тілінде сөйлем ішінде сөздердің рет тәртібі мен көмекші сөздер маңызды рөл атқарады. Сөйлемдегі сөздердің орналасу реті де морфологиялық түрленуге бай қазақ тіліндегіден мүлде басқаша. Осындай себептерге байланысты қазақ тілді студенттер ана тілінің ықпалымен ауызекі тілде қытай тіліндегі сөйлем мүшелерінің орын тәртібін дұрыс орналастыра алмайды да, кейбір қателіктерге жол беріліп жатады. Сондықтан, қытай тілін үйренуші қазақ тілді студенттердің тілдік қолданыстарындағы мұндай қателіктерін теориялық және практикалық жағынан нақты мысалдар арқылы жан-жақты талдап түсіндірудің маңызы зор.

**Әдебиеттерге шолу:** Тақырыпта көтерілген мәселеге теориялық негіздемелер ретінде қытай тіл білімінде өзіндік орны бар көрінекті ғалымдардың, атап айтсақ, ХуаңБорун (Қазіргі қытай тілі), ЛуФубо (Шетелдіктерге арналған қытай тілінің практикалық грамматикасы), ЖауЖиңминь (Қытай тілінің жалпы теориясы), ЧиХуяң, ЧыньЧаңлай (Қазіргі қытай тіліндегі көмекші сөздер жөнінде зерттеулер және шетелдіктерге қытай тілін оқыту) секілді теориялық зерттеу еңбектеріндегі қытай тіл білімі саласындағы ғылыми көпшілік мойындаған тілдік қағидалар мен ғылыми көзқарастар негізге алынды. Ұзақ жылдардан бері қытай тілін оқытумен, зерттеумен айналысып келе жатқан отандық тілші ғалым Толқын Қалибекұлының (Қытай тілінің грамматикасы «синтаксис») еңбегіндегі ғылыми терминдер мен теориялық негіздемелер пайдаланылды. Аталған зерттеу еңбектерінде қытай тілінің фонетикасы мен грамматикасы жан-жақты зерттелген. Сонымен қатар дүние жүзінің көптеген елдерінде пайдаланылып жүрген, қытай тілін және оны оқытуды зерттеудің соңғы нәтижелерін пайдалана отырып құрастырылған шетелдіктерге қытай тілін оқытуға арналған

оқулықтар, СуньДыжинь (Қытай тілі грамматикасының оқулығы), ЯңЖижоу, ЛиНин қатарлы ғалымдар жазған (Қытай тілі оқулығы), Лушунь, ЖаңКай қатарлы ғалымдар жазған (Қытай тілінің жаңа практикалық курсы), Чю Жунь, ПынЖіпин, ЖаңНуей қатарлы ғалымдар жазған (Табысқа жетудің жолы) секілді оқулықтардағы ұтымды түсіндіру әдістері мен ережелер басшылыққа алынды. Аталған оқулықтарды жазған авторлар Қытайда ұзақ жылдар қытай тілін оқыту-зерттеу ісімен шұғылданған әйгілі ғалымдар екенін атап айтқан жөн.

*Зерттеудің мақсаты* қытай және қазақ тілдерінің түрліше тілдік дағдыларына байланысты туындайтын қателіктерге фонетикалық және грамматикалық тұрғыдан талдау жасап, қателіктердің түпкілікті себептерін айқындау.

*Зерттеудің міндеті* қытай тілін үйренуші қазақ тілді студенттердің тілдік қолданыстарындағы қателіктерді мысалға ала отырып, қытай тілін зерттеуші ғалымдардың аталған мәселелер жөніндегі зерттеу нәтижелерін теориялық жақтан басшылыққа алып, қателіктердің себебін екі тілдің қолданыс дағдыларын салғастыра зерттеу арқылы анықтау міндеті туындайды.

Тілдің сөйлеу дағдылары ең алдымен фонетикалық дыбыстаудан басталады. Қытай-қазақ тілдерінде дауысты-дауыссыз дыбыстар дыбысталу орны, дыбыстау тәсілдері жағынан өзіндік ерекшеліктерге ие. Дауысты-дауыссыз дыбыстар негізінде құрылатын буын құрамы да екі тілде бір-бірінен мүлде өзгеше. Сондықтан, қазақ тілді студенттер қытай тіліндегі дыбыстарды дыбыстау барысында көбінде ана тілінің дыбыстық дағдыларына бейімдеп қате дыбыстайтын жағдайларға жиі жол береді. Фонетикалық жақтан ана тілінің ықпалымен болатын мұндай кедергілер төмендегідей бірнеше жақтан байқалады [1; 137].

1) Буын құрамындағы қатар тұрған екі не үш дауыстының біреуін өте солғын айтудан немесе айтпаудан туылатын қателік. Мысалы, *jia*, *qia*, *xia* буындарын оқу барысында көбінде қазақ тілінің айту дағдысына бейімдеп *jia-жә*, *qia-чә*, *xia-шә* түрінде айтады. 在家 (*zaijia*) дегенді қытай тілін алғаш үйренушілер «зэй жә» деп айтатындығын байқаймыз. Сол сияқты 再见 (*зэйжән*), 钱 (*чән*), 现 (*шән*), 多 *duo*, 做 *zuo*, 错 *cuo*, 所 *suo*, 桌 *zhuo*, 说 *shuo*, 火 *huo* буындарындағы «и» дауыстысын түсіріп *до*, *то*, *но*, *ло*, *зо*, *цо*, *со*, *жо*, *шо*, *хо* түрінде, *bie(бе)*, *pie(пе)*, *mie(ме)*, *die(де)*, *tie(те)* түрінде айтуға бейімділік. Бұл жағдайда студентке буын ортасындағы «и» қалдырмай толық шығарып айтқызаңыз, қатар тұрған екі дауысты дыбысты бөліп, *qia—qi-a*, *xia—xi-a*, *biao—bi-ao*, *piao—pi-ao* *jióng—ji-ong*, *qióng—qi-ong*, *xióng—xi-ong* *duo—du-o*, *tuo—tu-o*, *núo—nu-o*, *luo—lu-o*, *zuo—zu-o*, *cuo—cu-o*, *suo—su-o*, *zhuo—zhu-o*, *chuo—chu-o*, *shuo—shu-o*, *huo—hu-o* түрінде дыбыстай бастайды. Сондықтан, екі не үш дауысты дыбыс қатар келген буындарды оқытқан кезде біріншіден буын ортасындағы дауысты дыбысты анық айтуға, екіншіден қатар тұрған дауысты дыбыстарды бөлмей тұтастырып кідіріс жасамай айтуға жаттықтыра білу керек. Екі дауысты дыбыс қатар айтылатын жағдай қазақ тілінде жоқ, сондықтан, бұл буындардың айтылуын дұрыс қалыптастыру-қазақ тілді студенттердің қытай тілінің дыбыстау жүйесіне бейімделуінің кепілі болмақ.

2) Қытай тіліндегі буын ішінде келетін «і» дыбысын қазақ тіліндегі «і» дыбысына бейімдеп 今 (*jīn-жін*), 新 (*xīn-шін*) 亲 (*qīn-чін*) түрінде дыбыстайды. Іс жүзінде буын ортасындағы «і» дыбысы қазақ тіліндегі «и» дыбысына өте жақын келетіндігін ескерте отырып жаттықтыруға болады.

3) Буын соңында келетін «о» дыбысын қазақ тіліндегі «о» дыбысына бейімдеп 报 (*bao-бао*), 跑 (*paо-пао*), 毛 (*maо-мао*), 套 (*taо-тао*) түрінде айтуға бейімділік. Бұл жағдайда студентке қытай тіліндегі «о» дыбысының буын соңында қазақ тіліндегі жартылай дауысты «у»-ға жақын айтылатындығын ескерте отырып дағдыландыруға болады.

4) Қазақ тілінің сингормонизм дағдысымен қытай тіліндегі қатар келген ашық және қысаң айтылатын буындарды бір-біріне бейімдеп айтатын жағдайлар жиі кездеседі. Бұл көбінде студенттің *rou*, *mou*, *fou*, *dou*, *tu*, *nu*, *lou*, *zou(зоу)*, *cou*, *sou*, *zhou*, *chou*, *shou*, *rou*, *gou*, *kou*, *hou* буындарын *ru*, *mu*, *fu*, *du*, *tu*, *nu*, *lu*, *zu*, *cu*, *su*, *zhu*, *chu*, *shu*, *ru*, *gu*, *ku*, *hu* түрінде айтуынан байқалады. Мысалы, 我们(*men*)都 (*dou*) 去 деген сөйлемдегі қатар тұрған *men dou* буындарының алдыңғысы қысаң, соңғысы ашық айтылатын буын, сөйлем ішінде алдыңғы қысаң *men* буынының ықпалына бейімдеп ашық *dou* буынын қысаңдатып *du* түрінде我们都(*du*)去 деп айтады. 首都(*shoudu*) алдыңғы ашық, соңғы қысаң буын, осы соңғы қысаң буынды алдыңғы ашық буынға бейімдеп (*shoudou*) түрінде айту. Сол сияқты, 钱不够(*qianbugou*)---*qianbugu*, 汉语口语(*hanyukouyu*)---*hanyukuyu* т.б.

5) Қытай тіліндегі жартылай ашық «о» дыбысын қазақ тіліндегі жартылай ашық «о» дауысты дыбысымен теңестіріп айтуға бейімділік. Іс жүзінде буын ішінде қытай тілінде «о» дыбысы қазақ

тіліндегі жартылай ашық дауысты о-дан гөрі, қысаң ұ-ға жақын айтылады. Сондықтан, dong, tong, pong, long, zong, cong, song, zhong, kong, hong түріндегі буындарды доң, тоң, ноң, лоң, зоң т.с. түрінде айтудан сақтандыру қажет.

б) Айтылуы мен жазылуы екі басқа буындарды дұрыс оқытуға ерекше мән берген жөн. “Қытай тілінің жазылым ережесінде iou, uei, uen финалдары дауыссыздармен (инициалдармен) бірігіп буын құрағанда iou, uei, uen финалдарының құрамындағы о, е дауыстылары жазылмайды” деп көрсетілген [2; 81]. Мұның ішінде iou финалы дауыссыз дыбыстармен бірігіп miou(miu), diou(diu), piou(piou), liou(liu), jiu(jiu), qiou(qiu), xiu(xiu) буындарын құрайды да, жазуда жақша ішінде көрсетілгендей жазылады. Және бұл буындардың жазылуы мен айтылуы негізінен бірдей деп айтуға болады. Ал uei, uen финалдары дауыссыздармен тіркескенде буын ортасындағы «е» дыбысы қысқарып dui, tui, zui, cui, sui, zhui, chui, shui, rui, gui, kui, hui және dun, tun, lun, zun, cun, sun, zhun, chun shun, run, gun, kun, hun түрінде жазылады. Біздіңше бұл буындардың жазылуы іс жүзіндегі айтылуын толық білдіре алмайды. Өйткені қытай тілін алғаш бастап үйренушілерге осы буындарды жазылған қалпында оқытсаңыз, оларды еріндік буын түрінде оқиды, яғни, мысалы, dui, tui немесе dun, tun буындарын еріннің дөңгеленіп алдыға шығуы арқылы айтады. Ал бұл буындардың іс жүзіндегі дыбысталуына жүгінсек, ерін алдымен алдыға дөңгеленіп шығады да, қайтадан езулікке ауысып, екі езудің артқа тартылуы арқылы айтылады. Яғни, dui деп жазылып, duei болып, dun түрінде жазылып, duen болып айтылады. Сондықтан осы екі үлгідегі буындарды оқытқанда студентке олардың жазылуы мен айтылуы арасындағы айырмашылықты айту арқылы дұрыс дағдыландыру қажет.

Грамматикалық тұрғыда қытай тілі мен қазақ тілі туыстық байланысы жоқ екі жүйеге тән тілдер. Қытай тілінде сөздер түрленбейді, сөйлем құрау сөздердің тіркесу тәртібі мен көмекші сөздер арқылы жүзеге асады. Сондықтан, сөздердің рет тәртібі қатаң сақталады, көмекші сөздер оларды байланыстыратын дәнекерлеуші рөлін атқарады. Қазақ тілінде керісінше, сөйлем құрауға қатысқан сөздер морфологиялық түрленулер арқылы байланысқа түседі, сөздердің сөйлемде орналасу тәртібі қытай тіліне қарағанда әлдеқайда еркін келеді. Екі тілдегі сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібі де бірдей емес. Осындай себептерге байланысты қытай тілін үйренуші қазақ тілді студенттер грамматикалық жақта ана тілінің тілдік ықпалының әсерінен сөйлемдегі сөздерді орналастыру, сөйлем құрау жақтарында көптеген кедергілерге ұшырап жатады. Студенттердің үнемі қате қолдануға бейім тұратын грамматикалық мәселелердің бірі қытай тіліндегі мезгілді (уақытты) білдіретін сөздердің сөйлемдегі орнын дұрыс қолданбаудан байқалады. Қытай тілінде уақытты білдіретін сөздер 时间点 (тіке аударғанда уақыт нүктесі) және 时间段 (уақыт аралығы) болып екіге бөлінеді. 时间点 (уақыт нүктесі)- мезгілді білдіретін сөздер, яғни, мезгілдің атауы, мысалы, 早上 (таңертең), 中午(түс), 晚上(кеш), 今天(бүгін), 明天(ертең), 一点(сағат бір), 三点(сағат үш), 今年 (биыл), 明年(келер жылы), 以前(бұрын) т.б. мұндай сөздер қытай тілінде қимылдың туылу мезгілін білдіреді де сөйлемде етістік баяндауыштың алдында тұрып «қашан» деген сұраққа жауап беріп пысықтауыш болады. Ал 时间段 (уақыт аралығы)-қимылдың жалғасу уақытын білдіретін сөздер, мысалы, 一天(бір күн), 两天(екі күн), 一个小时(бір сағат), 两个小时(екі сағат), 一上午(түске дейінгі жарты күн), 一晚上(бір кеш), 一年(бір жыл), 两年(екі жыл), 一节课(бір сағат сабақ), 两节课(екі сағат сабақ) т.б. мұндай сөздер қимылдың жалғасу уақытын білдіреді де, сөйлемде баяндауыштың соңында тұрып толықтырғыш мүше болады. Мысалы:

- 1) 明天我们上两节汉语课。
- 2) 去年我学了一年 (的) 汉语。
- 3) 我昨天晚上看了两个小时 (的) 电视。

Жоғарыдағы сөйлемдердегі 明天, 去年, 昨天, 晚上 сөздері жеке-жеке қимылдың туылу мезгілін білдіріп баяндауыш мүшенің алдында тұр да, 两节, 一年, 两个小时 қимыл-әрекеттің жалғасу уақытын білдіріп етістік баяндауыштың соңынан тіркесіп тұр. Жалпы уақытты білдіретін сөздердің ішінде қандай сөздердің қимылдың туылу мезгілін (时间点) және қандай сөздердің қимылдың жалғасу уақытын білдіретіндігін сөздер (时间段) екенін осы сөздерге қойылатын сұрақтар арқылы анықтауға болады. (时间点) қимылдың туылу мезгілін білдіретін сөздер қашан (什么时候) деген сұраққа жауап береді де, қимылдың жалғасу уақытын білдіретіндігін сөздер (时间段) қанша уақыт (多长时间) деген сұраққа жауап береді. Қазақ тілінде қимылдың туылу мезгілі мен

жалғасу уақытын білдіретін жоғарыдағыдай сөздер сөйлемде етістік баяндауыштың алдында тұрады және мезгіл пысықтауыш болады. Мысалы, мен кеше бір күн жұмыс істедім. Мұндағы «кеше» қимылдың туылу мезгілі, «бір күн» қимылдың жалғасу уақыты, мезгіл де уақыт мөлшері де етістік баяндауыштың алдында тұр. Қытай тілін алғаш үйрене бастаған қазақ тілді студенттер дәл осындай тілдік дағдының ықпалымен қытай тіліндегі жоғарыдағыдай сөйлемдерді қазақ тілінің сөйлем формасына салып қолдануға бейім тұрады да, көп жағдайда төмендегідей қателіктерге жол береді. Мысалы:

1) Бүгін екі сағат сабақ оқыдық.

今天我们两个小时上课了。 дұрысы今天我们上了两节课。

2) Қытай тілін төрт жыл оқимыз.

我们四年学汉语。 дұрысы我们学四年汉语。

3) Кеше кеште екі сағат тапсырма орындадым.

昨天晚上我两个小时做作业了。 дұрысы昨天晚上我做了两个小时(的)作业

Ғалым СуньДыжинь “Уақыт нүктесін (қимылдың туылу мезгілін) білдіретін сөздер сөйлемде толықтырғыштың емес, пысықтауыштың орнында тұрады, ал қимылдың жалғасу уақытын (уақыт аралығын) білдіретін сөздер толықтырғыштың орнында тұрады, тек кейбір жағдайда мәлім бір уақыт аралығын күшейту, көрінектіленіру мақсатында ғана пысықтауыштың орнында келуі мүмкін” [3; 247] дей келе, оған төмендегідей мысалдар келтірген:

1) 他们明年毕业。

2) 他们毕业一年了。

3) 他们一年就把项目完成了。

4) 他们一年才把项目完成。

Мұнда 3-4-сөйлемдердегі 一年 (бір жыл) қимылдың жалғасу уақытын білдіретін сөз бола тұра, сөйлемде пысықтауыштың орнында қолданылып, сол арқылы 3-сөйлемде қимылдың орындалуына кететін уақыттың қысқалығын, 4- сөйлемде қимылды орындауға жұмсалатын уақыттың ұзақтығы бейнеленген. Қимыл-әрекеттің жалғасу уақытын білдіретін сөздерден болған толықтырғыш мүшені Т. Қалибекұлы қазақша мезгіл-мөлшер толықтырғыштар деп атаған да “Қимыл, іс-әрекет, жай-күйдің созылу уақытын білдіретін толықтырғыштар мезгіл-мөлшер толықтырғыштар деп аталады, олар сан есім+мөлшер сөзді немесе сан есім+ зат есімді тіркестерден жасалады” [4; 122] деген.

Жалпы жоғарыдағы мысалдардан тіл үйренушілерге өзінің ана тідік дағдысының қаншалық дәрежеде ықпал жасайтындығын байқауға болады. Сөйтіп, қазақ тілді студенттерге мезгіл, уақыт ұғымдарына қатысты жоғарыдағы сөздерді қытай тілінде сөйлем ішінде қалай қолдануға болатындығын анықтап түсіндіру және сол негізде дағдыландыру міндеті туындайды.

Нәтижелер. Қытай тіліндегі мезгілді білдіретін (时间点) сөздерді студенттер әдетте қазақ тілінің дағдысы бойынша сөйлем басына немесе етістік баяндауыштың алдына қойып айтатындықтан, бұл сөздер сөйлемдегі орны жағынан дұрыс қолданылады. Мұндағы басты қателік қимыл-әрекеттің жалғасу уақытын білдіретін (时间段) сөздердің орны қытай тілінде басқаша болғандығында болып отыр. Қытай тілінде сөйлемде қазақ тіліндегідей бес мүше емес, алты мүше(бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш және толықтырғыш) бар. Мұндағы толықтырғыш мүше етістік баяндауыштан кейін тұрып, баяндауыштағы қимыл-әрекеттің жалғасу уақыты, қимылдың күйі, мүмкіндігі, қимылдың нәтижесі, қимылдың жүрілу дәрежесі қатарлы мағыналарды білдіреді. Сондықтан жоғарыдағы қимыл-әрекеттің жалғасу уақытын білдіретін (时间段) сөздерден жасалған сөйлем мүшесін қытай тілінде уақыт мөлшерін білдіретін толықтырғыш мүше деп атайды (төменде қимылдың жалғасу уақытын уақыт мөлшерін білдіретін толықтырғыш мүше деп атаймыз) Мұндай толықтырғыш мүшенің сөйлемде орналасу жағдайы баяндауыш пен толықтауыштың орыналасуына байланысты төмендегідей бірнеше түрлі болады:

1. Қимыл-әрекеттің жалғасу уақытын білдіруге тура келгенде сөйлемде уақыт мөлшерін білдіретін толықтырғыш мүше етістік баяндауыштың соңына қойылады. Мысалы:

1) 你来了多长时间? 我来了三天了。

2) 你睡了多长时间? 我睡了一个小时。

3) 你学了多长时间? 我学了三年。

4) 你走了多长时间? 我走了一个星期了。

Бұл ереже өте қарапайым. Студентке уақыт мөлшерін білдіретін толықтырғыш мүше етістік баяндауыштың алдына емес, керісінше соңына қойылып айтылады дегенді ескертіп отырған жағдайда, студентті қазақ тілінің дағдысы бойынша 多长时间来了, 多长时间睡了, 多长时间学了, 多长时间走了 деп сұрайтын немесе 我三天来了, 我一个小时睡了, 我三年学了, 我一个星期走了 деп жауап беретін қателіктерден сақтандыруға болады. Демек, сөйлемде бастауыш пен баяндауыш мүше ғана болған жағдайда қимылдың жалғасу уақыты етістіктің соңына қойылады.

2. Сөйлемде бастауыш, баяндауышпен қатар толықтауыш мүше де болған жағдайда қимылдың жалғасу кезіндегі уақыт мөлшерін білдіретін толықтырғыш мүшенің сөйлемдегі орны екі түрлі болады.

1) Қимылдың жалғасу уақыты, яғни, уақыт мөлшерін білдіретін толықтырғыш мүше баяндауыш пен толықтауыштың арасына, нақтырақ айтқанда, баяндауыштың соңына, толықтауыштың алдына қойылады. Толықтауыш пен толықтырғыштың арасына 的 шылауы қойылады. 的 шылауы әдетте айтылмаса да болады. Мысалы:

你学了几年(的)汉语?

我学了一年(的)汉语。

你上了多长时间(的)网?

我上了一个小时(的)网。

Қазақ тілді студенттер ана тілінің тілдік дағдысы бойынша мұндай сөйлемдерді 你几年学了汉语, 我一年学了汉语, 你多长时间上了网, 我一个小时上了网 түрінде қате қолдануға бейім тұрады. Сондықтан, оқыту барысында жоғарыдағы ережені әрқашан студентке ескертіп отыру қажет.

2) Етістік баяндауыш қайталанып айтылады да, қимылдың жүрілу уақыт мөлшерін білдіретін толықтырғыш мүше қайталанған етістіктің соңына қойылады. Мысалы:

他写汉字写了半个小时。

我念课文念了十分钟。

Қазақ тілді студенттер мұндай сөйлемдерді де 他半个小时写汉字了, 我十分钟念课文念了 түрінде қате қолданады.

«Қытай тілінің жаңа практикалық курсы» оқулығында бұл ережеге байланысты «Алдыңғы етістік айтылмаса да болады» [5; 43] делінген. Мысалы:

我们(办)借书证办了多长时间?

我(考)外语考了两个小时。 Мұндағы жақшаға алынған етістіктер айтылса да, айтылмаса да болады дегенді білдіреді.

Шетелдіктердің қытай тілін үйренуіне арналған өзге оқулықтарда, мысалы, «Қытай тілі оқулығы» [6; 58], «Табысқа жетудің жолы» [7; 61] секілді оқулықтарда және «Шетелдіктерге арналған қытай тілінің практикалық грамматикасында» [8; 206], қимыл-әрекеттің уақыт мөлшерін білдіретін толықтырғыш мүше жөніндегі түсініктемелерде «мұндай сөйлемдердегі алдыңғы етістікті айту-айтпау» деген мәселе жөнінде ешқандай пікір білдірілмеген. Іс жүзінде шет тілді студенттер мұндай сөйлемдердегі соңғы етістікті ғана айту дағдысын көбірек қолданғанды ұнатады. Мысалы:

他汉字写了半个小时。

我课文念了十分钟。

我们借书证办了多长时间?

我外语考了两个小时。

3. Сөйлемде бастауыш, баяндауыш және толықтауыш болған жағдайда толықтауыш мүше жіктеу есімдігі болса, онда қимылдың уақыт мөлшерін білдіретін толықтырғыш мүше толықтауыштың соңында тұрады. Мысалы:

1) 我找了他半天了。

2) 我们等了 you 很长时间了。

3) 我们在这儿等他一会儿吧。

Бұл сөйлемдерді де қазақ тілді студенттер уақытты білдіретін сөздерді етістік баяндауыштың алдына қойып) 我半天了找了他 немесе 我们半天找他了, 我们很长时间等了 you немесе 我们很长时

间等你了, 我们在这儿一会儿等他吧 түрінде қолдануға бейім тұрады.

Сонымен қатар қимыл-әрекеттің жалғасу уақытын білдіретін сөздердің сөйлемде қандай етістікпен тіркесіп келгендігіне де қарау керек. 浪费了三天, 写了三天 деген тіркестерде 三天 “қанша уақыт” деген сұраққа жауап беретін “қимылдың жалғасу уақытын” білдіретін сөз. Бірақ, алдынан тіркескен етістіктің мағынасына байланысты 浪费了三天 дегендегі 三天 қимылдың жалғасу уақыты емес, керісінше етістік баяндауыштың толықтауышы болып тұр. Ал 写了三天 дегендегі 三天 қимылдың жалғасу уақытын білдіріп толықтырғыш мүше. мұндай жағдайда 三天 сөзінің толықтауыш немесе толықтырғыш мүше екенін білу үшін “Олардың құрылымын 把..... 给.....құрылымына өзгерту арқылы немесе сұрақ қою әдісі арқылы анықтауға болады” [9; 60]. Яғни, 浪费了三天 дегенді 把三天给浪费了 түрінде айтуға және оған 浪费了什么 деген сұрақ қоюға болатындықтан, 三天 бұл жерде толықтауыш болып тұр. Ал 写了三天 құрылымын 把..... 给.....құрылымына өзгертуге келмейді және оған 写了什么 деген сұрақ қойылмайды. Сондықтан, бұл жердегі 三天 уақыт аралығын білдіретін толықтырғыш мүше болады.

Қысқасы, қазақ тілді студенттер жоғарыдағы жағдайлардың қай-қайсысында қимылдың жалғасу уақытын білдіретін сөздерді ана тілдік дағдының ықпалымен сөйлемде етістік баяндауыштың алдына қоюға бейім тұратындығын ескерген жөн.

Қытай тілінде 离合词 деген атаумен белгілі біріккен күрделі сөздер бар. Мұндай сөздер екі компоненттен құралады да, алдыңғы компоненті етістік, соңғы компоненті зат есім болып келеді. Қытай тіліндегі өзге біріккен сөздерден айырмашылығы - қолданылу қажетіне қарай сөз ретінде және сөз тіркесі секілді арасына басқа сөздер кірігіп те қолданылады. Мысалы: 照相, 聊天, 洗澡, 睡觉, 生气, 唱歌, 跳舞, 上课 т.б. Қытай тілінде мұндай біріккен сөздер етістік ретінде қаралатындықтан, студенттер қимылдың жүрілу уақытын білдіретін жоғарыдағыдай сөздерді олардың соңына қойып 睡觉了八个小时, 聊天了一小时, 唱歌了一晚上 түрінде жиі қолданады. Сол себепті, мұндай сөздердің етістік және зат есім компоненттерден тұратындығын, уақыт мөлшерін білдіретін сөздердің екі компоненттің арасына қойылатындығын студенттер әбден дағдыға айналдырғанша қайталап ескертіп отыру керек.

Қытай тілінде сөйлемнің толықтауыш мүшесі сөз емес, сөз тіркесінен жасалған күрделі толықтауыш болған жағдайда толықтауыш мүше сөйлемнің алдына қойылып айтылады да қимылдың жалғасу уақытын білдіретін толықтырғыш мүше сөлем соңында тұрады. Мысалы:

- 1) 他们研究了一天这个问题。 Дұрысы 这个问题他们研究了一天。
- 2) 我们学了一年这本书。 Дұрысы 这本书我们学了一年。
- 3) 他穿了两年这件衣服。 Дұрысы 这件衣服他穿了两年。

Қытай тілін алғаш үйренушілер сөйлеу тілінде қимылдың уақыт мөлшерін білдіретін толықтырғыш мүше мен қимыл-әрекеттің орындалуын, жүзеге асуын білдіретін 了 шылауының сөйлемдегі орын тәртібін қате қолданатын жағдайлар жиі кездеседі. Мысалы, 我看书了一天, 游泳了一个小时, 学汉语了一年 т.б. Сөйлемдегі етістік баяндауыштың өткен шақты білдіруі 了 шылауы арқылы жүзеге асады және 了 шылауы етістікпен араға басқа сөз салмай тіке тіркеседі. Сондықтан, жоғарыдағы сөйлемдер 我看了一天书, 游了一个小时泳, 学了一年汉语 түрінде айтылуы керек.

Қимылдың жалғасу уақытын білдіретін толықтырғыш мүше бар сөйлемдерде 来, 去 етістіктері баяндауыш болғанда 了 шылауы арқылы екі түрлі мағынаны білдіруге болады. Егер сөйлемде толықтауыш мүше болмаса және 了 шылауы етістік баяндауыштың соңында ғана тұрса, қимылдың аяқталғандығын, өткен шақта болғандығын білдіреді. Мысалы: 我去了一个星期 (Мен бір аптаға бардым). Егер 了 шылауы етістік баяндауыштың соңында және сөйлем соңында да тұрса, қимыл әрекеттің әлі жалғасып жатқандығын білдіреді. Мысалы, 我来了一个多月了。(Менің келгеніме бір ай болды.) Сөйлемде толықтауыш мүше болған жағдайда қимылдың жалғасып жатқандығын білдіру үшін, 了 шылауы тек сөйлемнің соңына ғана қойылады. Мысалы: 我来中国一年了。 Дәл осы сөйлемді қытай тілін алғаш бастап үйренушілер 我来了中国一年了 түрінде бейнелеуге бейім келеді.

了 шылауын сөйлемдегі етістік баяндауыштың соңына қою керек пе әлде сөйлем соңына қою керек пе деген мәселе де өте маңызды. Мысалы:

我买菜了。

我买了一公斤菜。

Мұнда алдыңғы сөйлемде 了 шылауы сөйлем соңында тұр да, екінші сөйлемде етістік баяндауыштың соңында тұр. Қытай тілін алғаш үйренушіге мұндай қолданыстың өзіндік заңдылықтарын түсіндірмесе алдыңғы сөйлем үлгісі бойынша 了 шылауын кез-келген сөйлемнің соңына қойып 我买了一公斤菜了, 他借了一本书了, 我还三本书了, 你换三百块钱了 түріндегі қате қолданыстарға жол береді. Ал 我买了一公斤菜, 他借了一本书, 我还了三本书, 你换了三百块钱 деп түзетсеңіз, 我买了菜, 我吃了饭, 我们做了作业 секілді қате қолданыстарға жол ашыла бастайды. Мұндай сөйлемдерде, егер толықтауыштың алдында анықтауыш болса, 了 етістік баяндауыштың соңынан тіркеседі, мысалы, 我吃了一个苹果. Мұндағы 苹果 толықтауыш, 一个 оның алдынан келген анықтауыш, сондықтан, 了 шылауы баяндауыш 吃 етістігінің соңынан тіркескен. Ал егер толықтауыштың алдында анықтауыш болмаса, 了 шылауы сөйлем соңына қойылады, мысалы, 我吃苹果了 болып айтылады. Мұндай сөйлемдерде егер 了 шылауын етістіктің соңына қойып 我吃了苹果 десек, сөйлем аяқталмаған күйде болады, яғни, мағынасы жағынан қазақша “ Алманы жеп болып” деген көсемше формасында тұрады. Сондай-ақ, 了 шылауы сөйлемде етістік баяндауыштан кейін тіркесе қимылдың орындалып болғандығын, қатысты студентке ерекше ескертіп түсіндіретін тағы бір түйін--- 了 шылауы сөйлем ішінде етістік баяндауыштан кейін қолданылса, қимылдың әлдеашан орындалғандығын білдіреді. Мысалы: 他学了一年汉语. (ол бір жыл қытай тілін үйренді). «үйрену» қимылы аяқтады. Ол бір жыл үйренген, қазір үйреніп жүрген жоқ. Егер 了 шылауы бір мезгілде сөйлемде етістік баяндауыштың соңынан да, сөйлем соңынан да қолданылса, сөйлем мағынасы өзгереді. Бұл жағдайда қимыл-әрекеттің әлі жалғасып жатқандығын білдіреді. 他学了一年汉语了. (Ол қытайша үйреніп жатқанына бір жыл болды). Қытай тілі грамматикасы жөніндегі зерттеу еңбектерінде сөйлемдегі қызметіне қарай кейбіреуінде шақтық шылау, лебіздік шылау деп атаса [10; 183], кей еңбектерде қимылдық шылау және лебіздік шылау деп атайды [11; 143]. етістіктің соңынан тіркескен алдыңғы 了 шылауы шақтық, сөйлем соңынан тіркескен соңғы 了 лебіздік шылау деп түсіндіріледі. Сондай-ақ, шақтық (қимылдық) шылау деп есептелінетін етістіктің соңынан тіркесетін 了 шылауы білдіретін түрлі грамматикалық мағыналары жөнінде ЧиХуяң қатарлы ғалымдар құрастырған «Қазіргі қытай тіліндегі көмекші сөздер жөнінде зерттеулер және шетелдіктерге қытай тілін оқыту» атты зерттеулер жинағында да жан-жақты баяндалған [12; 187-201].

Қытай тіліндегі 是 етістігін де алғаш үйренушілер кейде қолданатын жерде қолданбай, қолданбайтын орында қолданатын жағдайлар жиі кездесіп жатады. 是 етістігінің жеке тұрғанда нақты лексикалық мағынасы жоқ. Қытай тілінде сөйлемнің баяндауыш мүшесі негізінен етістік не сын есім сөздерінен жасалады. Сондықтан, сөйлемде баяндауыш болатын етістік не сын есім сөздері болмаған жағдайда 是 сөзі етістік ретінде баяндауыш қызметін атқарады. Мысалы: 我妈妈是老师, 我是新来的留学生, 那本书是我的, 他是伟大的科学家 т.б. Қазақ тілінде мұндай сөйлемдерде баяндауыш болатын етістік немесе сын есім сөздерін қажет етпей-ақ, зат есім сөздері баяндауыш болып, «мамам мұғалім, мен жаңа келген шетелдік студентпін, ана кітап менікі, ол ұлы ғалым» түрінде қоданыла береді. Осы дағдымен қазақ тілді студенттер қытай тіліндегі жоғарыдағы сөйлемдерді 是 етістігінсіз 我妈妈老师, 我新来的留学生, 那本书我的, 他伟大的科学家 түрінде қате қолданады. Баяндауыш болатын етістік не сын есім сөзі жоқ мұндай сөйлемдерде баяндауыш ретінде 是 етістігі қолданылады деп түсіндірсеңіз, етістік не сын есім баяндауышы бар сөйлемдерге де 是 сөзін қосып, 我妈妈是漂亮, 我是去, 我是吃饭, 我们是上课 сияқты қате қолданыстарға жол береді. Сондықтан, 是 етістігінің рөлін оны ұқсас бір тіркеске қолданған және қолданбаған жағдайда қандай мағыналық өзгеріс болатындығы арқылы түсіндіруге болады. Мысалы:

这是书。Это книга. (сөйлем)

这个书 эта книга (сөз тіркесі)

这本书 (这一本书) эта (одна) книга (сөз тіркесі)

这种书 этот вид книги (сөз тіркесі»)

Бұл тіркестердің сөйлем не сөз тіркесі екендігі және қандай мағынаны білдіретіндігі, 是 етістігінің сөйлем құраудағы рөлі орыс тілінің род категориясы арқылы анық байқалады.



Қытай тілінде етістік не сын есімнен болған баяндауышы жоқ төмендегі үш түрлі жағдайда 是 етістігін қолданбауға болады.

1) Ай, күнді айтқанда. Мысалы:

今天几月几号? 今天十一月十二号。

2) Сағат, уақытты айтқанда. Мысалы:

现在几点? 现在十一点半。

3) Жасты сұрағанда. Мысалы:

你多大? 我十七岁。

Предлог ретіндегі 在 сөзінің сөйлемдегі орнын анықтап түсіндіру де маңызды. 在 сөзі қытай тілінде етістік және предлог ретінде екі түрлі функцияда қолданылады. Предлог ретінде қолданылу функциясы қытай тілін енді бастап үйренушілер үшін проблемалық мәселелердің бірі деуге болады. 在 сөзі предлог ретінде өзі тіркесетін сөдің алдында тұрып қазақ тіліндегі жатыс септік (да, де, та, те) мағынасында қолданылады. Мысалы: 我在语言大学学习汉语。(Мен тіл университетінде қытай тілін оқимын). Осы жатыс септік мағынасын негіз етіп студенттер қазақ тіліндегі да, де, та, те септігімен қолданылған сөздердің барлығының алдына 在 сөзін қояды да, қытай тілінің дағдысында жоқ қате сөлемдерді құрай бастайды. Мысалы:

Тобымызда 10 студент бар。(在我们班有10个学生)

Үстел үстінде көп кітап тұр。(在桌子上有很多书)

Қабырғада Қазақстан картасы ілулі тұр。(在墙上挂着一张哈萨克斯坦地图)

Алдыңғы жақта бір адам келе жатыр。(在前边来了一个人)

Тобымызда (在我们班), үстел үстінде (在桌子上), қабырғада (在墙上), 在前边 (алдыңғы жақта) деген тіркестерде қазақ тіліндегі жатыс септігі жалғанған сөздердің барлығының алдына 在 предлогі қойылған. Әдетте қытай тілінде сөйлем басында 在 предлогі өте сирек қолданылады, қолданылған күнде де соңынан тіркескен сөз немесе сөз тіркесінен кейін үтір қойылып, сөйлемдегі басқа сөздерден оқшауланады. Мысалы: 在众多朋友之中, 我们俩最要好。 Ал әдеттегі жағдайда 在 сөзін жатыс септік қызметіндегі предлог ретінде қолданғанда оның алдында міндетті түрде сөйлемнің басқа мүшесі тұруы керек. Мысалы: 他们俩在阅览室里整整看了一天的书。 Мұнда 在 предлогінің алдында сөйлемнің бастауыш мүшесі тұр.

Жоғарыдағы мысалдардағы 我们班, 桌子上, 墙上, 前边 сөздері орынды білдіретін сөздер, Орынды білдіретін сөздер сөйлемнің басында келгенде олардың алдына әдетте 在, 从 предлогтары қолданылмайды. Сондықтан, қытай тілінің осы дағдысына сай жоғарыдағы мысал сөйлемдердің басына 在 предлогін қолдануға болмайды. «Шетелдіктерге қытай тіліндегі экзистенциалдық сөйлемдерді оқытуға талдау» атты мақаласында ғалым МаЖияли қытай тіліндегі « Орын, мекенді білдіретін сөз + етістік + 着 + адам не затты білдіретін сөз» формасында құрылатын экзистенциалдық сөйлемдерде сөйлемнің басында 在, 从 секілді предлогтардың қолданылмайтындығын айта келіп, қытай тілін оқитын шетелдіктердің мұндай сөйлемдердің басына предлог қойып 在桌子上摆着一台电视、在墙上挂着一个钟表、从柜子里少了一个盘子 секілді ката қолданыстарға жол беретіндігін айтқан [13; 147].

Дәл осыған ұқсас пікірді зерттеуші Лили де айтқан. “Қытай тілін шетелдік студенттерге оқыту барысында байқағанымыздай, шетелдіктер экзистенциалдық сөйлемдерді орынды білдіретін сөздердің алдына ығи да 在 предлогін қойып қолданады. Бұл әдетте ана тілінің тілдік дағдысының ықпалынан болады. Бұл көбінде ағылшын тілді студенттерде жиі байқалатын қателік. Мысалы, “on my desk”(在我的桌子上), “in the room”(在房间里) тағысын тағылар” [14]. Жоғарыда баяндалғандай, дәл осындай қате қолданыстар қазақ тілді студенттерде де жиі қайталаанады.

Сонымен қатар 你去哪儿 (сен қайда барасың) деген сөйлемді қазақ тілді студенттер 你去在 哪儿 деп айтатын қате қолданыстар жиі кездеседі. Мұның себебі оқытушы 在哪儿 дегенді қазақша «қайда» деп аударып беретіндіктен, студент «қайда барасың» дегенді 在哪儿 дегеннің алдына 去 етістігін тіркейді де, 去在哪儿 дейді. Қазақ тілінде «қайда» деген сұрау есімдігі мекенді (қай жерде), бағытты (қай жаққа) деген мағыналарда қолданылады. Сондықтан, студентке қытай тіліндегі 在

предлогі қазақ тіліндегі мекен мағынасында айтылғанда ғана қолданылатындығын, бағыт мағынасында қолданылмайтындығын анық түсіндіру қажет.

Қазіргі кезде қытай тілін зерттеуші ғалымдардың еңбектерінен тілді жан-жақты зерттеген құнды деректер ала аламыз. Яң Гуң, Бониң Лу және Сюесоң Гау зерттеушілердің жасаған талдаулары осының дәлелі болады [15].

*Қорытынды.* Қытай тілінде қазақ тіліне ғана тән ә, і, ү, ұ дыбыстарына толық сәйкес келмесе де, буын ішінде оған жақын айтылатын дыбыстар да жоқ емес. Қытай тілінің тұтас дыбыс жүйесі төрт жүзден аса негізгі буындардан құралады, оның ішінде сексенге жуық буын қазақ тілінде де бар мұрын жолды ң дыбысымен аяқталады. Бұл да ң дыбысы жоқ өзге тілдерге (орыс тілі) қарағанда қазақ тілді студенттердің игеруіне белгілі дәрежеде оңайлықтар туғызады. Жоғарыда аталған қытай тілінде буын ішінде дауысты дыбыстардың қатар қолданылуы секілді фонетикалық мәселелер, сөйлем ішінде қимыл-әрекеттің жалғасу уақытын білдіретін мезгілдік сөздердің етістік баяндауыштың соңында тұруы, сондай-ақ, 是 етістігінің баяндауыш қызметінде қолданылуы, 在 предлогінің жатыс септік мағынасын білдіре тұра сөйлем басында қолданылмауы қатарлы грамматикалық мәселелер қытай тіліне ғана тән өзіндік ерекшелік болғандықтан, қытай тілін енді бастап үйренуші қазақ тілді студенттердің игеруіне, дағдылануына қиындық туғызатын проблемалық мәселелер болып табылады. Әсіресе, үндестік заңымен сөйлеуге дағдыланған қазақ тілді студенттер ашық және қысаң дыбыстар қатар айтылып құбылып отыратын қытай тілінің дыбыс жүйесіне бірден дағдылана алмайды. Әрқандай тілді дұрыс меңгеру оның фонетикасынан бастау алады. Үйренетін тілдегі дыбыстау қағидаларын алғаш бастаған кезде дұрыс меңгермесе, дұрыс дыбыстау дағдысын қалыптастырмаса, уақыт өте келе қалыптасқан қате дағдыны түзету-оны алғаш бастап үйренгеннен де қиын болады. Сондықтан, қазақ тілді студенттерге қытай тілін оқыту барысында бұл мәселелерге ерекше мән беріп, арнайы түсіндіріп отыру қажет.

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. Зиядаұлы Б. (2013) Қытай тілі фонетикасын оқытудағы кейбір өзекті мәселелер // ҚазҰПУ–нің Хабаршысы, «Көп тілді білім беру және шетел тілдері филологиясы» сериясы, №1, 137-138 бб.
2. ХуаңБоруң, ЛяуШүйдүң (2012) Қазіргі қытай тілі. 1-бөлім. Бейжің: Жоғары білім беру баспасы, 81 б.
3. СуньДыжинь (2005) Қытай тілі грамматикасының оқулығы. Бейжің: Бейжің тіл университетінің баспасы. 247 -б.
4. Қалибекұлы Т. (2018) Қазіргі қытай тілінің грамматикасы (синтаксис). Алматы, «Мерей» баспасы. 122-б.
5. Лушунь, ЖаңКай, ЧыньШи, ШіЖияуый, ЛюШыхуей, ЗуоШаньдань (2014) Қытай тілінің жаңа практикалық курсы. –Бейжің: Бейжің тіл университеті, 43-44 бб.
6. ЯңЖижоу, ЛиНиң, СуйЯнь (2004) Қытай тілі оқулығы. 1-курстарға арналған, 2-бөлім. Бейжің: Бейжің тіл университеті, 58-59 бб.
7. Чю Жунь, ПыңЖіпиң, ЖанНуей, ЖаңЛи (2017) Табысқа жетудің жолы. 1-бөлім. Бейжің: Бейжің тіл университеті, 61-64 бб., 18-19 бб.
8. ЛуФубо (1996) Шетелдіктерге арналған қытай тілінің практикалық грамматикасы. Бейжің: Бейжің тіл және мәдениет университеті, 206-207 бб
9. ХуаңБоруң, ЛиУей (2012) Қазіргі қытай тілі. 2-бөлім. Бейжің: Бейжің университеті, 60-61 бб.
10. ЖауЖиңминь, ХуЮуишу, ЛуЖияньмиң (2003). Қытай тілінің жалпы теориясы. Шанхай білім беру баспасы. 183-184 бб.
11. ЧыньТяньшунь, ЖуаңЛайруң (2009) HSK- де жиі қолданылатын көмекші сөздерге түсініктеме. Бейжің тіл университеті баспасы. 143-147 бб.
12. ЧиХуяң, ЧыньЧанлай, УУейшань, ЖаңИшың (2008) Қазіргі қытай тіліндегі көмекші сөздер жөнінде зерттеулер және шетелдіктерге қытай тілін оқыту. Фудань университет баспасы. 187-201бб.
13. МаЖияли (2014) Шетелдіктерге қытай тіліндегі экзистенциалдық сөйлемдерді оқытуға талдау. АньХуей әдебиеті журналы. 9-сан, 147-150 бб. <https://www.xzbu.com/1/view-6106165.htm>
14. Лили (2012) Шет елдік студенттердің экзистенциалдық сөйлемдерді қолданудағы қателіктеріне талдау. «Солтүстік әдебиеті» журналы. 2012-жыл 5-сан. <https://www.xzbu.com/5/view-3080164.htm>
15. Gong, Y., Lyu, B. & Gao, X. (2018) Research on Teaching Chinese as a Second or Foreign Language in and Outside Mainland China: A Bibliometric Analysis. *Asia-Pacific Edu Res* 27, 277–289. <https://doi.org/10.1007/s40299-018-0385-2>

**Анализ фонетических и грамматических ошибок при изучении китайского языка, выявленных на начальном этапе у студентов казахского отделения**

**Б. Зиядаулы, Р.Б. Джельдыбаева**

Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,  
г. Алматы, Казахстан

[batenke\\_89@mail.ru](mailto:batenke_89@mail.ru), [nawrao@mail.ru](mailto:nawrao@mail.ru)

Фонетики казахского и китайского языков отличаются тем, что в казахском языке не употребляются гласные звуки подряд в одном слоге, а в китайском языке встречаются два и более гласных звука вместе. В связи с чем, под влиянием родного языка у студентов вызывает определенные трудности при произношении китайских звуков и слогов. Во-вторых, являясь одним из аналитических языков, китайский язык не имеет морфологических изменений. В китайском языке порядок слов и вспомогательные слова играют важную роль. Порядок слов в предложении китайского языка отличается от казахского языка, который очень богат морфологическими изменениями. В результате казахоязычные студенты под влиянием родного языка допускают ошибки в построении китайских предложений. В данной статье рассматриваются трудности фонетических и грамматических аспектов языка, и способы решения вызванных трудностей в изучении китайского языка на начальном этапе.

**Ключевые слова:** китайский язык, гласный звук, согласный звук, слог, предложение, члены предложения, глагол, сказуемое.

#### **Analysis of grammatical and phonetical mistakes of students of Kazakh department in learning Chinese language in the beginner`s level**

**B. Zeyadauly, R.B. Jeldybaeva**

Ablai Khan Kazakh University of International Relations and World Language, Almaty, Kazakhstan

[batenke\\_89@mail.ru](mailto:batenke_89@mail.ru), [nawrao@mail.ru](mailto:nawrao@mail.ru)

The phonetical aspect of Kazakh and Chinese language differ from each other with that Kazakh language has not many vowel sounds together in a syllable, but Chinese language has two or more vowel sounds at once in one syllable. So under this influence students of Kazakh language have difficulties in pronouncing Chinese sounds and syllables. Secondly, being one of the analytical languages Chinese language has not morphological changes. The word order and auxiliary words in Chinese play important role. The word order in a sentence in Chinese language differ from Kazakh language which is rich in morphological changes. As a result of these students may have difficulties in making up sentences. The article deals with the difficulties in phonetical and grammatical aspects of a language and ways of setting these problems in learning Chinese in the beginner`s level.

**Key words:** Chinese language, vowel sounds, consonant sounds, syllable, sentence, verb, predicate.

Редакцияға 19.02.2020 түсті.

ҒТАХР 16.41.21

## ПАРСЫ ТІЛІНДЕГІ ТҮРКІ КІРМЕ СӨЗДЕРІ

*Р.К. Садықова<sup>1</sup>, Н.Т. Әтейбекова<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан,

<sup>2</sup> Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы,

[rsadykova516@gmail.com](mailto:rsadykova516@gmail.com), [nurzyaa-78@mail.ru](mailto:nurzyaa-78@mail.ru)

Кірме сөздер – бір тілден екінші тілге сөздердің енуі нәтижесінде қалыптасқан сөздер және тілдің сөздік құрамын байытушы негіздердің бірі. Бір тілден екінші тілге сөздердің енуі, тарихи жағдайға және экономикалық, сауда, мәдени қатынастарға және т.б. байланысты. Парсы тілінде кірме сөздер өте көп, себебі парсы тілі сан алуан өзгерістерге ұшырап, басқа тілдерден енген сөздермен лексикалық сөздік қоры байып, толығып отырды. Мысалы: араб, түрік, орыс, француз және ағылшын тілдерінен өте көп енген. Әр тілдің өзіндік тарихи жолдары бар. Қазіргі кезде Иран елі басқа тілден енген кірме сөздерінің орнына парсы тіліндегі баламасын тауып, енгізіп жатыр. Бұл мақалада иран мен түркі халықтарының арасындағы ұзақ тарихи жылдар барысында тюркизмдердің парсы тіліне ену жолдары жайында баяндалады. Мақаланы жазу барысында дереккөздерді жинау, жүйелеу, талдау, қорыту және салыстыру әдістері, тарихи-салыстырмалы, салғастыру тәсілі қолданылды.

*Түйін сөздер:* парсы тілі, түрік тілі, кірме сөздер, аффикс, лексика, тарихи байланыс.

Кез-келген тілдің сөздік құрамына қоғам өміріндегі болған өзгерістер, атап айтқанда әрдайым көрсетіліп жүрген саяси және экономикалық қайта құрулар, мәдениет, ғылым мен техника, өнердің көп ғасырлық тарихы бойындағы дамуы өз әсерін тигізбей қоймайтыны баршамызға мәлім. Яғни, тілдің сөздік құрамы бір ғана өзінің ішкі мүмкіншіліктері арқылы толығып кемелденбейтіні бәрімізге де аян. Өзінде жоқ сөздерді өзге тілдерден алу арқылы да тіл өзінің сөздік құрамын байытып, дамытып отыратынын баршамыз білеміз. Қандай да болмасын халықтың даму тарихына көз жіберсек, өзге халықтармен саяси, экономикалық, сауда-саттық, мәдени және ғылыми жағынан үнемі тығыз байланыста болғандығын көреміз. Мұндай жан-жақты қарым-қатынастың нәтижесі, әрине тілдің сөз құрамынан айқын байқалады. Біздің сөз етейін деп отырған мәселемізде парсы тілінің тілдік құрамындағы толықтырулар мен түрік тілінен енген сөздер төңірегінде болмақ.

Иран халқы басынан кешкен ұзақ даму тарихында бірқатар елдермен араласып, әр түрлі кезеңде түрлі қарым-қатынастар жасаған. Сол елдердің бірі – Түркия елі. Осылай ерте кезден ирандықтар түркі тілдес халықтармен тығыз байланыста болды. Тарихи-археологиялық, көркем әдебиеттерде кездесетін түркі тілдерінің сөздері де біршам кездеседі. Сондай-ақ түркі-монғол сөздері де парсы тіліне әсер етпей қойған жоқ. Бұл тілдер қазіргі парсы сөздік қорында араб пен европа тілдерінен кейін үшінші орынды иеленді. Ирандық әдіскер ғалым Ахмад Саффар Моқаддам парсы тілінде басқа тілдердегідей көптеген тілдерден кірме сөздер енген, соның ішінде араб, европа, түркі, монғол, қытай тілдерінің сөздері бар екендігіне тоқталған. Мысалы: түркі тілінен [otaq], [boshqab], [qashoq], монғол тілінен [ago], [xanum], [miz], қытай тілінен [shai], [sini] және т.б. тілдерден енген кірме сөздерге тоқталып өтеді [1;185].

Жер шарында өмір сүріп келе жатқан үлкенді-кішілі халықтардың қай-қайсысында болсын өзге тілдерден ауысып келген кірме сөздер көптеп кездеседі. Ұсақ халықтарды айтпағанда, мәдениеті дамыған, гүлденіп өскен, тарихы тереңде жатқан елдердің өзінде кірме сөздер айтарлықтай кездеседі. Сондай елдердің бірі Иран елінің сөздік қорларынан кірме сөздерді кездестіруге болады. Иә, тек біз сөз етіп отырған түрік және парсы тілдердің ғана емес, қай тілдің болса да, сөздік құрамы өзінің даму барысында басқа тілдерден енген сөздермен толысып отырады. Бір тілден екінші тілге сөздердің енуі, тарихи жағдайға және экономикалық, сауда, мәдени қатынастарға және т.б. байланысты болғаны туралы осы уақытқа дейін айтылып келді, әрі де айтылуда. Тілдегі сөздер әрбір халықтың рухани және материалдық мәдениетінің, тарихының, бүкіл

бітім болмысының жаркын айнасы. Тілде халықтың салт-санасы мен әдет-ғұрпының, менталитеті және т.б. белгілері болары сөзсіз.

Парсы тіліне араб тілінен кейін әсер еткен негізгі тіл – түрік тілі болып табылады. Түрік және парсы тілдерінің өкілдері Жібек жолы арқылы сауда жасауда жақсы қарым-қатынаста болған. Екі ел арасындағы алғашқы қарым-қатынас Сасанидтер дәуірі патша Хосроу Аниширван мен алғашқы Түрік қағанаты кезінде дипломатиялық және әскери тұрғыда болған. Ал, Саманидтер дәуірінде (IX- X ғғ.) түрік әскерлері Иран жеріне көптеп кіргізіле бастады. Сондай-ақ, шығыс түрік тілінде сөйлейтін қашқар тайпасы Иран жеріне орналасып, парсы тіліне өз әсерлерін тигізген. Иранда басқа да түрік тілдес халықтар тұратын аралдар бар. Ал, батыс түрік тілінде немесе оғыз диалектісінде сөйлейтін Түрікмен тайпасы Горган жерінде парсы тілінде сөйлейтін халықтармен бірге өмір сүрген. Ғазнавидтер мен Селжұқтардың ел билеген тұсында парсы-дари тіліне көптеген түркі сөздері енді.

Оңтүстік Кавказдың Шығыс Еуропа мен Оңтүстік-Батыс Азия шекарасында орналасуы, осылайша әлемнің екі бөлігінің байланысы, шалғай аймақтар арасындағы саудаға мүмкіндік беретін құрылық, теңіз және өзен жолдарының болуы (Солтүстік Жібек жолы Былғары жолы) Кавказдың саяси және географиялық маңызға ие екенін көрсетеді. Халықтардың тұрақты қозғалысына байланысты Кавказ тұрақты көші-қон үдерісінің өрісі, сонымен қатар тілдер мен мәдениеттердің өзара әрекеттесуі нәтижесінде болды. Әсіресе Селжұқтардың (Оғыз-Түрікмендер) Шығыс Анадолы мен Оңтүстік Кавказға шабуылдары жиі болды [2; 275]. Осы тұста да тілдік алмасулар орын алды.

Ал Шыңғысхан Иранға шабуыл жасаған тұсында, яғни 1249-1528 жылдарында парсы-дари тіліне көптеген монғол сөздері енген болатын, бұның өзі Сефевидтер мемлекетінің құрылуымен тұспа-тұс келеді.

XVI ғасырда Сефевидтер Иранды жаулап алды да түрік тілін әскери әрі ресми тіл ретінде жариялаған. Түрік тілі осы тұста және де Афшаридтер мен Каджарлар дәуірі кезінде де кең қолданылған [3;6]. Бұл, әрине парсы тіліне түрік сөздерінің етене еніп қолдануына осындай тарихи жағдайлар себепші болып, өз әсерлерін тигізді деуге әбден болады.

Неміс ғалымы Г.Дёрфер ғылыми еңбегінде парсы тіліне түрік тілі сөздерінің енуін үш кезеңге бөліп қарастырады:

1-кезең: Оңтүстік және шығыс түрік элементтерін қамтитын ежелгі түрік сөздері;

2-кезең: Оңтүстік және шығыс түрік, монғол элементтерін қамтитын орта түрік және монғол сөздері;

3-кезең: Таза оңтүстік түрік элементтерін қамтитын жаңа түрік сөздері.

«Егер Ғазнавидтер билігін Ирандағы түрік үстемдігінің бастауы деп қарастыратын болсақ, түркі сөздері алғаш рет парсы тіліне осы кезеңде берілген Абу-ль-Фадль Мухаммад ибн Хусейн аль-Байхаки еңбегі арқылы енген», -деп көрсетеді ғалымдар. Алайда кейбір зерттеушілер бұл пікірді дұрыс деп санамайды. Олардың пікірінше алғаш рет парсы тіліне түрік сөздері Селжұқтардың ел билеген тұсында ене бастаған. Сондай-ақ, басқа зерттеушілер парсы тілінде түрік сөздері Селжұқтарға дейін кездескенін айтады. Бұдан шығатын қорытынды, парсы тіліне түрік сөздері түрлі кезеңдерде ене бастаған.

Парсы поэзиясы әлемдегі ең әдемі поэзияның бірі болып саналатындығы жазушылар арасында әрі әдебиетке қызығушылық танытушылар арасында белгілі. Түркі тілінен енген сөздер парсы поэзиясы мен көне мәтіндерінен орын алды. Әлемге әйгілі Фердаусидің «Шахнаме» шығармасынан (tagin «батыр, қаһарман», buq «айқай» секілді т.б.) түрік сөздерін және түрік антропонимдерін кездестіруге болады. Сондай-ақ бізге жеткен көне Асади Тусидің «Луғат-е фарси» сөздігінде біраз тұрмысқа қатысты, yarandaq, sarog, qalpa және т.б. секілді түрік сөздері көрсетілген. Ал, парсы тілді оқырмандарға 3 томдық көркем мұра қалдырған Иранның қазіргі заманғы атакты ақыны Шахрияр еңбектерінде түрік тілінен енген көне әрі тарихи сөздермен қатар 150-ден астам ортақ сөздер мен тіркестер бар екендігін Гулиев Эльман Исмаил оглы «Общепотребительные тюркизмы в персидском творчестве М. Шахрияра» атты мақаласында көрсеткен [4].

Парсы және түркі тілдерінің жақындасуының синтаксистік құбылыстары өте таңқаларлық, себебі бұл тілдердің құрылымы әр түрлі. Алайда ұқсастықтарды да байқауға болады. Жоғарыда атап көрсетілген дәуірлерде түрік сөздері парсы тіліне өз әсерін тигізіп, парсы тілі лексикасының дамуына өз әсерін тигізгенін көруге болады. Кірме сөздердің көбісі экономика, мәдениет, сауда,

тұрмысқа қатысты сөздер болып табылады. Әскери лексикаға байланысты түрік тілінен парсы тіліне енген әрі жиі қолданылатын кірме сөздерге: *tur* «зеңбірек», *tofang* «қару», *kasik* «кезекшілік» секілді сөздерді атап айтуға болады.

Ал, «*tuman*» түрік сөзі алғашқы кезде «он мың» деген мағынада қолданылған, кейін бұл сөз иранның ақшасы-«туман» деген мағынасына ауысып осы уақытқа дейін қолданылып келеді. Қазіргі таңда «*boluk*» түрік сөзі Иранның кей аумақтарында «аудан» деген мағынада қолданылады, бұрынғы кезде бұл сөз «әскери қатар» деген мағынада қолданылған. Бастапқыда «*azuqe*» деген сөз «әскери азық» деген мағынада қолданылса, қазір парсы тілінде бұл сөз «азық, тамақ» мағынасында кең қолданылады.

Түрік тілінен енген әскери сөздер Реза патшаның бұйрығынан кейін парсы сөздеріне алмастырылды. Мысалы, *saqlow* «гарнизон» сөзінің орнына қазір *radegan* парсы сөзі, *qosun* «армия» сөзі *artesh* сөзіне, *qaravul* «қарауыл» сөзінің орнына *negahban* сөзі қолданылды.

Тұрмысқа қатысты түрік сөздері де парсы тілінде кең қолданылды. Мысалға, *qasoq* «қасық», *basqob* «тәрелке», *alاک* «елек», *dogme* «түйме», *otaq* «бөлме», *tosaq* «төсек», *qeici* «қайшы», *otu* «үтік» сөздерін айтуға болады. Ал, сауда-сатық саласына, ауыл шаруашылыққа байланысты *tutup* «темекі», *gomroq* «кеден», *qeslaq* «қыстау», *yaulaq* «жайлау», *batlaq* «батпақ», *alaciq* «шатыр», *saqqez* «сағыз» сөздерін айтуға болады.

Аң, құс және өсімдік атауларын да кездестіруге болады, мысалы: *ogdaq* «үйрек», *qaz* «қаз», *olaq* «есек», *qus* «сұңқар», *qarç* «саңырауқұлақ», *qeysi* «шабдалы түрі», *qaraqus* «түйғын», *qater* «қашыр» [4]. Кейбір түрік сөздері парсы тіліне етене еніп, кеңінен қолданылады. Бұндай сөздерге *souqat* «сыйлық», *saq* «толық», *sabok* «айлакер», *qati* «аралас», *kusek* «кішкентай» т.б. секілді сөздерді жатқызуға болады.

Парсы тілінде өз кезінде кеңінен қолданылған, алайда қазіргі таңда архаизмге айналған түрік сөздері де бар. Мысалы: *karuci* «есік күзетшісі», *dolmac* «аудармашы», *ilci* «елші», *dustaq* «түрме» сөздерін айтуға болады. Дегенмен парсы тіліне түрік тілі сөздерімен қатар кейбір сөз тудырушы аффикстер де енген. Сондай аффикстерге қысқаша тоқтала кетсек:

«-*ci*» түрік суффиксін парсы тілінде жиі кездестіруге болады. Мысал ретінде *sekarci* «аңшы», *ma'danci* «кенші», *doroskeci* «арбакеш», *jarci* «жаршы, хабаршы», *guznameci* «газетші», *masvaratci* «ақылшы, кеңесші», *sinimaci* «киношы», *postci* «пошташы» және т.б. сөздерін келтіруге болады.

«-*tas*» түрік суффиксі парсы тілінде аз қолданылады. Көптеген бұл суффикс арқылы жасалған сөздер архаизм болып табылады. Мысалы: *xeyltas* «әріптес», *xajetas* «мырза», *sahrtas* «жерлес» секілді сөздерді айтуға болады, алайда бұл сөздер жоғарыда айтылғандай қазіргі таңда парсы тілінде қолданылмайды.

«-*ulu*» суффиксі парсы тілінде кішірейтіп көрсету мағынасында қолданылады. Мысалы: *zangule* «кішкене қоңырау», *kuculu* «кішкентай», *qizulu* «кішкене бүкір».

«-*me*» суффиксі арқылы *surme* «сүрме», *çakme* «етік», *dolme* «долма» сөздерін мысал ретінде келтіруге болады.

«-*basi*» түрік сөзі парсы тілінде сөз жасаушы ретінде қолданылады. Мысалы: *uzbasi* «жүзбасы», *baqbanbasi* «аға бақшашы» *tajerbasi* «көпес басшысы» [5;38].

Н.И.Толстой айтып кеткендей, тіл мен этникалық топтың тағдыры әрқашан тығыз байланысты болды. Парсы тіліндегі кірме сөздер, соның ішінде түрік сөздерінің санын нақты айту өте қиын. Себебі, тіпті сол тілдің өзінің лексикасындағы сөздерді анықтау қиын. Сол тілдің сөзі екендігін не кірме сөз екендігін тек нақты дәлелдер келтіріп, арнайы құжаттар мен сөздіктерге сүйене нақты айта аласың. Белгілі бір тілден енген және түпнұсқа сөздердің санын лексикографиялық жолмен есептеу оңай. Қазіргі парсы тіліндегі толық сөздіктердің бірі саналатын Әли-Ақбер Нафисидің сөздігінде 158431 лексема жазылған, олардың 99522-і араб тілінен енген сөздер болып табылады. Сонымен қатар, бұл лексема арасында түркі тілдес және еуропалық тілдерден енген сөздер де бар. Бір тілден екінші тілден енген сөздерді анықтауда әдеби шығармалардың маңызы зор. Сондай шығармалардың бір атақты Фирдаусидің «Шахнама» туындысы. Шахнамада шетелдік кірме сөздер өте аз қолданылған.

Иран Ислам Республикасында 1935-1941 жылдары парсы тіліндегі кірме сөздерінің үлесін қысқартуға бағытталған пуристикалық үрдістерді жарияламағанда парсы тілінде кірме сөздер, соның ішінде түркі тілінен енген сөздер саны көп болуы ықтимал еді. Аталмыш мақала М. Моинның

6 томдық сөздігін негізге ала жазылған. Сөздікке жасалған талдау негізінде парсы тілінде кездесетін 500-ге жуық түрік сөздері теріліп алынды. Ал, осы мақала соңында аталмыш сөздікке сүйене парсы тілінде кездесетін түрік сөздерінің қысқаша тізімін ұсынып отырмыз. Айта кетейік, беріліп отырған сөздер парсы тілінде өте жиі қолданылатын түрік сөздері болып табылады. Ал, парсы тілінен енген түрік сөздері М.Моин сөздігі бойынша анықтағанымыздай 500-ден асады [6]. Төменде аталмыш сөздер беріледі.

Кесте-1–М.Моин сөздігіндегі парсы тіліндегі кейбір түрік сөздерінің берілуі:

№	Қазақша аудармасы	Транскрипция	Парсыша аудармасы
1.	азық	азуқе	آزوقه
2.	ақ	ақ	اق
3.	ақсақал	ақ сәкәл	اق سقل
4.	алтын	алтун	التون
5.	әке	ата	اتا
6.	бөлме	отағ	اتاق
7.	лагерь	урду	اردو
8.	үйрек	ордак	اردك
9.	арыстан, батыр	арслан	ارسلان
10	сыйлық	әрмәған	ارمغان
11	есек	ешәк	اشك
12	есек	олағ	الاغ
13	елші	илчи	ايلچي
14	әпке	баджи	باجي
15	басып шығару	басма/ә	باسمه
16	баспашы	басмәчи	باسمه چي
17	кебіші	башмағчи	باشماقچي
18	басшы	баши	باشي
19	бай	бай	باي
20	пошташы	постчи	پستچي
21	атқыш	тофангчи	تفنگ چي
22	телефоншы	телефончи	تلفن چي
23	қаракүйрық	джейран	جيران
24	семіз, толық	чағ	چاق
25	бауыр, аға	дадаш	داداش
26	су	су	سو
27	сыйлық	суғат	سوغات
28	заңсыз жолмен сауда жасау	ғачағ	قاچاق
29	заңсыз жолмен сауда жасаушы	ғачағчи	قاچاقچي
30	қасық	ғашоғ	قاشق
31	қызыл түс	ғезел	قرل
32	алабалық	ғезелала	قرل الا
33	қыстау	ғешлағ	قشلاق
34	көмек	комәк	كمك
35	жаға	иақе	يقه

Кірме сөздер үшін басты шарт – көстiлдiлiк деген пiкiр лингвистер арасында кең тараған. Осындай пiкiрдi бiлдiрушiнiң бiрi Венгр зерттеушiсi Б. Шулан «Сөздіктегі кірменің көбісі көстiлдiлiк ортадан пайда болады, өз ортасында ғана белгiлi шетелдiк сөздi алдымен қос тiлде сөйлеушiлер қолданады, содан соң тiлдiк салада кең көлемде таралады. Кейiннен ол сөз жазба сөзге кiрiп, тiлдiң барлық саласын қамтиды», -деп атап өтедi [7;122]. Кейбiр зерттеушiлер «кiрме сөз» деген терминдi басқа ұғымда және «сөздiң бiр тiлден екiншi тiлге ауысуы» дегендi басқа мағынада

түсіндіреді. Мақалада түрік тілінен парсы тіліне сөздердің енуінің басты себептері жайында, яғни сөздердің экономикалық, сауда, саяси және мәдени қатынастарға байланысты болғандығы жайлы қысқаша мәліметтер беріледі. Атап айтар болсақ, парсы тілінің тіл ерекшеліктеріне мән беріліп, түрік тілінен енген кірме сөздердің парсы тілін байытуға зор үлес қосатыны жөнінде парсы, түрік, ағылшын және қазақ, орыс тілдерінде бірқатар мақалалар жазылғанын айтуға болады. Осы орайда Г.М. Оруджеваның «Молодой учёный» ғылыми жастар журналында жарияланған «Turkic household utensils lexicon in medieval Persian dictionaries» мақаласына сілтеме жасай келе мақалада көрсетілген «Ғасырлар бойы адамның дене мүшелері көптеген сөздерді, сөз тіркестері және топонимдерді құрудың негізгі көздері болды» деген көзқарасына толықтай қосыламыз [8; 442]. Иә, шын мәнісінде адамның дене мүшелері бір тілден екінші тілге кірме сөз ретінде еніп қоймай, сөз тудырушы да болды. Мысал ретінде «кәмәр», яғни «бел» деген сөзді айтуға болады. Сонымен қатар, басқа да сөздерді айтуға болады. Жалпы мақалада айтып өткендей түрік тілінен парсы тіліне енген сөздердің өзі М. Моинның сөздігі бойынша 500-ден асады, ал сол сөздер арқылы жасалған сөздерді қоссақ, әрине бұл сөздердің саны артатыны анық. Г.М. Оруджева мақаласында өте жақсы мысалдар келтіре отырып, парсы тілінде түрік тіліндегі сөздердің қолданылуын көрсете алған. Г.М. Оруджева мақаласында екі тілде де сөйлемдер беру арқылы нақты көрсетіп, сөздердің сөздіктерде қандай мағына беретіндігін ашып көрсеткен.

Сондай-ақ, Н.Ағабаның «Fars dilinde Türk dilinden alinti sözcükler» атты мақаласында айта кетуге болады. Мақалада автор «Парсы тілінде қолданылатын түрік сөздері, олардың фонетикалық өзгеруі және парсыша айтылуы туралы ешқандай дерлік еңбектер жазылмаған. Парсы және түрік тілдерінің лексикалық және фонетика салаларындағы байланысы зерттелген кезде, осы екі тілдің кейбір зерттелмеген мәселелерін байқауға болады», - делінген [9; 667]. Бұған бізде мақала жазу барысында көзімізді жеткіздік. Сонымен қатар, Н.Ағабаның өзінің «Fars dilinde Türk dilinden alinti sözcükler» атты мақаласында бірқатар авторлар еңбектеріне сілтеме жасай келе, парсы тілінде қолданылатын кейбір түрік сөздерінің парсы тіліне енген кезінде парсы тіліне тән ережелерге сәйкес өзгергендігін көрсеткен. Мақалада парсы тілінің диалектілерінде әзербайжан түрікшесінен енген сөздердің санының көп екендігі айтылған. Мақалада автор Н.З. Хатемидің «Тегран диалектісі» деген еңбегін негізге ала отырып, тек бір Тегран диалектісінің өзінде 150-ге жуық түрік сөзі бар екендігін айтады. Автор мақаласының соңында қазіргі парсы тілінде қолданылатын түрік сөздерінің тізімін көрсеткен. Тізім бойынша 55 сөз берілген [10; 673-674]. Әрине бұл мысал ретінде ғана берілген сөздер болуы ықтимал, себебі парсы тілінде қолданылатын сөздер тізімі бұдан да көп. Біз бұны М.Моин сөздігімен жұмыс жасаған сәтте көзімізді жеткіздік.

Әрі Зилфер Хусейнулы «Türkçeden Farsçaya Geçmiş Kelimeler» атты Сефевидтер дәуірі кезеңін мысалға алып жазған еңбегінде парсы тіліндегі түрік сөздерінің көптеп кездесетіндігін көрсеткен. Мақалада Сефевидтер дәуірі кезіндегі парсы тіліне түрік тілінен енген сөздер жеке-жеке тақырыпшалар арқылы көрсетілген. Атап айта кетсек:

- әскери терминдер, соның ішінде қару-жарақтар мен соғыс құралдарының атаулары;
- саяси терминдер;
- отбасына қатысты терминдер;
- әлеуметтік терминдер;
- грамматикаға қатысты терминдер.

Зилфер Хусейнулының «Türkçeden Farsçaya Geçmiş Kelimeler» атты Сефевидтер дәуірін ғана мысал ретінде алған еңбегінен бірқатар терминдердің әр сала бойынша енгендігін байқауға болады. Автор мақаласының соңында парсы тіліне енген түрік сөздерінің кейбірінің тек Сефевидтер дәуірінде ғана қолданылғанын және осы кезеңнің соңына қарай олардың парсы тілінде қолданыстан шығып кеткендігін, ал кейбір сөздердің тіпті бүгінгі күнге дейін парсы тілінде де қолданылатындығын айтып өткен.

Араб тілінен енген сөздер түркі сөздерінде де кездеседі. Бірақ парсы тілінде түркі сөздері саны жағынан араб тілінен кейін орын алады. Кейбір орыстың ғалымдары да парсы тіліндегі түркі кірме сөздерін араб тілінен соң қояды [11; 808].

Парсы лексикасының тағы бір маңызды құрамдас бөлігі – бұл әскермен, тұрмыстық, мал шаруашылығымен, географиялық нысандармен байланысты лексикаға енген түркизм болып табылады [12]. Ауызша және жазбаша парсы тілі лексикасына қатты түркі тілі әсерін көптеген



күнделікті әзірбайжан тіліндегі сөздері дәлелдейді [12]. Ж.Р. Перридің пайымдауларына қарағанда парсы тіліне шамамен 1200 әзірбайжан сөзі кірген, ол сөздердің енуі Иранда әзірбайжан билеушілері тұсында негізінен XVI ғасырдан бастап тұрған кезеңнен басталды. Мұндағы кірме сөздер негізінен әкімшілік атауларға және әскери терминдерге қатысты [13]. Сефевидтер дәуірінде Иранда пайда болған атыс қаруларына байланысты көптеген сөздер әзірбайжан тілінен алынған кірме сөздер болып табылады. Мұндай сөздерге «туфанг», «чақмақ», ал басқару саласында: «минбаши», «юзбаши», «бейклербейки», «болук» деген сөздерді айтуға болады [14]. Әзірбайжан және парсы халықтарының қарым-қатынасына байланысты шешлик (әзірбайжан тілінде *şişlik*), долма (әзірбайжан тілінде *dolma*), тағам түрі (әзірбайжан тілінде *qıymə*), жаға (әзірбайжан тілінде *uxha*) және т.б. сөздер әзірбайжан тілінен алынған. Сондай-ақ парсы тілінде әзірбайжан тілінен тағам түрі (әзірбайжан тілінде *qab*), қасық (әзірбайжан тілінде *qasıq*), қазан (әзірбайжан тілінде *qazan*), қайшы (әзірбайжан тілінде *qauçı*), қаз (әзірбайжан тілінде *qaz*), ауыз (әзірбайжан тілінде *ağız*), айран (әзірбайжан тілінде *qatıq*) [14], сегіз (әзірбайжан тілінде *səkkiz*), қорғасын (әзірбайжан тілінде *qu(o)qıuşın*) және т.б. сөздер бар [15].

Сефевидтер кезеңінде қызылбас (әзірбайжан тілінде *qızılbaş*), асқабақ (әзірбайжан тілінде *qabaq*, *balqabaq*), өндіріс (әзірбайжан тілінде *qənimət*) және т.б. әзірбайжан сөздері парсы тілінің аясын кеңейтуге септігін тигізді [14,41]. Кейбір парсы тіліндегі алынған сөздер әртүрлі мағынаға ие болды. Мысалы, ежелгі әзірбайжандық төсек «ятаг» және керней «бурга» сөздері парсы тілінде *بیگ* (йедек) және *بوغ* (*bug*) деп өз мағыналарын өзгертті [[14,40]. Әзірбайжан тілінен алынған аш «сорпа» мағынасында қолданылады, ал бұрындары әзірбайжан тілінде бұл сөз «палау» дегенді білдірген [16].

Миннуллин Б.К. «XX ғасырдың басындағы татар баспа тіліндегі араб-парсы және түрік кірме сөздері» атты мақаласында көрсеткендей араб-парсы және түркі кірме сөздері татар тілдеріне өз әсері болғаны жайында дәлелдер береді [17]. Осы орайда, түркизмді тек парсы тілінде емес, бәлкім орыс тілінде зерттеу кеңінен зерттеуді қажет ететіні жайында Г.И. Марданова және т.б. авторлық әріптестікте жазған «Complex Corpus Of Turkisms Of The Russian Language» атты мақаласында көрсеткендей «Тілдік байланыстар мәселесі әрдайым отандық және шетелдік тіл білімі ғалымдарының зерттеулері деңгейінде қарастырылып, көп ұлтты мемлекет, яғни Ресей жағдайында ерекше маңызға ие. Көптеген қазіргі заманғы еңбектерде орыс тіліндегі түркі элементтерін мұқият зерттеудің маңыздылығын атап көрсетеді» [18;147]. Осы берілген деректерге сүйене отырып, қазіргі ғылым саласында түркі сөздерін парсы және тағы басқа тілдерде жан-жақты, терең зерттеу – заман талабы болып табылады.

Жалпы қорытындылай келсек, парсы тіліне түрік сөздерінің Сефевидтер дәуіріне дейін де ене бастағанына және түрік сөздерінің түрлі салада енгеніне көз жеткіздік. Сонымен қатар, парсы тіліне түрік сөздерімен бірге, бірқатар сөз тудырушы түрік аффикстері де енген және нәтижесінде парсы тілінде біраз сөздер пайда болған. Сондай-ақ осы тақырып аясында шетел ғалымдарынан П. Пеллиот, В. Минорский, В. Хинз, Г. Дерфер, Г. Заринезад, Ф. Копрулу және т.б. жүргізген еңбектерін атап өтуге болады. Ғалым Тунджер Гуленсойдың «Парсы және араб тіліндегі түркі сөздері туралы жазбалар» мақаласында түркі тіліндегі парсы мен араб сөздерінің мағынасы мен олардың жасалу жолдарына тоқталған. Атақты лингвист ғалым Фр.Миклошичтің шығыс және Оңтүстік шығыс Европа тілдеріндегі түркі сөздері туралы зерттеулері мол лексикалық материалды қамтыған. Дегенмен отандық ғалымдар бұл тақырып төңірегінде көп зерттеулер жүргізбеген.

Кірме сөздер тілдің сөздік құрамының біраз бөлігін толықтыра отырып, оның мүмкіншілігін кеңейтеді және сол арқылы оның жан-жақты қызметін қамтамасыз етеді. Елдегі қоғамдық дамудың әрбір сатысы тіл тарихына өз ізін қалдырып отыратыны белгілі. Тілді зерттеу, тілді салыстыру арқылы тарихпен де таныс болатыны анық. Біз мақалада парсы тіліне енген түрік сөздерінің тарихи жолдары, олардың теориялық зерттелуі, парсы тілінде қолдану аясымен кеңінен танысуға мүмкіндік алдық.

Жоғарыда келтірілген түрік тілінен парсы тіліне енген кірме сөздер мен олардың парсы тіліне ену жүйесін зерттей келе төмендегідей қорытынды жасадық:

Берілген кірме сөздер – сол тілдің лексикалық қорының әлсіздігін көрсетпейді, керісінше парсы тілінің төрінен орын алуы, тілдік қорының дамуына өз үлесін қосуы – тілдік үдерістің әр тілде болатыны сияқты заңды құбылыс. Қазіргі заманғы парсы лексикасы – ежелгі дәуірден бастау алады және ол бүгінгі күнге дейін біртіндеп қалыптасқан бірнеше дәуірлердің жемісі.

Әр түрлі салада қолданылатын түрік тілінен парсы тіліне енген сөздер ауызша және жазбаша түрде парсы тілі лексикасының дамуына септігін тигізгені, түрік сөздері парсы тіліне еш күштеусіз енуі және екі тілдің ұзақ тарихи жылдар бойы тығыз қарым-қатынаста болуы – мақаланың нәтижесін көрсетеді. Сондай-ақ түрік тілінде де парсы кірме сөздері туралы мақалада берілген дәлелдер алдағы уақытта да оны тереңірек зерттелуін қажет етеді.

Жалпы алғанда парсы тілінің тілдік ерекшеліктеріне мән беріп, түрік тілінен енген кірме сөздердің парсы тілін байытуға зор үлес қосқаны жайында мәліметтердің куәсі болдық.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Moqaddam S.A. (2007) Persian language// Book Two: Capital of Iran. Tehran.
2. Sayinn Z., Shaldarbekova A. (2018) Turks Akhyska of Kazakhstan: history and contemporaneity. Astra Salvensis, an VI, numār 11. P.275-276.
3. Dörfer G. (1963) Türkische und Mongolische Elemente im Neupersischen // Band I. Chöttingen.
4. Гулиев Э. И. (2015) Общеупотребительные тюркизмы в персидском творчестве М. Шахрияра // Вопросы теории и практики. № 7(49).
5. Пейсиков Л.С. (1973) Очерки по словообразованию персидского языка. Москва: Изд-во Московского университета. С.81-85.
6. Moin M. (1973) Farhange-e farsi, vols. 1–6. Tehran. P.5-220.
7. Sulan B. (1963) Zu einigen Fragen des Bilinguismus // Slavica. Bd 3. Debrecen. -P.122.
8. Оруджева Г. М. (2017) Turkic household utensils lexicon in medieval Persian dictionaries //Международный научный журнал «Молодой учёный».- № 5 (139).- С.442-445.
9. Ağababa N. (2013) Fars dilinde Türk dilinden alinti sözcükler //Turkish Studies - International Periodical For The Languages, Literature and History of Turkish or Turkic. Ankara. Vol 8, Iss 1, -P. 667-675.
10. Hüseyinli Z. (2016) Türkçeden Farsçaya Geçmiş Kelimeler. <https://bilimdili.com/toplum/dil/turkceden-farscaya-gecmis-kelimeler-safeviler-donemi/>
11. Рубинчик Ю.А. (1985) Персидско-русский словарь. Москва.- 863 с.
12. Ashraf A. (2007) Official response of the Encyclopaedia Iranica to the Associated Press article of March 25, entitled. -P.3
13. Doerfer G. (1989) Azerbaijan viii.Azeri Turkish// Encyclopaedia Iranica. Volume III pp. 245–248.
14. Зәринәзадә Н. Н. (1962) Фарс дилиндә Азәрбајҹан сөзләри /Под ред. А. Азери. - Б.: Издательство Академии наук Азербайджанской ССР. с.15
15. Knüppel M. (2000) Turkic loanwords in Persian // Encyclopaedia Iranica. January 1. -P.3.
16. Абдуллаев И. Г. (1972) О характере и формах проявления двуязычия и многоязычия в Азербайджане (на материале взаимодействия азербайджанского и иранских языков) // Проблемы двуязычия и многоязычия. -М.: Наука. С. 213-217.
17. Миннуллин Б.К. (2012) Арабо-персидские и турецкие заимствования в языке татарской периодической печати начала XX века //Филологические науки. Вопросы теории практики. №6 (17). С.99-101.
18. Mardanova G. I., Karimullina G. N. (2017) Complex Corpus of Turkisms of The Russian Language //Astra Salvensis. №10. P.145-150.

### Турецкие заимствования в персидском языке

*Р.К. Садыкова<sup>1</sup>, Н.Т. Атейбекова<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>Казахский национальный женский педагогический университет, г.Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана, г.Алматы, Казахстан

rsadykova516@gmail.com, nurzyaa-78@mail.ru

Заимствованная лексика является неотъемлемой частью процесса изменения и существования языка, одним из основных источников пополнения словарного запаса. Заимствованная лексика отражает факты этнических, социальных, экономических и культурных связей между языковыми сообществами. В персидском языке очень много заимствованных слов, таким образом лексика персидского языка непрерывно обогащалась. К примеру, много слов из арабского, турецкого, русского, французского и английского языков.

В настоящее время вместо заимствованных слов начали вводить исконно персидские слова. В статье описывается, каким образом тюркизмы вошли в персидский язык в течение длительного периода взаимодействия между иранским и тюркским народами. Такие методы, как сбор материалов, систематизация, анализ, обобщение, сравнение основных источников, историко-сравнительные и сравнительные методы были использованы для решения цели и задач данного исследования.

**Ключевые слова:** персидский язык, турецкий язык, заимствованные слова, аффиксы, лексика, исторические отношения.

### **Turkish borrowings in Persian language**

**R.K. Sadykova<sup>1</sup>, N. Ateibekova<sup>2</sup>**

Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and Word Languages, Almaty, Kazakhstan

Loan word is a process, which has driven to appearance and consolidation of some foreign elements. Loan word is an integral part of change and existence process of language, one of the main sources replenishment of vocabulary. Borrowed vocabulary reflects the facts of ethnic, social, economic and cultural connections between language communities. There are a lot of borrowings in Persian language, therefore the vocabulary of Persian language was continuously enriched. For instance, many Arabic, Turkish, Russian, French and English borrowed words. Today there is a tendency to introduce native Persian words in the language instead of borrowed words. This article explains how Turkism entered the Persian language over the long historical years between the Iranian and Turkic peoples. Methods of collecting, systematizing, analyzing, generalizing and comparing the main sources, historical-comparative and comparative methods were used to solve the goal and objectives of the study.

**Key words:** Persian language, Turkish language, borrowed words, affixes, vocabulary, historical relations.

Редакцияға 26.03.2020 түсті.

**4-бөлім  
ТАРИХ  
ЭКОНОМИКА  
ҚҰҚЫҚ**

**Раздел 4  
ИСТОРИЯ  
ЭКОНОМИКА  
ПРАВО**

**Section 4  
HISTORY  
ECONOMICS  
LAW**

ҒТАХР 03.09.55

## ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТА АЗИЯДА ПОЛЯК АРМИЯСЫН ЖАСАҚТАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

*А.М. Сманова*

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан  
[aigulsmanova@mail.ru](mailto:aigulsmanova@mail.ru)

Бұл мақалада Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары болған поляк-кеңес қарым-қатынастарына байланысты кейбір мәселелерді қарастыру алға қойылды. Сондай оқиғалардың бірі – Қазақстан мен Орта Азияда поляк армиясын жасақтау жұмыстарына қатысты кейбір мәселелер. Қазақстан тарихындағы әлі де зерттеуді қажет ететін аспектілердің бірі – Қазақстан мен Орта Азияда поляк армиясының құрылу тарихын зерттеу болып табылады. Мақаланы жазу барысында тарих ғылымының дамуы барысында қалыптасқан тұжырымдар жиынтығы мен тарих ғылымының алдыңғы қатарлы мамандарының зерттеулерінде көрініс тапқан өзекті мәселелерге жаңа тұрғыдан қарау, жаңа тарихи ойлаудың тұжырымдамасы, соңғы жылдары отандық тарих ғылымында болып жатқан түбегейлі өзгерістер де басшылыққа алынды. Сонымен бірге Қазақстан, Өзбекстан және Ресейдің «құпия» белгісімен сақталған мұрағат құжаттары пайдаланылды. Тарихтың міндегі – осы кезеңге байланысты мемлекеттік көшбасшылардың сыртқы саяси бағытын анықтау, сондай-ақ бұрынғы тарихи айғақтар мен дәлелдерді өз елінің халықаралық сахнадағы әрекеттерінің пайдасына шешу жолдарын қарастыру.

*Түйін сөздер:* Орта Азия, Андерс армиясы, Батыс Украина және Батыс Белоруссия, соғыс тұтқындары, арнайы қоныстар, жинақтау орындары.

### **Кіріспе**

1941 жылы шілде айының 30 күні болған екі жақты кеңес-поляк келісім-шарттың 4-ші тарауында айтылғандай «КСРО жерінде поляк армиясын құрып және оған жан-жақты көмек» көрсетуге байланысты, енді поляк армиясын жасақтау жұмыстары Қазақстан мен Орта Азия жерлерінде де аса қарқынмен қолға алынды. Армия жасақтау мен оның санының көбеюі де өте үлкен жұмыс пен төзімділікті қажет етеді. Қазақстан мен Орта Азияда поляк азаматтарын өз еркімен армия қатарына шақыруда, қоныс аударғандар және Кеңес Одағына Батыс Украина мен Батыс Белоруссиядан жер аударылған поляктар ғана армия қатарына шақырылды. Демек, Польшаның Шығыс аудандарынан қоныс аударған халықтың жағдайына байланысты, сонымен бірге кеңес-поляк келіссөзінің құпия хаттамасы бойынша, Қызыл Армия тарапынан тұтқындалған поляк әскери қызметкерлері мен азаматтарының тағдырына терең ғылыми-тәжірибелік талдау жасап, оны мұқият зерделеу қажеттігін көреміз. Кеңестік тарихнамада ірі зерттеулерге арқау бола алмағандықтан бұл мәселе шынайы бағасын әлі күнге дейін ала алмағандығы белгілі. Тек ХХ ғасырдың 80-ші жылдардың ортасынан бастап үстірт қарастырылып, бұрмалаушылыққа ұшыраған поляк армиясының тағдыры зерттеліне бастаған тарихи мәселелердің бірі болды. Мұның өзі біз қарастырып отырған күрделі кезеңнің тарихын тереңдете жан-жақты зерделей түсу қажеттігінің дәлелі болса керек. Сондықтан зерттеу тақырыбы тарих ғылымы үшін маңызды және өзекті болып табылады.

### **Дереккөздер**

Адамзаттың дамуы әскери қақтығыстармен тығыз байланысты және қарулы қақтығыстың құрамдас бөліктерінің бірі – әскери тұтқындар болып табылады. «Соғыс тұтқыны» деп аталатын тарихи құбылыс тек соғыс тарихымен байланысты емес, соғысып жатқан топтардың ішкі саясатын да қамтиды, үкімет, қоғам және жеке тұлға арасындағы қатынасты анықтайды. Мысалы, Дж.Ольтмердің монографиясында дүниежүзілік соғыс кезіндегі әскери тұтқын мәселесі туралы жалпы көрініс берілген (Oltmer, 2006). Зерттеуге арналған материалдар мәтіндерінің басым көпшілігі Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы халықаралық байланыстар әскери тұтқындардың жағдайына қатысты мәтіндер, поляк армиясын жасақтауға байланысты мемлекеттік мекемелердің жарлықтары мен шешімдері, жұмыс барысын көрсететін құжаттар пайдаланылды.

(Документы, 1973). Мақаланы жазу барысында КСРО жерінде поляк армиясын жасақтауға қатысты қажетті деректер Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігінің Орталық Мемлекеттік архивінің 280-қорынан, Ресей Мемлекеттік Әскери архивінің 33987, 35084, 32971, 3282, 37977 қорларынан, Өзбекстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінің 314, 337 қорларынан, Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінің 1208, Р-1146, Р-1137 қорларынан және Қазақстан Республикасы Президенттік архивінің 708, 141 қорларынан алынды.

Айта кетер жайт Қазақстандық архивтерде бұрын «құпия» болып келген қорлардан 1941-1942 жылдар Қазақстандағы поляк азаматтарын армия қатарына шақыруға байланысты тың мәліметтер табылды және мақаланы жазу барысында пайдаланылды. Атап айтатын болсақ: «Қазақ КСР-і Халық комиссариатының 1941 жылғы тамыз айының 17 күнгі шешімі», «Орта Азия Әскери бөлімінің (САВО) 1941 жылғы қазан айының 28 күнгі шешімі», «№267 поляк азаматтарын орналастыру туралы жарлық», «№1254 әскери комиссариаттың поляк азаматтарын армия қатарына шақыру туралы бұйрықтары» материалдарын келтіруге болады. Сонымен бірге Ресей архивтерінен: «Мәскеудегі Польша әскери миссиясының басшысы генерал-майор С.Шишко-Богуштың тікелей Кеңес Одағының маршалы Б.М.Шапошниковқа жазған (1941 ж. 9. YIII., 1941 ж. 8. YIII., 1941 ж. 21. XI.) «өте құпия» хаттары», «КСРО жеріндегі поляк армиясының Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Владислав Андерстің КСРО Қорғаныс Күштерінің Бас қолбасшысына жазған (1941 ж. 12. IX., 1941 ж. 22. XI., 1941 ж. 31. XII., 1942 ж. 30. I., 1942 ж. 15. YI.) құпия хаттары». «Лондондағы поляк эмигранттық үкіметінің премьер-министрі генерал В.Сикорскийдің Сталинге жазған (1941 ж. 2. YI.) хаттары» КСРО жерінде поляк армиясын жасақтауға байланысты жұмыстарда кездесетін қиындықтардың алдын алу туралы жазып қалдырылған құнды деректер екенін айта кеткеніміз жөн. Бұлардан басқа, Өзбекстан мемлекетінің архивінен: генерал В.Андерстің Янги-Юльден (Өзбекстан) Мәскеуге Қызыл Армия Бас қолбасшысының КСРО жерінде поляк армиясын құру жұмыстары жөніндегі арнайы өкілі генерал-майор Панфиловқа жолдаған (1942 ж. 28. II., 1942 ж. 1. III.) хаттары, «Поляк армиясын орналастыру үшін атқарылатын жұмыстардың есебі», «Поляк армиясы үшін Англия мен Америкадан келетін жүктерді Орта Азия Әскери бөлімінің қорғаныс базасына тасымалдануы туралы» архивтік құжаттар пайдаланылды.

### Әдебиеттерге шолу

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қазақстан мен Орта Азияда поляк армиясын жасақтау мен 1939 жылдан бастап кеңестік республикаларда тұрып жатқан поляк азаматтарын армия қатарына шақыру жұмыстарының қалай жүргізілгендігін арнайы зерттеген В.С. Парсаданованың (Парсаданова, 1982) монографиясы болып табылады. Онда алғаш рет түрмелердегі поляк әскери соғыс тұтқындарының тағдыры, оларға «рақымшылық» («амнистия») жариялау, арнайы қоныстарда, айдауда, қуғын-сүргінде жүрген поляк азаматтарын армия қатарына шақыру, Мәскеуде Польша елшілігінің ашылуы және оның қызметі жан-жақты қарастырылған. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Польша тарихының кейбір мәселелері жөнінде қарастыра келе Қазақстандық ғалым С.М. Мәшімбаев пен А.М. Сманованың Қазақстандағы поляк әскери елшілігінің құрылуы мен қызметіне арналған оқу құралында статистикалық мәліметтер мен елшілік ақпараттардың үлкен көлемін қолдана отырып жан-жақты сипаттайды (Мәшімбаев, Сманова, 2017). Поляк армиясын жасақтау жұмыстарына байланысты жаңаша, бұрын айтылмаған мәселелерді көтеріп, танытуда үздік еңбек жариялаған ғалымдардың қатарына өзбекстандық ғалымдар Г. Хидояттов (Хидояттов, 1991) және Самарқанд университетінің профессоры Ш.Д.Примкуловты (Примкулов, 1990) жатқызуға болады. Олардың еңбектерінде соғыс жылдарындағы Кеңес Одағының сыртқы саясаты мен поляк әскери соғыс тұтқындарының жағдайы мен олардан армия жасақтау мәселесін, сондай-ақ Польшаға қарасты Батыс Украина мен Батыс Белоруссия жерінен поляк отбасыларын жер аудару шараларының орындалуын архив деректері арқылы дәлелдеп жазған. Сонымен бірге бірқатар мақалаларда қоныс аударған және әскери тұтқындардың тағдырына және халықаралық стандарттарын сақтау мәселесі де қарастырылды. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары кеңестік соғыс тұтқындары лагерлерінен босап шыққан поляк азаматтар мен әскери тұтқындары «Андерс Армиясының» қатарына шақырылғаннан кейін, олардың бойында өз мемлекеттерін фашистік басқыншылықтан азат ету сияқты патриоттық сезім пайда болды. Ресейлік ғалымдардың екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы КСРО жерінде поляк армиясының құрылу

тарихына арналған көптеген мақалалары жарық көрді, авторлар көптеген тарихи фактілерге салыстырмалы талдау жасаған (Парсаданова, 1988, Иванов, 2012).

### **Әдіснама мен әдістер**

Мақаланы жазу барысында біз соңғы жылдары жалпы тарих ғылымдарында болып жатқан түбегейлі өзгерістерді негізге алдық. Бұған дейін поляк армиясының Кеңес Одағында жасақталуы тар таптық партиялық қағидат тұрғысынан баяндалып келгендігін, тіпті көп жағдайда аталған тарихи кезеңнің оқиғалары жөніндегі зерттеушілердің бұл мәселені айналып өте шығатынын, сол себептен назардан тыс қалып келгендігін айта кеткен жөн. Сонымен бірге тарихи болған оқиғаны зерттеуде нақты фактілерді архив қорлары мен арнайы басылып шыққан ғылыми зерттеу жұмыстарының материалдарын салыстыра көрсету болып табылады. Жұмысты жазу барысында Қазақстан мен Орта Азияда поляк армиясын жасақтау жұмыстарының кейбір мәселелері, тарих ғылымының дамуы тұрғысында қалыптасқан тұжырымдар жиынтығы мен тарих ғылымының алдыңғы қатарлы мамандарының зерттеулерінде көрініс тапқан өзекті мәселелер тұрғысынан зерделенді. Сонымен жұмысты дайындау барысында Ұлыбританиядағы Польша эмигранттық үкіметінің өкілдері, атап айтқанда генерал В.Сикорский, генерал-майор С.Шишко-Богуш және генерал-лейтенант В.Андерстін атқарған қызметтері мақаламызда жеке адамның рөлін бағалайтын, өз мемлекеттерінің егемендігін бәрінен жоғары қоятын азаматтар тұрғысында қарастыру басшылыққа алынды. Негізгі бұл тәсілдер жеке адамның тәжірибесін зерделеуді, оның өмірінің тарихын зерттеуді және осы жеке тәжірибенің ғылыми маңыздылығын бағалауды білдіреді.

### **Зерттеудің мақсаты мен міндеті**

Бұл жұмыстың мақсаты – Қазақстан мен Орта Азияда поляк армиясының құрылу тарихын зерттеу болып табылады. Осындай мақсатты жүзеге асыру үшін алдымызға төмендегідей міндеттер қойдық:

- 1941 жылы шілде айының 30 күні болған екі жақты кеңес-поляк келісім-шарттың орындалуының нақты жағдайларын зерттеу;
- оның ішінде, «КСРО жерінде поляк армиясын құрып және оған жан-жақты көмек» көрсетуге байланысты Қазақстан мен Орта Азия жерлерінде поляк армиясын жасақтауды зерттеу;
- поляк азаматтары мен әскери тұтқындарынан армия жасақтауды тиімді ұйымдастырудың жолдары мен әдістерін зерттеу.

### **Зерттеу нәтижесі**

Қазақстан тарихындағы әлі де зерттеуді қажет ететін аспектілердің бірі – Қазақстан мен Орта Азияда поляк армиясының құрылу тарихын зерттеу болып табылады.

1941 жылы шілде айының 30 күні болған екі жақты (кеңес-поляк) келісім-шарттың 4-ші тарауында айтылғандай «Кеңес Одағы аумағында поляк армиясын құрып және оған жан-жақты көмек көрсету» туралы мәселеге байланысты, енді, поляк армиясын жасақтау жұмыстары Қазақстан мен Орта Азия жерлерінде де аса қарқынмен қолға алынды [1, 11-п.]. Соғыс жылдары армия жасақтау мен оның санының көбеюі де өте үлкен жұмыс пен төзімділікті қажет етеді. Қазақстан мен Орта Азияда поляк азаматтарын өз еркімен армия қатарына шақыруда 1939 жылға дейін қоныс аударғандар емес, тек 1939 жылы қыркүйек айының 17 күнінен бастап жүргізілген науқан бойынша, Кеңес Одағына Батыс Украина мен Батыс Белоруссиядан жер аударылған поляктар ғана шақырылды [2, 183]. Сондай-ақ, жергілікті халықты жер аудару кезінде 50-ден 80 мыңға дейін жұмыссыздар Донбасқа шахтаға, Оралға таукен жұмыстарына және 100 мыңдай поляк азаматтары Қызыл Армия қатарына шақырылған болатын [3, 45].

Бастапқы кезде бірқатар облыстарда поляк азаматтарын армияға шақыру жұмыстары өте тез қарқынмен жүргізілді. Мәскеуде, кейін 1941 жылы қазан айында Куйбышевқа (қазіргі Самара) ауыстырылған [4, 181] поляк елшілігінің талабы бойынша поляк армиясын Кеңес Одағының ауа-райы қолайлы жерлерге ауыстыруды көздеді. Бірақ, кеңес-герман соғысына байланысты бұл жұмыстар көздеген мақсатқа лайықты жүргізілуіне кедергі келтірді. Сол үшін Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстанда жаңа поляк дивизияларын жасақтау туралы шешім қабылданды [5, 1-л.].

1941 жылы қазан айында КСРО Ішкі істер халық комиссары Берияның Сталин мен Молотовқа берген мәліметі бойынша, Ресей жеріндегі поляк әскери қызметкерлері мен азаматтарын

Өзбекстанға көшіру туралы шешім қабылдағаны туралы айтылды. Соның салдарынан Өзбекстан жеріне Ресейдің шалғай аудандарының еңбекпен түзеу лагерлерінен ақталып (амнистия) шыққан поляк азаматтары өте көп санмен келді [6, 26-п.]. Онда: «Ферғана облысына - 10 000 адам, Самарқанд облысына - 25 000 адам, Бұқара облысына - 25 000 адам, Хорезм облысына - 15 000 адам және Қарақалпақ АКСР-не - 25 000 поляк әскери қызметкерлері мен азаматтарын орналастырып, армия жасақтау туралы қаралды және оларды баспана, азық-түлік, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жұмыстары Өзбекстан БКП (б) Орталық Комитеті мен Өзбек КСР Халық Комиссарлар Кеңесіне тапсырылды [5, 2-4 л.]. Ал кейін Өзбек Халық Комиссарлар Кеңесі 1942 жылы қаңтар айының 17 күні №75 бұйрыққа қол қойып онда: Өзбекстан мен Қарақалпақ АКСР-і поляк азаматтарын қамтамасыз ету, оларға дәрігерлік көмек және азық-түлік тапшылығынан байланысты [6, 27-п.] оларды енді қабылдаудың өте қиынға түсетіні туралы ескертті.

Осы мәселе төңірегінде өзбекстандық ғалым Г.Хидояттовтың зерттеуіне жүгінсек: «Өзбекстанға 100 мың, Қазақстанға 100 мың поляк азаматтары қоныстандырылды. Ал кейін Қазақстанның темір жол бекеттеріне орналасқан 21,5 мың поляктарды Қырғызстанға орналастырды» - деп келтірілген [7, 214]. Ал 1941 жылы қазан айының 1 күні КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БКП (б) Орталық Комитеті Өзбек КСР-на 100 мың поляк азаматтарын қоныстандыру туралы шешім қабылдады. Кейін анықталғандай осыншама көп мөлшерде поляк азаматтарын қоныстандыруға Өзбекстан мүлде дайын болмағандықтан 1941 жылы қараша айының 19 күні бұл шешімді өзгертті: қоныстанушылардың санын 35 мың адамға қысқартты; басқаларын Қырғызстан және Қазақстанның оңтүстік облыстарына орналастырды [8, 10]. 1941 жылы желтоқсан айының 8 күні Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті шешімі бойынша Қазақстанның теміржол бекеттеріне 25 мың поляк азаматтарын қоныстандыруға шешім қабылдады [1, 209-п.]. Сонымен, Қазақстан БКП (б) Орталық Комитеті және Халық Комиссарлар Кеңесі «поляктар мәселесін» өз мойындарына алатыны туралы шешім қабылдады [6, 3-п.]. Кейін анықтағандай Өзбекстан Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің шешімі бойынша 35 мың поляк азаматтарын тағы қабылдады [6, 7-п.].

Поляк халқының Азия жеріне келуі тоқтаусыз жүргізілді. Бұл жаппай көшіру жұмыстары поляк азаматтарына көлік пен әскери керек-жараққа деген сұранысын қиындата түсті. Ал поляк азаматтары мен әскери қызметкерлерін өз мамандықтарына байланысты жұмыспен қамтамасыз ету жағына келсек, ғалым В.С.Парсаданова өз еңбегінде: «бұл мәселеге... Кеңес үкіметі аса мән бермесе де, жергілікті кеңестік ұйымдар қолдарынан келген көмектерін аяған жоқ» - деп турасын айтты [3, 48].

Польша елшілігі жүргізген жұмыстар бойынша 1941-1942 жылдары поляк азаматтарын есепке алу барысында 140 мың поляк азаматтары төлқұжат алды. Олардың ішінде көбі «офицерлер отбасы мен шенеуніктер» болды [8, 10]. Поляк елшілігінің құжаттары бойынша, барлық есепке алынған поляк азаматтарының саны 265 501 адам, соның ішінде Кеңес Одағы аумағында - 117 мың (оның 71 мыңы Сібірде), Қазақстанда - 56 мың болды. Ал кейін Қазақстандағы поляк азаматтарының саны 71 789 адамға жетті, ал Орта Азияда - 90 мың адам, алайда көптеген поляк азаматтары әлі де есепке алынбаған болатын. Мысалы, Ақбалықта (Қазақстан) 800 поляк отбасы тіпті поляк елшілігінің бар екенін білмей, одан ешқандай көмек те алмаған [9, 19]. Сонымен бірге, осы кезде Ресейдің шалғай аудандарында жұмыс істеп жүрген 80 мың поляк азаматтарына да төлқұжат берілген де жоқ.

1941 жылғы тамыз айының 12 күнгі КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен ВКП (б) Орталық Комитетінің әскери соғыс түрмелері мен айдауда, қуғын-сүргінде жүрген поляк азаматтарын босату туралы Қаулысының талаптарына сай кеңестік республикалардағы поляк азаматтарының қасіретті тағдырында біраз бетбұрыс басталды. Мысалы, Кеңес Одағы мен Польша үкіметі арасындағы саяси келіссөзде: «барлық соғыс тұтқындары түрмелері мен еркінен айырылғандар лагерлеріндегі, арнайы қоныстардағы және айдау мен қуғын сүргіндегі поляк азаматтары толығымен босатылсын» делінген болатын. Сондай-ақ, олардың Кеңес Одағы аумағында еркін тұрып-жүруіне және шетелдік азаматтар қатарына жатқызып, уақытша төлқұжаттармен қамтамасыз ету жұмыстары қаралды [10, 238-240 п.]. Соғыс жылдарында КСРО жеріндегі көптеген мұрағат құжаттарының мәліметтеріне қарағанда 1941 жылдың қыркүйек айында Батыс Украина мен Батыс Белоруссия жерінен 389 382 адам күшпен көшірілген, ал олардың 120 962 адамы түрмелер мен лагерлерде және шалғай



аудандарда айдауда болған, арнайы қоныстарға жіберілген осадниктер 243106 адам, соғыс тұтқындарының саны 23314 адам болды [11, 179].

Кеңес Одағы Жоғарғы Кеңесінің қаулысынан кейін 389 041 адамға рақымшылық жариялап, түрмелер мен айдаудан босатты, ал 341 адам рақымшылыққа жатпады. Бұл шаралар кейін Кеңес Одағында көп орналасқан поляктарды әскер қатарына шақыру үшін КСРО үкіметінің жергілікті әскери комиссариаттарына арнайы жарлық арқылы Поляк армиясына әскер жинау науқаны кезінде байқалды.

Ал 1941 жылы қазан айының 28 күні Алматы қаласындағы Қазақ КСР-сы әскери комиссариатының I дәрежелі генералы Щербаковқа Поляк армиясының капитаны Марьянский Казимир Хиларович өз талап-тілектерін білдірген болатын. Онда: «Алматы, Қарағанды және Ақмола облыстарында тұрып жатқан поляк азаматтарына көмек көрсету мен Алматы қаласында Польша елшілігі мен Поляк армиясының штаб-пәтерін ашу, сондай-ақ Қазақстанда тұрып жатқан поляк азаматтарын армия қатарына шақырып оларды Самарқан қаласындағы Поляк армиясының бөлімшесіне жіберу туралы» - деп атап көрсетілді. Осы күні-ақ Ташкент қаласынан Алматыға Поляк елшілігінің өкілі Венцек (құжатта «Вальцек» деп қате берілген) өзінің көмекшісі Сапегпен бірге келді. Мұндағы кездесудің тоқ етері Қазақстанның барлық облыстарындағы поляк азаматтарын Поляк армиясы қатарына шақырып, жергілікті жерлерде Поляк армиясының штаб-пәтерлерін ашу туралы сөз болды [12, 167-170 п.].

Осы кезде Қостанай қаласында Поляк армиясының қолбасшылығының ұсынысы бойынша капитан Романьский Мечислав Францевич жергілікті жердегі поляк азаматтарын тізімге алу мен арнайы тексеру орталығының басшысы болды. Мұндағы басты жұмыс поляктарды тізімге алу арқылы төлқұжат беріп, оларды армия қатарына алу, шені мен атқаратын қызметтеріне байланысты жұмыстарды жеңілдетті.

1941 жылғы қараша айының 26 күнгі мәлімет бойынша Оңтүстік-Қазақстан облысына 18 000 поляк азаматтары жөнелтіліп, олар мына жерлерге қоныстандырылды: Қызыл-құм - 3000 адам, Созақ - 3000 адам, Шәуілдір - 2000 адам, Шаян - 3000 адам, Фрунзе - 3 000 адам, Қаратас - 3000 адам. Бұларды тез арада орналастыру жұмыстары қарастырылып, олардың басым көпшілігі МТС-тар шеберханалары мен жаппай ауыл шаруашылық жұмыстарына жіберілді [10, 1-4 п.].

Сонымен сол жылдың тамыз айының 12 күнгі Кеңес Одағының поляк азаматтарына рақымшылық жариялағаннан кейін арнайы лагерлерден Қазақстанға 61 092 поляк азаматтары қоныстанды [10, 4 п.].

Осы рақымшылықтан кейін де Қазақстанға поляк азаматтарының келулері азайған жоқ. Мысалы, КСРО-ның басқа облыстарынан 2678 адам келді. Қазақ КСР-нан Кеңес Одағының басқа облыстарына да біраз поляктар кетті. Олар: Омбыға - 98 адам, Челябинскіге - 274 адам, Самарқандқа - 23 адам, Ташкентке - 448, Свердловскіге - 7 адам, Новосібірге - 146 адам, Ферғанаға - 65 адам, Куйбышевқа - 78 адам, Башқұрт АҚР-на - 31 адам, Чкаловқа - 92 адам, Алтай өлкесіне - 22 адам және басқа да облыстарға 27 адам, сонымен барлығы 1311 адам кетті [10, 23 п.].

1941 жылы желтоқсан айының 25 күні КСРО Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің №1064сс қаулысы шықты. Онда КСРО Үкіметі мен Польша Республикасы арасындағы келіссөзге сәйкес поляк армиясы қолбасшылығына Қазақстан мен Орта Азия аумақтарында құрамы-офицер, унтерофицер және қатардағы жауынгерлерден тұратын 96 000 адамдық поляк дивизияларын жасақтауға бұйрық берілді. Оның әрқайсысы 11 000 адамнан тұратын алты жаяу әскер дивизиясы және армия штабы, офицерлік мектепке, қосалқы бөлімше барлығының саны - 30 000 адам болмақ [5, 325 л.]. Сонымен, осы поляк бөлімшелерін қай жерлерде жасақтау туралы да белгіленді:

- |                               |                                |
|-------------------------------|--------------------------------|
| а) армия штабы мен ғимараты   | – Янги-Юль (Өзбекстанда)       |
| б) офицерлер мемтебі          | – ст.Веревская (Өзбекстанда)   |
| в) қосалқы бөлімше            | – Гузар (Өзбекстанда)          |
| г) күшейтілген армия бөлімше  | – Отар бекеті (Қазақстанда)    |
| д) 5-ші жаяу әскер дивизиясы  | – Жалал-Абад (Қырғызстанда)    |
| е) 6-шы жаяу әскер дивизиясы  | – Шахрисябз (Өзбекстанда)      |
| ж) 7-ші жаяу әскер дивизиясы  | – Кермине (Өзбекстанда)        |
| з) 8-ші жаяу әскер дивизиясы  | – Пахта-Арал (Қазақстанда)     |
| и) 9-шы жаяу әскер дивизиясы  | – Маргелан (Өзбекстанда)       |
| к) 10-шы жаяу әскер дивизиясы | – Луговой бекеті (Қазақстанда) |

Осы жалпы құрамы 96 000 адамнан тұратын поляк армиясына жергілікті жерлерден поляк азаматтарын өз еріктерімен армия қатарына шақыру жұмыстарына байланысты тек 1939 жылға дейінгі Батыс Украина мен Батыс Белоруссия жерлеріне қоныстанғандарды армияға шақыруға рұқсат етілді. Ал сол жерлерден келген басқа ұлт өкілдерін (еврей, чех, украин, беларус т.б) армия қатарына шақыруға тыйым салынды [5, 35 п.].

Сонымен, бастапқы кездің өзінде-ақ Қарағанды облысының әскери комиссариатының полковнигі Гончаров Алматы қаласындағы Әскери Штабқа жолдаған жедел хатында: Бузулук қаласындағы (Чкалов облысы) Поляк Армиясының Штабына өз еркімен өтініштерін білдірген поляк азаматтарын қабылдау жұмыстарының басталғаны туралы хабарлады [1, 10-п.]. Ал Ақтөбе облысының әскери комиссариатының 1941 жылы қыркүйек айының 30 мен қазан айының 9 аралығында 160 поляк азаматтары өз еркімен Бузулуктағы жасақталып жатқан поляк армиясына жіберу туралы өтініштерін білдіргендігі Қазақ КСР-ы Әскери Комиссариатына келіп түсті [1, 20-п.]. Осындай өтініштер Гурьев, Жамбыл және басқа жерлерден де келіп түсіп жатты [1, 22-п.].

Ташкентке Орта Азия әскери штабының поляк армиясы бөлімшесіне келіп түскен мәліметте өз еркілерімен поляк армиясы қатарына өтініш білдірген 2 879 ерлер мен әйелдерді бір күндік тегін жол ақысымен қамтамасыз етіп, ерлерді Татищевка, әйелдерді Бузулукқа жіберу туралы шешім қабылдады [1, 142-п.]. Ал сол кезде Павлодар қаласындағы әскери комиссариат поляк армиясына қабылдауға өтініш білдірген барлық поляк азаматтарын Бузулук, Тоцк және Татищев қалаларына жіберіп отырды. Ал кейін генерал Андерстің штаб басшысы поляк армиясының полковнигі Окулицкийдің Алматыдағы әскери комиссариатқа жолдаған жедел хатында: «Бузулук, Тоцк және Татищев жерлеріндегі поляк армиясына ешкім жіберілмесін. Өз еркімен армия қатарына келушілердің барлығы Өзбекстан жеріндегі Фараб бекетіне жіберілсін» - деген өтініш хаты келді [1, 143-п.].

Сондай-ақ, жасақталып жатқан поляк армиясына 1939 жылы Батыс Украина мен Батыс Белоруссия Кеңес Одағына қосылғаннан кейінгі тұрғындары мен еврейлерді армия қатарына алу туралы поляк өкілетті елшілігінің өтінішін Қазақстан Әскери Комиссариатының бригада комиссары генерал Щербаковқа хабарлады [1, 69-п.]. Бірақ Мәскеуден келіп түскен жедел хатта: «тек поляк азаматтарын қабылдандар» - деп айтылғандықтан, мұндай өтініштің барлығы еш нәтиже берген жоқ [1, 71-п.].

Поляк армиясы жасақталып жатқан жерлерге өз еркілерімен келген поляк азаматтарын жергілікті кеңестік ұйымдар тегін жол ақысы құжаттарымен ғана қамтамасыз етті [1, 34-п.]. 1941 жылы желтоқсан айының 2 күні Қазақстанның барлық әскери комиссариаттарында поляк әскери қызметкерлеріне қамқорлықтар жасау туралы шешім қабылданып, арнайы куәліктер тапсырылды онда былай жазылған: Польша үкіметімен болған келіссөзді негізге ала отырып, «Кеңес үкіметі поляк әскери қызметкерлері мен олардың жанұяларына мемлекет тарапынан жеңілдіктер көрсетуге құқылы» [1, 89-п.] деп көрсетілген, мәселен бұл кезде қызыл армиялықтардың отбасылары мемлекеттен ешқандай жеңілдіктер ала алмай отырғанын ескере кеткен жөн.

1941 жылы шілде айындағы келіссөзді (Сикорский-Майский) [13] негізге ала отырып, Қазақстанда жасақталып жатқан поляк армиясына қабылдауға өз еркілерімен өтініш білдірген Алматыдағы бір топ поляк әртістерінің де арыздары қабылданды [1, 63-п.]. Бұл әртістердің ішінен поляк армиясына тек поляк азаматтары ғана қабылданып, тіпті, 1939 жылға дейінгі Кеңес Одағы жеріндегі поляк азаматтарының өтініштерін жергілікті әскери ұйымдар қабылдаудан бас тартты [1, 100-п.].

Сондай-ақ, С.Е. Қаңтарбай, Ж.А. Жүсіпова өз оқулықтарында пәнішілік және пәнаралық байланысқа негізделген әрекеттің ортақ тәсілдерін қалыптастыруда, яғни кез келген есеп, жаттығу, тапсырмаларды орындауға ортақ жолды қарастыруды көрсетті. Тәжірибеде кез келген әрекет, оның ішінде еңбек әрекетінің жалпы амалдық тәсілдерін қалыптастыру төмендегідей түрде жүзеге асырылады:

а) бастауыш сынып оқушыларында әрекеттің ортақ (сәйкестік) тәсілдерін пәнішілік байланыс арқылы қалыптастыру;

ә) бастауыш сынып оқушыларында әрекеттің ортақ тәсілдерін пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыруды жүзеге асыру [15;169 ].

Біз пәнаралық байланыстарды жалпы педагогикалық тұрғыдан кешендік қатынастық оқытуға және тәрбиелеуге деген құралы ретінде қарастырамыз. Пәнаралық байланыстарды дидактикалық зерттеу оқыту үдерісінің бүтіндік идеялары, ішкі байланыстарды және оның әрбір деңгейіне қатысты тәуелділікті ең алдымен оқытудың барлық білім беру, тәрбиелеу және дамыту қызметін есепке алып, ішкі байланыстарды және тәуелділікті ашу негізінде мүмкін болады.

Бұл мәселені 4 сыныпта оқытылатын жаратылыстану, қазақ тілі, әдебиеттік оқу, математика пәндерін интеграциялау жұмыстары арқылы жүргізіп зерттедік (Сурет 1).



Сурет 1. Пәндер сызбасы

Сабақтарды жүргізу кезінде ортақ тақырыптар арқылы пәнаралық байланысты жүзеге асырдық. Кестеде-1, келтірілген мысалдың бірінші қатарына тоқтала кетсек сабақ жүргізу барысында, Жаратылыстану пәнінен «Жануарларды қалай қорғауға болады» тақырыбы қарастырылып → Қазақ тілі пәнінен «Табиғат ғажайыптары. Буын үндестігі» → өткізілгеннен соң → Әдебиеттік оқу пәнінен «Туған жердің таулары» → Математика пәнінен «Кеңістіктік геометриялық фигуралар. Көлемді өлшеу» тақырыптары қарастырылды.

Біз осы өткізілетін сабақтарды интеграциялау сабақтарын пайдала отырып, 4 сыныптың төрт пәнін саралай келе мына тақырыптарды алдық (1-кесте).

Кесте 1. Ортақ тақырып арқылы пәнаралық байланысты ұйымдастыру

1.Жаратылыстану	2.Қазақ тілі	3. Әдебиеттік оқу	4. Математика
<b>«Менің Отаным – Қазақстан» ортақ тақырыбы</b>			
8-сабақ. Жануарларды қалай қорғауға болады, 42-бет	9-сабақ. Табиғат ғажайыптары. Буын үндестігі, 24-бет	Туған жердің таулары, 32-бет	Кеңістіктік геометриялық фигуралар. Көлемді өлшеу, 40-бет

**1. Жаратылыстану.** Жаратылыстану пәнінде «Жануарларды қалай қорғауға болады?» тақырыбын қозғаймыз. Сабақтың оқу мақсаты 4.2.2.9 Ұлттық саябақтар мен қорықтарды құрудың мақсатын түсіндіру [16].

8-сабақ. Мәтінді оқындар. Мәтінге ат қойындар.

*Сирек кездесетін және жойылу шегінде тұрған жануарлар еліміздің Қызыл кітабына тіркеліп, қорғауға алынғаны белгілі. Сонымен қатар азайып бара жатқан жануарлардың санын көбейту үшін табиғи ортасын сақтап, арнайы өсіреді. Осындай ерекше қорғауға алынған аумақты Қорық деп атайды. Елімізде 10 мемлекеттік қорық құрылған. Олар: Ақсу-Жабағылы, Алакөл, Алматы, Қаратау, Үстірт, Марқакөл, Наурызым, Қорғалжын, Батыс Алтай және Барсакелмес. Қорықтың мақсаты – саны азайып, жойылу қауіпі төніп тұрған жануарлар мен өсімдіктерді қорғау. Мысалы, Қорғалжын қорығында әлемде сирек кездесетін қызғылт қоқиқаздар қорғауға алынса, Ақсу-Жабағылы қорығында Грейг өызғалдағы өсіріледі. Қорықтар мемлекеттің қарамағында және қорғауында болады.*

Сабақта мәтінді мәнерлеп оқытамыз. Ондағы термин сөздерді оқулықтың соңындағы сөздік арқылы ұғымын танысамыз [17;42-43]. Мысалы, қорық, ұлттық саябақ, қызыл кітап және т.б.

Мәтінді мазмұндау үшін жоспарлаймыз.

- «Қызыл кітап» дегенді қалай түсінеміз?
- Қорықтың анықтамасы қандай?
- Қорықтың құрылу мақсатын ата?
- Ұлттық саябақтардың құрылу мақсатын ата? – деген сұрақтар арқылы тақырыптық бөлімнің түсінік жүйесін түзеді. Мәселен, ол былай болуы мүмкін:

- Қызыл кітапта сирек кездесетін және жойылу шегінде тұрған жануарлар тіркелген.
- Сирек кездесетін немесе жойылу шегінде тұрған жануарлар мен өсімдіктерді арнайы өсіріп, санын көбейтетін, мемлекет тарапынан қорғалатын аймақты қорық деп атаймыз.
- Қорықтың мақсаты – саны азайып, жойылу қауіпі төніп тұрған жануарлар мен өсімдіктерді қорғау.
- Ұлттық саябақтарды құрудағы басты мақсаты – табиғаты көркем аумақтарды сақтап қалу.

Білім алушыларға танымдық тапсырмалар ұсынылады:

**1-тапсырма.** Суретке қарап, Марқакөл қорығының табиғатын сипаттап, мәтін құрастыру (әдебиеттік оқумен пәнаралық байланыс).

**2-тапсырма.** Мәтіндегі буын үндестігіне сәйкес келетін сөздердің астын сыз (қазақ тілімен пәнаралық байланыс).

**3-тапсырма.** Қазір өз ойларындағы қорықтың моделін жасандар (математикамен пәнаралық байланыс).

Бұл тапсырмаларды басқа пәндермен байланыстыра жүргізу үшін әдеби кітаптардан, сыныптан тыс оқуға берілген көркем әдеби шығармалардан, газет және журналдардан мәтін іздеп табуға тапсырма беруге болады. Нәтижеде, білім алушылар мәтіндерді игеру арқылы білімін арттырады. Мәтіннің құрылымын игереді, мәтіндердің стилистикалық ерекшеліктерін игере бастайды. Бұл білімдерін пәнішілік байланыста кеңіте түсуге болады. Сондықтан, оқушылардың жаратылыстану саласы бойынша функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруда кіріктіру немесе пәнаралық байланыстың болуы маңызды. Өйткені адам, қоғам, табиғат туралы ұғымдар кіріктіріліп біртұтастықта берілуі керек [18;13].

**2. Қазақ тілі.** Зерттеу барысында келесі қазақ тілі пәніндегі 9-сабақ. Табиғат ғажайыптары. Буын үндестігі тақырыбына тоқталайық, тақырыптың оқу мақсаты 4.2.5.1 - дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтінбойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау [19;24-25].

**1-тапсырма.** Қазақстан қорықтары мәтінін оқы.

«Қазақстан қорықтары» мәтіндегі мәліметтерді пайдалана отырып, кестені толықтыр.

Кесте 2

Қорықтар	Аумағы	Жануарлары	Өсімдіктері	Құстары
Барсакелмес				
Марқакөл				
Алакөл				

Тапсырманың мақсаты: мәтіндегі деректерді пайдаланып, кестені толтырады және мәтіндегі қарамен берілген сөздердің буын үндестігіне сәйкес келе ме, себебін дәлелдейді.

Тапсырманы орындау нәтижесінде білім алушы:

- мәтіннің мазмұнын жете түсінеді;
- буын үндестігіне сәйкес келетін сөздерді іздеу нәтижесінде назары тұрақталады;
- таныс, таныс емес ақпараттарды ажырата алу дағдысын дамытады;
- дереккөздерден қажетті ақпаратты таба біледі.

**2-тапсырма.** Қорыққа кірмес бұрын мынадай экологиялық белгілер кездесті. Осы белгілер туралы не айта аласыңдар? Неге мұндай белгілер салынған?



**3-тапсырма.** Берілген бөліктерден сөздер құраңдар. Ал сөздерден сөйлем құрастырыңдар.

1.Ла, кер, ай 2.Ес, әу, қой 3. Бек, ең, қор

Мұндай тапсырмаларды орындау барысында жаратылыстану пәнінен алынған мәліметтер білім алушыларды қызықтырады. Қазақ тілі мен жаратылыстану пәндерінде пәнаралық байланыс байқалады. «Қорықтар аумағы» бөлігіне қажетті деректерді түрлі дереккөздерден (жаратылыстану пәнінен) тауып, мәтіндегі Барсакелмес, Марқакөл, Алакөл сияқты сөздер буын үндестігіне сәйкес келетінін және оның себебін дәлелдейді. Біріккен сөздер, қос сөздердің анықтамасын береді. Мәтін бойынша мынадай тілдік, логикалық жұмыстар жүргізіледі, ол стилистикалық ұғымдармен байланыстырылады. Мәселен, мәтінді оқып, талдау кезінде *қорық*, *кекілік*, *ителгі*, *бірқазан* сияқты сөздердің түсінігі жаратылыстану, дүниетану пәндерімен байланысты беріледі. Шығарманың мазмұны, мәні сонда ғана түсінікті болады. Мәтін талданып болған соң балалардан ондағы кейбір сөздердің мағынасы, қызметі сұралады, белгілі бір мәтіндегі буын үндестігіне сәйкес келетін сөздерді тауып, себебін дәлелдейді. Жалпы, осындай танымдық бағытта берілетін материалдар жаратылыстану пәндерінің мазмұнымен тікелей байланыста болғандықтан, білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыруға мүмкіншілік береді.

Тұжырымдағанда, қазақ тілін пәнаралық байланыста оқыту мына мақсатта жүргізіледі:

- пәнаралық байланыстың білім беру міндеті бойынша;
- пәнаралық байланыста білім алушының танымдық қызметін кешенді түрде белсенді ету ретінде;

- білім алушылардың тілін дамыту мақсатында.

Пән мен пәнді байланыстыру білім алушылардың дүниетанымын тереңдете отырып, оқытудың тиімділігін арттыруға көмектесуі ғылыми педагогикалық дәлелдеме ретінде танылды. Пәнаралық байланыс білім алушының дүниетанымын молайтып, қазақ тілін басқа ғылым негіздерімен ұштастыра меңгеруіне жол ашады.

**3. Әдебиеттік оқу.** Бұл мәселені әдебиеттік оқу мен қазақ тілі пәнінің оқытудағы байланысы бойынша талдайық. Көркем әдебиет тіл арқылы жасалады. Білім алушы халық тілінің мол құнарын жете танып, одан рухани нәр алуына әдеби туындының тигізер көмегі көп. Мысалы:

«Қазақстан таулары» өлеңінде мына:

Асқаралы Алатау  
Құшағында – Алматы.

Жатыр ұлы даламыз  
Арқа сүйегі Алтайға!

Ұлытау – жер кіндігі  
Ұлт бірлігін сақтаған!

Әрбір тасы сыр шетіп,  
Аққайыңы ән салған!

Қазақ үшін қадірлі  
Қасиетті Қаратау!» [20;22-23].

– деген жолдарға назар салайық. Ойшыл ақын мұнда кез-келген таудың өзіндік тарихы, басынан өткен оқиғасы бар екенін меңзеп отыр. Өйткені әрбір сөздің түп төркінін, мән-мағынасын, бейнелі ойын, колданылар орнын терең түсінбейінше көркем шығарманың табиғатын тану мүмкін емес, демек әдебиет сабағын тіл пәнімен байланыстыра оқытудың үлкен мәні бар екендігі көрінеді.

Әдеби шығарманың, яғни көркем мәтіннің көркемдік өресін көрсететін құралдың бірі - оның тілі. Тіл арқылы білім алушы жазушының көркем ойын ұғынады, одан эстетикалық тәрбие алады. Сабақта өлеңді мәнерлеп оқытамыз. Өлең шумақтың ішінен буын үндестігіне сәйкес келетін сөздерді тауып, оның себебін анықтайды. Осыдан өздері біліп, үйренген білімін тәжірибеде пайдалануға жаттығады.

**1-тапсырма.** Тау сөзіне көркемдегіш сөздермен топтастыру құр және «тау» сөзін үш тілге аудар.

Қарлы	<b>Тау</b>	...
...		...
...		...

**2-тапсырма.** Өлеңде аталған тауларды картадан ізде .

Сонымен қатар, Нұрсұлтан Әлімқұловтың сөзіне жазылған Нұрғиса Тілендиевтің «Алатау» әнін тыңдатып, бес жолды өлең құрастыру тапсырылады. Осындай тапсырмаларды орындау барысында пәнаралық, пәнішілік байланыс орын алады. Тақырыпты меңгеруде қазақ тілі, дүниетану, жаратылыстану пәндерінен алған білімдерін ұсынылған тапсырмаларды шешуде қолдана алды.

Білім алушы әдебиеттік оқу пәнінің құрылымдық сипатының сабақтастық жүйесін және пәнаралық байланыстың жүйесін жақсы түсінсе, әдеби көркем шығармалардың идеялық мазмұны, ерекшеліктері туралы толық дерек алады. Және ондағы оқиғалар, ой-пікірлер, тарихи жағдайлардың өзара сабақтас, тәуелді екенін терең түсінеді.


«Тіл және әдебиет» саласында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін полилингвистикалық білім беру, коммуникативтік, тілдік, мәдени құзыреттіліктерді қалыптастыру, сауатты жазбаша және ауызша сөйлеуді дамыту және т.б. білімдерді кіріктіру қажет. Тілге қатысты функционалдық сауаттылық – тілдік ережелерді түсіну – тілдік нормаларды сақтау – іс-әрекет тәсілдерін меңгеру болады [18;10].

**4.Математика.** Келесі зерттеуімізді математика пәнінен «Кеңістіктік геометриялық фигуралар. Көлемді өлшеу» тақырыпқа тоқталамыз [21;40]. Ортақ тақырыпқа қатысты деректері бар есептер құрастырады, шешеді.

Адам табиғаттан ажыратылмайды. Математика сабағында дүниетанымдық тақырыптағы тапсырмаларды шешу білім алушылардың табиғатқа деген қызығушылығын арттырады, ынталы, ізденімпаз адамдарды тәрбиелейді. Мысал келтірейік:

**1-тапсырма.** Сен туған өлкенің табиғатына байланысты аңыздарды білетін болсарсың. Мысалы, Бурабай туралы аңыз. Тау нені есіңе түсіреді? Қоршаған ортадан осы сияқты пішіндегі заттарды ата? (40бет, 1А тапсырма). Бұл тапсырманы орындауда білім алушылар әдебиеттік оқу пәнінен өткен «Қазақстан таулары» өлеңінде аталған тауларды суреттеп, орындайды.

**2-тапсырма.** Айналаңнан шамамен көлемі осындай заттарды табуға тырыс (41бет, 3А тапсырма).





Математика сабағында кеңістіктегі геометриялық фигуралармен танысу кезінде білім алушылар таулармен фигураларды салыстырады. Табиғатта геометриялық денелердің маңыздылығы өте үлкен және мысалдар жаратылыстанудан, дүниетану пәндерінен беріледі.

Жаратылыстану – ғылыми циклдің барлық пәндерін оқыту математикамен байланысты. Математика білім алушыларға күнделікті өмірде және адамның еңбек қызметінде қажетті, сондай-ақ аралас пәндерді (жаратылыстану, дүниетану, көркем еңбек және т.б.) үйрену үшін маңызды білім мен білік жүйесін береді.

Оқушылардың математикалық функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін материалдарды және есептеу құралдарын пайдаланып практикалық есептерді шешу барысында нақтылы объектілердің ұзындықтарын, аудандарын және көлемдерін есептеу, практикалық және танымдық проблемаларды шешу және т.б. білімдерді кіріктіру қажет [18;11].

Тәжірибе көрсеткендей, пәнаралық байланыстардан тыс оқушылардың дүниетану көзқарастары толық емес және жеткіліксіз негізде орнығады, себебі әлемнің бірігей, толық бейнесі және оның дамуының заңдылықтары толық деңгейде ашылмайды. Мазмұнның идеялық бағытталуын пәнаралық байланыстар тереңдетеді, ол танымдық қызметті де байытады, мектеп оқушыларының дүниетаным пікірлерін қалыптастыруға негіз жасайды.

Бұл жүйені пәнаралық байланысты қазақ тілі пәні арқылы, әсіресе оқушылардың тілін дамыта оқытуға пайдаланамыз. Атап айтқанда, оқушылардың сөйлеу әрекетінің дамуы ойлау, таным әрекеттерімен байланысты, сондықтан оқушылардың әр пәннен алған танымдық, білімдік материалдарын жүйелі түрде мәтін құрауға пайдаланады, яғни ауызша, жазбаша түрде іске асырады. Бұл оқушының тілін дамыта оқытуға алып келеді. Сондай-ақ баланың әр пән оқулығындағы мәтінді түсініп оқиды, есте сақтайды, келесі адамға айтады, жеткізеді. Бұл оқушының тілінің дамуына әсер етеді.

Пәнаралық байланысты іске асырудың ең тиімді әдістері болып сана-сезімдік қызмет, оқушылардың жұмысқа деген өзіндік дағдыларын дамыту болып саналады. Осы мақсатта арнайы түзілген тапсырмалар ұсынылды. Білім алушыларға пәнаралық тапсырмалар үлкен қызығушылықты туындатады.

Пәндер арасындағы байланысты орнату үшін 4 пәннің тақырыптарын топтастырып, әр пәнді әрқырынан карауға, оның барлық байланыстарын ашуға тырыстық.

Пәндерді, бөлімдерді, тақырыптарды кіріктіру, сондай-ақ пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру құралы – ортақ тақырыптар – жаңартылған бағдарламалардың бірден бір ерекшелігі болып табылады. Біз пәнаралық байланысты барынша тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін "ортақ" тақырыптарды пайдаландық. Бұл бағыттың құндылығы спиральдік принципі, яғни біртіндеп оқу мақсаттарының күрделенуі. Айта кету керек, білім алушылардың ойлау дағдыларын қалыптастыруға негізделген оқыту мақсатына баса назар аударылған, сондықтан білім алушылардың санасында әлемнің тұтас бейнесін құру, сондай-ақ жеке тұлғаның даму жағдайларын қамтамасыз ету қажеттілігі анықталды. Білім алушылар бір пән аясымен шектелмей, оны өзге сабақтас пәндермен байланыстыра отырып, пәнді еркін меңгеруге мүмкіндік алды:

- Пәнаралық байланыс негізінде дүниетанымдық көзқарас қалыптасты;
- Жеке пәндерге тән ортақ қасиеттерді білді;
- Ақпарат көздерін іріктеу, қажетті материалдарды тауып, тиімді қолдану дағдылары қалыптасты.

#### **Пәнаралық байланыстың тиімділігі:**

- Білім алушылардың зияткерлік, шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға және абстракттілі ойлау мен сөйлеудің дамуына ықпал етеді;
- Әр пәннен меңгерген білімін басқа пәндердің тапсырмаларын орындауға мүмкіндік береді;
- Тақырыптарды терең ізденуге мүмкіндік береді;

Білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, пәндерді байланыстыра оқытуды жүзеге асыру әр пәннің тақырыптық жоспар мазмұны мен құрылымын, оқу мақсаттарын, тапсырмаларын жан-жақты талдауды қажет етеді. Пәнаралық байланыстар оқытудың барлық қызметіне әр жақты көмектеседі: ғылыми білім жүйесіне, жалпыламаланған танымдық шеберлікке, кең түрдегі танымдық қызығушылыққа, білім алушылардың дүниетанымдық көзқарастарына оқытудың ұстанымы ретінде белгілі талаптар қоюға

міндеттейді. Пәнаралық түсініктерді бір жүйеге келтіру әрбір оқулық тақырыптары бойынша жалпылау кестелерін түзген жөн болады. Сондықтан қазіргі таңда білім беру жүйесі барлық пәндерді өзара байланыстыра, кіріктіре, сабақтастыра отырып оқыту мәселесі ғылым саласында сан қырынан зерттелуде. Зерттеу қорытындылары көрсеткендей, пәнаралық байланыстарды оқу үдерісінде қосу білім алушының оқу-танымдық қызметінің барлық құрамына сапалы өзінділіктік берді. Сондықтан білім алушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыруда пәнаралық байланыста оқыту нәтижелі болмақ. Зерттеудің нәтижелері төмендегідей ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді:

- ортақ тақырыптар арқылы пәнаралық байланысты жүзеге асыру;
- пәнаралық байланыста тәжірибелік жұмыстар жүргізу;
- бірнеше пән мазмұны бойынша пәнаралық тесттер жүргізу;
- пәнаралық байланыстарды табу дағдыларын қалыптастыру;
- пәнаралық байланыс жаттығуларын құрастыру.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жапбаров А. (2018) Қазақ тілін оқытудың жалпы әдістемесі: пәнаралық байланыста оқыту.
2. Байташева Г.У. (2018) Пәндерді интеграциялаудың кейбір мәселелері // Педагогика және психология. Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті. №4 (37). 80-87 б.
3. Лукин Ю.А. (2019) О сущности педагогической интеграции // Перспективы науки и образования. №2 (38). С.68-83.
4. Matos J., Pedro A., Piedade J. (2019) Integrating Digital Technology in the School Curriculum. International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET). Vol.14, No. 21. P.4-15 <https://doi.org/10.3991/ijet.v14i21.10863>
5. Ожегов С.И. (1983) Словарь русского языка. Изд. 5-е. М.: Русский язык.
6. Левина М.М. (1973) Межпредметные связи как дидактической условие формирования у учащихся научных понятий и знаний о методах//Межпредметные связи в процессе преподавания основ наук в средней школе. Москва. С.51–60.
7. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы (2015) Екінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.
8. Самарин Ю.А. (1962) Очерки психологии ума. Особенности умственной деятельности школьников. М.: Изд-во АПН РСФСР. – 504 с.
9. Turnai Ö., Bolatii M. (2015) Eğitimde Disiplinlerarası Yaklaşımın Kullanıldığı Tezlerin Analizi. Ondokuz Mayıs University Journal of Faculty of Education. №34(1). P.35-55.
10. 12 жылдық бастауыш мектептің базалық білім мазмұнын анықтау әдістері (2013) Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Астана.
11. Feizuldayeva S., Ybyraimzhanov K., Mailybaeva G., Ishanov P., Beisenbaeva A., Feizuldayeva S. (2018) Vocational training of future elementary school teacher by means of realization of inter-subject continuity. Opción, Vol. 34, No.85-2. P. 479-516. <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/23805/0>
12. Golding C. (2009) Integrating the disciplines: Successful interdisciplinary subjects. Centre for the Study of Higher Education The University of Melbourne.
13. Costa M.C., Domingos A. (2018) Promoting Interdisciplinarity in Primary School in the Framework of Science Education. Pedagogika / Pedagogy. Vol. 132, No. 4. P.130-146 <https://doi.org/10.15823/p.2018.132.8>
14. Leung A. (2020) Boundary crossing pedagogy in STEM education. International Journal of STEM Education 7, Article number:15. <https://doi.org/10.1186/s40594-020-00212-9>
15. Қаңтарбай С.Е., Жүсіпова Ж.А. (2011) Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі. ЖШС РПБК "Дәуір" - 272 б.
16. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы.
17. Биғазина П., Жаманкулова А., Кажекенова Э., Тураканова Г., Хонтай М. (2019) Жаратылыстану. «НЗМ» ДББҰ.
18. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда 12 жылдық білім беру мазмұнының кіріктірілуі мен сабақтастығы (2013) Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.
19. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г. Т. (2019) Қазақ тілі. Атамұра.
20. Мүфтибекова З., Рұсқылбекова Ә. (2019) Әдебиеттік оқу. Алматы: Алматы кітап.
21. Ақпаева Ә.Б., Лебедева, Мыңжасарова М.Ж. (2019) Математика. Алматы: Алматы кітап.

### Преподавание предметов начальных классов в междисциплинарной связи

*А.Ж. Есназар, А. Жапбаров*

Южно - Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан  
asel.esnazar@mail.ru, azhapbarov@mail.ru

В статье рассмотрена эффективность междисциплинарного подхода. При интеграции предметов были рассмотрены темы четырех предметов 4-го класса. На основе сквозных тем определены взаимосвязь материала, их влияние на друг друга, по общим признакам было установлено соединение тем между собой. В ходе исследования была рассмотрена учебная программа начального образования, подробно проанализированы содержание тематического плана каждого предмета, цели обучения и задачи. Использовались методы исследования педагогической и учебно-методической литературы, методы сравнения, обобщения, позволяющие раскрыть связи между предметами.

**Ключевые слова:** начальная школа, предмет, междисциплинарная связь, интеграция, сквозные темы, цель обучения.

### Teaching primary school subjects in interdisciplinary connection

*A.Zh. Yesnazar, A. Zhapbarov*

South - Kazakhstan state pedagogical university, Shymkent, Kazakhstan  
asel.esnazar@mail.ru , azhapbarov@mail.ru

The article considers the effectiveness of an interdisciplinary approach. When integrating the subjects, the topics of four 4th grade subjects were considered. On the basis of cross-cutting themes, the relationship of the material and their influence on each other were determined, and the connection of themes was established based on common features. The study examined the curriculum of primary education, analyzed in detail the content of the thematic plan of each subject, learning goals and objectives. Methods of research of pedagogical and educational-methodical literature, methods of comparison, generalization, allowing to reveal connections between subjects were used.

**Key words:** primary school, subject, interdisciplinary communication, integration, cross-cutting topics, learning objective.

Редакцияға 05.01.2020 түсті.

ҒТАХР 14.29.31

## КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ЦЕРЕБРАЛДЫ САЛЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ МОТОРИКАСЫ МЕН ӨЗІН-ӨЗІ КҮТУ DAҒДЫЛАРЫНЫҢ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

*Г.С. Шубаева, Ж.Р. Мусирова*

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ, Қазақстан  
[galiya.shub@mail.ru](mailto:galiya.shub@mail.ru), [musirovazh@bk.ru](mailto:musirovazh@bk.ru)

Балалардың церебралды салы (БЦС) бар балалардың кез-келген дағдысын, соның ішінде өзін-өзі күту дағдыларын қалыптастыру моторика саласының дамуына тікелей байланысты болады, өйткені кез-келген дағдыны жүзеге асыру қимыл-қозғалыс арқылы орындалады. Зерттеуге БЦС, спастикалық диплегиясы бар кіші мектеп жасындағы (6-7 жастағы) 24 бала қатысты. Зерттеуде қолданылған әдістер: 1) Моторлық қызметін тексеру: глобальды моторлы функцияларды жіктеу жүйесі; Эшворттың модификацияланған шкаласы; қол динамиметриясы; арқа бұлшық еттерінің шыдамдылық күші; статикалық координация; қолдың манипуляциялық әрекетін бағалау; көру-моторлық реакциясы; 2) Өзін-өзі күту дағдыларын тексеру: өзін-өзі күту қабілетінің жалпы сипатын бағалау; шалбар кию мен шешу дағдысы; шұлық кию мен шешу дағдысы; аяқ киім кию мен шешу дағдысы. Өткізілген зерттеу нәтижелеріне сандық және сапалық тұрғыдан талдау жасалды. Сонымен, алынған зерттеу нәтижелері церебралды сал болған балалармен жүргізілетін түзету-дамыту шараларын дұрыс жоспарлауға, ұйымдастыруға және өткізу үшін қажет.

**Түйін сөздер:** балалардағы церебралды сал, моторика дамуы, өзін-өзі күту дағдылары, 6-7 жастағы балалар, түзету-дамыту шаралар.

Кейінгі жылдары дамуында ерекшеліктері бар балалардың саны жыл сайын артуда [1; 33]. Жүйке жүйесінің ауруларының ішінде мидың органикалық зақымдалуы нәтижесінде пайда болатын балалардың церебралды салы (БЦС) ең алдыңғы қатарда тұр (30%-70%). Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтері бойынша біздің елімізде 2016 жылы 0-14 жас аралығындағы балалар арасында 100 000 адамға шаққанда БЦС диагнозымен 82,9 бала тіркелген. 2018 жылы БЦС науқас балалар саны 16768 болған [2]. Ресейде 2000 жыл мен 2015 жыл аралығында мүгедек-балалар саны 10000 балаға шаққанда 201,7 көрсеткішінен 212,6 көрсеткішіне дейін артқан [3; 223].

«Балалардың церебралды салы» терминімен мидың онтогенездің ерте сатыларында зақымдануы салдарынан пайда болатын, денені дұрыс қалпында ұстап тұра алмаумен және ерікті қозғалыстарды орындай алмаумен білінетін синдромдарды атайды. Қимыл-қозғалыс бұзылыстары (параличтер, парездер, координация бұзылыстары, еріксіз зорлық қозғалыстар) ақыл-ес, сөйлеу, есту өзгерістерімен, тырысу ұстамаларымен, сезіну бұзылыстарымен қатар жүруі мүмкін. БЦС ағымы үдемелі емес, резидуальды (қалдықтық) патологиялық жағдай болып табылады. Жүйке жүйесінің әртүрлі құрылымдарының өзара қарым-қатынасының өзгеруіне байланысты жас ұлғайған сайын неврологиялық симптомдар біршама түзелуі мүмкін.

БЦС ерекшелігі балаларда туыла салысымен ең алдымен моторлық қызметтердің бұзылуы байқалатынында. Бұл мидағы моторлық және соматосенсорлық құрылымдардағы морфо-функционалдық өзгерістерге байланысты. Соның ішінде нәрестелердегі мидың перинаталдық зақымдалуы құрылымындағы қарыншаішілік қан құйылулар оналту потенциалы көрсеткіштерінің анатомиялық шектелу, когнитивті және сөйлеу тілі бұзылыстары бойынша төмендеуі түріндегі ауыр салдарға әкеліп соғады [4; 33].


БЦС диагностикалық ұтымдылығын арттыру үшін соңғы жылдары генетикалық анализ жасауды да қарастыруда, өйткені осы диагноз қойылған балалардың арасында үдемелі емес генетикалық бұзылыстары бар, жанұялық анамнезінде ұқсас жағдайлар болған балалар да кездеседі. Генетикалық тексеріс нақты емдеу тәсілдерін пайдалануға, келешек ұрпақтарда осы дерттің қайталану ықтималдығын азайтуға көмегін тигізе алады [5; 23].

Сонымен қатар БЦС кезінде заманауи нейровизуализация әдістері жаңа мәліметтер бере алатындығы әдебиетте айтылған. Диффузды магнитті-резонансты томография (dMRI) әдеттегі

құрылымдық МРТ кезінде көріне бермейтін мидың ақ затының майда аномалияларын тауып, орналасуын және көлемін анықтауға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары БЦС бар балалардағы құрылымдық-функционалды қатынасты тексеру үшін dMRI қолданатын зерттеушілердің саны артып келе жатқаны байқалады. БЦС кезіндегі аяқ-қол қызметінің жүзеге асырылуындағы моторлық, сонымен қатар соматосенсорлық жолдардың маңызы көрсетілген. Сондай-ақ БЦС сирек кездесетін түрлерін осы әдіс арқылы зерттеу бағытында жаңа ақпарат алынатыны үміт күттіреді. Диффузды МРТ әдісі моторлық емес жолдардың релеванттығын зерттеуге септігін тигізері жайлы айтылған [6].

Осы дерт кезінде балалардың моторлық аясының бұзылуымен қатар, жоғарғы жүйке қызметінің, өзін-өзі күту дағдыларын меңгерудің тежелуі байқалады. Соның нәтижесінде баланың мүмкіндігінің шектеліп, оны тәрбиелеу мен әлеуметтендіруде айтарлықтай қиындықтар мен кедергілер пайда болады. БЦС болған балаларға әртүрлі жағдайда педагогикалық көмек ұйымдастырылу мәселесімен К.А.Семенова, Т.А.Власова, А.А.Дмитриев, В.В.Коркунов, Н.Н.Малофеев, Л.М.Шипицына және т.б. ғалымдар айналысқан, олардың зерттеулерінде осындай балалардың өмір сүру ортасына сәтті бейімделуінің маңызды шарттарының бірі дене және психикалық денсаулық жағдайын бақылау екендігіне ерекше назар аударылған. Бұл дертке шалдыққан балаларды оқыту технологиясы барынша баланың жеке дара қозғалыс мүмкіндіктеріне оңтайландырылған болғаны жөн. Қозғалыстарын күнделікті өмірде пайдалануға, өмір тәжірибесіне қосуға үнемі дағдыландырудың маңызы өте зор. БЦС бар балалардың кез-келген дағдысын, соның ішінде өзін-өзі күту дағдыларын қалыптастыру моторика саласының дамуына тікелей байланысты болады, өйткені кез-келген дағдыны жүзеге асыру қимыл-қозғалыс арқылы орындалады [7; 16].

БЦС бар балалардың кез-келген дағдысын, соның ішінде өзін-өзі күту дағдыларын қалыптастыру моторика саласының дамуына тікелей байланысты болады, өйткені кез-келген дағдыны жүзеге асыру қимыл-қозғалыс арқылы орындалады. Патологиялық үрдіс пен өмір сапасының арасындағы байланысты А.Jette (1994) ұсынған модельден айқын көре аламыз (1-сурет) [8; 4-5].



Сурет 1. Патологиялық үрдіс пен өмір сапасының арасындағы байланыс (С. Б. Мальцев. Оценка ежесдневной активности, участия в жизни общества и качества жизни. М., 2010. 63с. <https://manuals.sdc-eu.info> ).

Моторлық қызметтің және өзін-өзі күту дағдыларының даму деңгейін анықтау және бағалау үшін әртүрлі шкалалар, тесттер ұсынылған. Мысалы, «Глобальды моторлы функцияларды жіктеу жүйесі» (Gross Motor Function Classification System GMFCS); «Мануальды дағдыларды жіктеу жүйесі» (Manual Ability Classification System MACS); «Функциялар шектелуінің педиатриялық шкаласы» (Pediatric Evaluation of Disability Inventory PEDI); Эшворт шкаласы; «Күнделікті тіршілік белсенділігінің Катц индексі» (Katz); «Күнделікті өмірдегі белсенділік деңгейін анықтауға арналған Бартел шкаласы» және т.б.

Оспанова Ш.Х. БЦС балалардың күнделікті өмірдегі белсенділік деңгейін анықтауға арналған Бартел шкаласының мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған модификациясын қолданған.

Бұл әдістеде 20 критерий бойынша 10-15 балл жүйесімен әртүрлі өзін-өзі күту дағдылары бағаланады да, баланың біреудің көмегіне қаншалықты тәуелді екенін анықталады. Тексеру нәтижелеріне қарай баланың оңалту потенциалы анықталып, жеке оңалту бағдарламасы құрылады [9; 5]

Dirk-Wouter Smits еңбегінде Нидерландтық Денсаулық сақтау саласындағы зерттеулер ұйымы (Нидерландтағы балалар оңалтуын зерттеу; PERRIN) және Канада Денсаулық сақтау саласындағы зерттеулер институты (Жасөспірімдерде өмір сапасын, мобильдікті және дене жаттығуын зерттеу; ASQME) өткізген ұзақ мерзімді зерттеу нәтижелері жарияланған. 1 мен 17 жас аралығындағы қатысушылардың барлығында БЦС диагнозы нақтыланған, қимыл-қозғалыс қызметіне әсерін тигізетін басқа дерттері, мысалы бұлшық ет дистрофиялары, омыртқа жотасының жарығы, бар тұлғалар зерттеуге қатысқан жоқ. Бастапқы тексерістен кейін 1 жыл интервалымен 3 ретке дейін қайта тексеру жүргізіліп отырған. Церебралды салдың ауырлық спектрінің барлығы «Глобальды моторлы функцияларды жіктеу жүйесі» (Gross Motor Function Classification System GMFCS) көрсеткіштерін пайдаланып келтірілді. Мобильдік пен өзін-өзі күту қабілеті «Функциялар шектелуінің педиатриялық шкаласы» (Pediatric Evaluation of Disability Inventory PEDI) көмегімен бағаланған. Шектерді, жылдамдықтар мен даму вариацияларын бағалау үшін аралас әсерлерді сызықты емес модельдеу қолданылды. Осы екі тексеру әдістемелерінің нәтижелері арасында белгілі бір байланыс заңдылығы анықталған. Атап айтсақ, GMFCS бойынша I деңгейге сәйкес келген балаларда PEDI бойынша мобильдік пен өзін-өзі күтудің есептік орташа шегі 90%-дан жоғары болды, яғни барлық дерлік элементтерге қабілетті екендігін көрсетті. Ал GMFCS бойынша 2-5 деңгейге сәйкес келген балаларда PEDI бойынша мобильдік пен өзін-өзі күтудің есептік орташа шегі 83-24% аралығында болды. GMFCS бойынша төмен деңгейдегі, яғни БЦС дәрежесі жеңілдеу балаларда даму ауқымы жоғары болды, алайда оған салыстырмалы ұзақ даму мерзімінде қол жеткізілген. Сонымен бірге GMFCS бойынша деңгейі бірдей балалардың өзінде мобильдікте, әсіресе өзін-өзі күтуде едәуір алшақтық байқалған жағдайлар кездесті. Бұл болжам жасауда және басқаруда GMFCS қатар басқа да контекстуальды факторларды ескеру қажеттігін көрсетті. Осы алынған мәліметтер практика жүзіндеқандай қолданыс табатындығына ерекше мән берілген [10; 552].

Соловьева А.П. БЦС балаларды жан-жақты зерттеу, соның ішінде GMFCS, модификацияланған Эшворт шкаласын және т.б. қолдана отырып тексеру нәтижесіне сүйеніп, ботулотоксин А препаратымен емдеудің тиімділігін көрсеткен [11; 60].

Овечан С.А. зерттеуінде 5-15 жас аралығындағы БЦС-дың спастикалық түрлерімен науқас балалардың өзін-өзі күту дағдыларын тексеру үшін Халықаралық қызмет ету жіктелу моделін пайдаланған. Нақты айтқанда балалардың күнделікті іс-әрекетін жүзеге асыруда маңызды болып табылатын келесі аумақтарды қамтыған: үй – мектеп – балабақша – оңалту орталығы [12; 432].

*Зерттеу мақсаты:* церебралды сал ауруымен науқас кіші мектеп жасындағы балалардың қимыл дағдылары мен өзін-өзі күту дағдыларының дамуын анықтау.

*Зерттеу міндеттері:* 1) сал ауруы бар балалардың моторикасы мен өзін-өзі күту дағдыларының өзара байланысы және оларды тексеру мәселесіне ғылыми-теориялық тұрғыда талдау жасау; 2) церебралды сал болған кіші мектеп жасындағы балалардың қимыл-қозғалыс және өзін-өзі күту дағдыларының қалыптасу дәрежесін анықтап, оған баға беру.

Зерттеуге кіші мектеп жасындағы (6-7 жастағы) 24 бала қатысты. Барлық балалардың клиникалық диагнозы кеш резидуалдық кезеңдегі церебралды салдың спастикалық диплегия түрі болды, ХАЖ-10 (Халықаралық аурулардың жіктелуінің 10-шы қайта қарастырылымы) бойынша диагноз коды «G80.1 Спастикалық церебралды сал, диплегия».

*Зерттеу әдістері:*

1. Моторлық қызметін тексеру:

- Глобальды моторлы функцияларды жіктеу жүйесі
- Эшворттың модификацияланған шкаласы
- Қол динамометриясы
- Арқа бұлшық еттерінің шыдамдылық күші
- Статикалық координация
- Қолдың манипуляциялық әрекетін бағалау
- Көру-моторлық реакциясы

2. Өзін-өзі күту дағдыларын тексеру:

- Өзін-өзі күту қабілетінің жалпы сипатын бағалау
- Шалбар кию мен шешу дағдысы
- Шұлық кию мен шешу дағдысы
- Аяқ киім кию мен шешу дағдысы

*Зерттеу нәтижелері.* Қимыл-қозғалыс қызметін бағалау үшін қолданылған «Глобалды моторлы функцияларды жіктеу жүйесі» (Gross Motor Function Classification System GMFCS, 1997, 2007) бойынша зерттеуге қатысқан балалардың барлығында жасына сәйкес ІІ деңгей анықталды: жүрісі шектеулі – үйреншікті жағдайда үлкен қашықтыққа өздігінен жүреді, ал далада құралдар арқылы жүреді, нашар жүгіреді және секіреді.

*Эшворттың модификацияланған шкаласы* бойынша бұлшық еттердің спастикалығы анықталды. 24 баланың ішінде 10 балада 4 балл, 14 балада 3 балл анықталды. Сонда орташа 3,4 балл деңгейіне сәйкес келді. Бұл шкала бойынша анықталған көрсеткіштердің сипаттамасы мынандай болды:

3 балл – бұлшық ет тонусының орташа жоғарылауы, яғни пассивті түрде орындалатын қозғалыстың басым бөлігінің барысында кедергі байқалады, бірақ бұл қозғалысты жасау қиындамаған.

4 балл – бұлшық ет тонусының айтарлықтай жоғарылауы, пассивті қозғалыстың орындалуы қиындаған, буындағы қозғалыс аумағы шектелген.

Дене қабілеттерін тексеру келесідей параметрлер бойынша жүргізілді: күш және тепе-теңдік қабілеттерінің, ұсақ моторикасының дамуы.

*Қол динамометриясы (кг).* Арнайы балалар динамометрінің көмегімен өлшенеді. Бала тұрып тұрады, егер тұра алмаса, тексеруді отырып өткізуге де болады, оң және сол қолын кезекпен тік ұстап, бір жаққа қарай көтереді. Динамометрді стрелкасын алақанға қаратып ұстайды да, барынша қатты қысады. Қатты қимылдауға, орнынан қозғалуға, қолын төмен түсіруге болмайды. Алдымен сол қолымен, содан соң оң қолымен 2-3 рет жасап көреді. Әр қолдың жеке нәтижесінің ең жақсысы тіркеледі, дәлдігі 0,1 кг дейін.

*Арқа бұлшық еттерінің шыдамдылық күші (орындау саны).* Арқа бұлшық еттерінің шыдамдылық күшін анықтау сынамамы Г.И.Турнер атындағы Ғылыми-зерттеу балалар ортопедиялық институты ұсынған әдіс арқылы жүргізілді. Оны өткізгенде балалар қолдарын шынтақ буынында бүгіп, алақандарын төмен қаратып етпетінен жатты, сонда саусақ ұштары иық деңгейінде болды. Балалар осы дене қалпынан қолдарын жазып, кеудесін еденнен көтеру керек. Дені сау балаларда бөксесін де жерден алу шарт. Ал БЦС балалар шамасына қарай бөксесін жерден алуына да, алмауына да болады. Максималды неше рет орындай алатындығы бағаланды [13; 120].

*Статикалық координация* көрсеткіші балалардың тепе-теңдік сақтай алу уақыты бойынша анықталды. Бұл көрсеткішті бағалау әдістемесі де Г.И.Турнер атындағы Ғылыми-зерттеу балалар ортопедиялық институты ұсынған, арнайы тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар үшін модификацияланған түрдегі әдіс арқылы бағаланды. Өйткені жалпы балаларда кеңінен қолданылатын классикалық сынамаларды, мысалы Ромберг сынамамын, церебралды салы бар балаларда қолдану мүмкін емес. Сондықтан жеңілдетілген түрдегі сынама өткізілді. Бала өзіне ыңғайлы болатындай қалпында аяқтарын алдыға созып жерге отырады, қолдарын алдыға қарай созады. Көзін жұмып отырып осы дене қалпын сақтап тұра алу мерзімі өлшенеді. Егер қиналған жағдайда, көзін ашып тұрып орындайды. Нәтижесін секундпен көрсетеді. Қалыпты жағдайда балалар статикалық координация сынамамын өткізгенде дене қалпын 10 секундтан астам уақыт сақтап тұра алады.

*Қолдың манипуляциялық әрекетін бағалау.* Стол үстінде шырпы қорабы болады, қасында 10 шырпы жатады. Сигнал берілгенде қорапқа сіріңкелерді салу керек. Алдымен оң қолымен, содан кейін сол қолымен орындайды. Осы тапсырманы орындауға кеткен уақыт тіркеледі.

*Көру-моторлық реакциясы* да Г.И.Турнер атындағы Ғылыми-зерттеу балалар ортопедиялық институты ұсынған әдіс арқылы бағаланды. Бала қабырғаға сүйеніп тұрады, егер бала денесін вертикальды қалыпта тік ұстап тұруға қиналатын болса, оның кеудесі мен аяқтарын фиксация жасайды. БЦС диплегиялық түрі бар балалар үшін 2 метр қашықтықтан 10 рет доп лақтырғанда неше рет ұстап алатындығын санайды. Қалыпты жағдайда кіші мектеп жасындағы балаларда допты 3 метр қашықтықтан лақтырады, сонда ұстап алынған доптың саны 9-10 тең болуы керек [13; 124].

1-кестеде біздің зерттеуімізде өткізілген БЦС балалардың қозғалыс дайындығының диагностикасы нәтижелері берілген. Ол күш, жылдамдық-күш және координациялық мүмкіндіктерді, төзімділікті және ұсақ моторика параметрлерін сипаттайтын сынамалар арқылы бағаланды. Бұлшық ет күшін бағалау үшін «қол динамометриясы» атты тест пайдаланылды, ол баланың бұлшық еттерінің қаншалықты дамығандығын сипаттайды. Қолдың күші қанағаттанарлық болып есептелуі үшін екі қолдың күшінің көрсеткішін қосқанда дене салмағына тең болуы керек. Дені сау 6-7 жасар балаларда қол динамометриясының көрсеткіші ұлдарда 9,0-14,1 кг, ал қыздарда 7,9-13,2 кг болады. Спастикалық диплегиясы бар балаларда, әрине, бұлшық ет күшінің көрсеткіштері әлдеқайда төмен болады, өйткені бұлшық еттердің спазмы және парезі осыған әкеп соғады.

Арқа бұлшық еттерінің шыдамдылық күшін анықтау (орындау саны) да БЦС балаларда төмен деңгейде болғаны анықталды, бұл осындай балалардың бұлшық ет корсетінің әлсіздігін көрсетеді.

Статикалық координациясын өлшеу нәтижесі көрсеткендей, БЦС бар балалар бұл сынаманы көзін жұмып орындауға әжептеуір қиналды, сондықтан барлығы дерлік көзін ашып отырып жасады. Бұл орталық жүйке жүйесінің және бұлшық ет аппаратының қызметінің бұзылғандығының белгісі.

Көптеген авторлар дәлелдегендей, қозғалыс қызметтері адамның физикалық және психикалық денсаулығын анықтайды. Қозғалыс адамның психикасын қалыптастырады, ал психика қозғалыста көрініс табады. Психика тұлғаны қалыптастырады, ал тұлға ойлау, есте сақтау, қабылдау, сияқты үрдістерде көрініс табады. Психикалық үрдістердің деңгейі ұсақ моториканың даму деңгейіне тікелей байланысты екендігі мәлім. Церебралды салы бар балаларда осы қызметтің қаншалықты қалыптасқандығын анықтау үшін біз қолдың манипулятивті әрекетін бағалауды өткіздік. Сонда балаларға қол саусақтарымен 10 шырпыны қорапшаға жинау керек деген тапсырма берілді. Спастикалық диплегиясы бар балаларға орта есеппен алғанда осы тапсырманы орындау үшін 3-тен 4 минутқа дейін уақыт қажет болды. Тест нәтижесі тексерілген балалардың ұсақ моторикасының қалыптаспағандығын көрсетті, өйткені қалыпты жағдайда осы тапсырманы орындауға орта есеппен алғанда 15-20 секунд жұмсалады. Логопедтер сөйлеу тілі мен соған сәйкес ойлаудың дамуы саусақтардың қимылы еркін болмайынша баяу күйінде қалады деп есептейді. Баланың ұсақ моторикасы мен сөйлеу тілінің қалыптасуы арасында байланыс бар екендігі белгілі. Зерттеуге қатысқан балалардың психологиялық-педагогикалық қорытындысын талдау осы тәуелділікті жанама түрде болса да дәлелдеді, себебі тексерілген 24 баланың ішінде барлығында сөйлеу тілінің әртүрлі бұзылыстары болды.

1-кесте (Құрастырған: авторлар)

**БЦС бар балалардың қозғалыс дағдыларының қалыптасуын бағалау**

Сынамалар	Көрсеткіштер	
Қол динамометриясы (кг)	оң қол	2,02
	сол қол	1,52
Арқа бұлшық еттерінің шыдамдылық күші(орындау саны)	3,11	
Статикалық координация (сек)	3,1	
Қолдың манипуляциялық әрекетін бағалау (минут)	оң қол	3,56
	сол қол	4,05
Көру-моторлық реакциясын бағалау (орындау саны)	0,55	

Көру-моторлық реакциясын бағалау БЦС балалардың көбісінде допты игеру қабілетінің қалыптасуы төмен екендігін көрсетті. Допты ұстап алуға ұмтылған кезде спастикалық диплегиясы бар балалар көзін жұмып, доптан тығылуға, қолымен қорғануға тырысты. Нәтижесінде 16 бала тапсырманы орындай алмады, ал 8 бала тапсырманы



орындады, бірақ көрсеткіштері лақтырылған 10 доптан 1-ден 4-ке дейін рет ұстап алды. Бұл осы санаттағы балалардың көру-моторлық реакциясының қалыптасу деңгейінің төмен екендігін көрсетті.

БЦС балалардың өзін-өзі күту қабілетінің жалпы сипатын бағалау үшін Г.И.Турнер атындағы Ғылыми-зерттеу балалар ортопедиялық институты ұсынған әдіс қолданылды. Бағалау 5 баллдық жүйе бойынша жүргізілді [13; 158]:

1 балл – өзін-өзі толық күте алады;

2 балл – өзін-өзі күту барысында кейбір күрделі қимыл-қозғалыстарды орындай алмайды;

3 балл – өзін-өзі жартылай күте алады;

4 балл – өзін-өзі күту кезінде өте қарапайым қызмет көрсете алады (қасықты ұстайды, кейбір киімдерін киеді);

5 балл – өзін-өзі күте алмайды.

Өзін-өзі күту дағдыларының қалыптасуына диагностика жүргізіп, бағалау үшін БЦС бар балалардың ата-анасын және мұғалімдерді сұрастыру жүргізілді және балаларды бақылау өткізілді. Сонда балалардың ас ішуге арналған жабдықтарды (қасық, шанышқы, кесе және т.б.) пайдалана білу дағдылары, киіну, шешіну, дәретханаға бару, жуыну дағдылары тексерілді. Өткізілген зерттеу спастикалық диплегиясы бар 16 баланың өзін-өзі күтуде қарапайым түрдегі қызмет көрсете алатындығы анықталды: қасықты ұстай алады, біреудің көмегімен кейбір киімдерін кие алады, бірақ шешіне алмайды, аяқ киімнің бауын байлай алмайды, киімдерінің түймелерін таға алмайды, әжетханаға өздігімен бара алмайды. 8 бала жартылай өзін-өзі күте алады: ас ішетін жабдықтармен пайдалана алады, жуынады, біреудің көмегінсіз киіне алады және шешіне алады, бірақ өз бетімен дәретханаға бара алмайды, түймелері мен бауларын таға алмайды. Өзін-өзі күту дағдыларын меңгеру деңгейін бағалаудың орташа көрсеткіші 3,9 балл болды.

Зерттеуге қатысқан балалардың диагнозын, яғни БЦС-дың клиникалық түрін ескере отырып, спастикалық диплегия кезіндегі балалардың аяққа шалбар, шұлық, аяқ-киім кию дағдыларының қалыптасуында көбірек қиындық туындайтындықтан, осы дағдыларының қалыптасу деңгейіне баса назар аудардық [14; 22].

Алдымен баланың ата-анасымен әңгімелесіп, келесідей сауалнама жүргіздік.

#### Ата-аналарға арналған сауалнама

Төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, үйде баланың аяғына шұлық пен шалбарды киіп-шешу үрдісінің қалай өтетіндігін барынша тарқатып, бүге-шігесіне дейін нақты сипаттап беріңіз:

а) бала киіну үрдісіне қаншалықты атсалысады – өзінің қол-аяғымен сәйкес қимылдар жасауға тырысып, сізге өзін киіндіріп, шешіндіруге көмектесе ме?

ә) шұлығын, шалбарын өз бетімен шеше ме, шеше алмаса, қай жерінде қиналып, сіздің көмегіңізді қажет етеді?

б) шұлығын, шалбарын өз бетімен кие ме, кие алмаса, қай жерінде қиналып, сіздің көмегіңізді қажет етеді?

Содан соң балалардың өзін-өзі күту, соның ішінде шұлығын, шалбарын, аяқ-киімін кию және шешу дағдыларының қалыптасу деңгейін төмендегі критерийлер бойынша тексеріп, балл жүйесімен бағаладық.

#### Шұлық шешу дағдысы

0. Шұлығын шеше алмайды

1. Шұлықты өкшесінен төмен түсіре алады

2. Шұлықты аяғының ұшынан шығарып, шеше алады

#### Шұлық кию дағдысы

0. Шұлығын өздігінен кие алмайды

1. Шұлықты тобығына дейін шығарып бергенде ғана әрі қарай өзі жоғары көтеріп кие алады

2. Шұлықты өкшесіне дейін шығарып бергенде әрі қарай өзі жоғары көтеріп кие алады

3. Шұлықты аяқтың ұшына кигізіп бергенде әрі қарай өзі жоғары көтеріп кие алады

4. Шұлықты өз бетімен дұрыс кие алады

#### Шалбарын шешу дағдысы

0. Шалбарын өздігінен шеше алмайды

1. Шалбардың бір балағын шешіп бергенде, екінші балағын өзі шеше алады
2. Шалбарын тобығына дейін түсіріп бергенде екі балағын да өзі шеше алады
3. Шалбарын тізеге дейін түсіріп берсе, өзі балақтарын шеше алады
4. Шалбарын өзі шешеді, бірақ қадағалауды қажет етеді
5. Шалбарын толық өз бетімен шеше алады

*Шалбарын кию дағдысы*

0. Шалбарын өздігінен кие алмайды
1. Шалбарын санына дейін көтеріп бергенде өзі беліне дейін тартып кие алады
2. Шалбарын тізесіне дейін көтеріп бергенде өзі беліне дейін тартып кие алады
3. Шалбардың екі балағын аяғының ұшына іліп бергенде әрі қарай өзі кие алады
4. Шалбарын өзі киеді, бірақ қадағалауды қажет етеді
5. Шалбарын толық өз бетімен кие алады

*Аяқ киімін кию дағдысы (бауын тақпай)*


0. Аяқ киімін өздігінен кие алмайды
1. Көмекші өкшесін тартып кигізген соң табанын аяқ киімге итеріп кие алады
2. Көмекші башпайларын аяқ киімге кіргізген соң өкшесін өзі тартып кие алады
3. Көмекші аяқ киімді қолына берген соң башпайларын аяқ киімге өзі кіргізіп, өкшесін өзі тартып кие алады
4. Аяқ киімді ауызша нұсақаумен өзі кие алады
5. Оң және сол аяғын шатастырмай, өздігінен аяқ киімін кие алады
6. Ешқандай көмексіз және бақылаусыз өз бетімен аяқ киімін киіп, жапсырмамен таға алады

*Аяқ киімін шешу дағдысы*

0. Аяқ киімін өздігінен шеше алмайды
1. Көмекші өкшесін тартып шығарған соң аяқ киімін табанынан сілкіп түсіре алады
2. Көмекші өкшесін тартып шығарған соң табанын өзі аяқ киімнен шығарып, шешіп қояды
3. Көмекші жапсырмасын ағытып, босатқан соң аяқ киімін өзі шеше алады
4. Аяқ киімін ешқандай көмексіз және бақылаусыз өз бетімен шеше алады.

Ата-аналармен жүргізілген сауалнама жауаптары келесідей болды. Балардың басым бөлігі 20(83%) кию үрдісіне атсалысатындығы анықталды, яғни өзінің қол-аяғымен сәйкес қимылдар жасауға тырысып, өзін киіндіріп, шешіндіруге көмектеді. Тек 4 қыздың ғана ата-анасы қызының еркелігіне, өз бетімен киюге көмектесуге ынтасы жоқ екенін айтты. Негізгі қиындық шалбарын киюде кездесті деп жауап берді ата-аналардың барлығы, ал шұлықтарын шешу ең жеңіл дағды болғанын айтты. Алайда, ата-аналар осы дағдылардың нақты қай жерінде қиналғаны туралы толық мәлімет бере алмады, өйткені оның бүге-шігесіне мән берген жоқпыз деп жауап берді. Осы орайда балалардың өзін-өзі күту дағдыларын қалыптастырып, дамытуда ата-аналар басты рөл атқаратындығын және олардың міндетті түрде мамандар үйреткен жаттығуларды үйде орындауы қажеттігін айта кету қажет. Сондықтан ата-аналарымен үнемі кері байланыста болып, баланың қол жеткізген жетістіктерін бақылап отыру қажет [15; 284].

Балалардың аяққа шалбар, шұлық кию дағдыларының қалыптасу деңгейін зерттеу нәтижесін диаграмма түрінде көрсеттік. Шұлық шешу дағдысы ең жақсы қалыптасқан болды, 0 балл алған балалар болған жоқ, 1 балл 8 балада және 2 балл 16 балада анықталды. Шұлық кию дағдысы бойынша нәтижелерден көріп отырғанымыздай, ол да балаларға салыстырмалы жеңіл болды, өйткені 8 бала бұл дағдыны өз бетімен дұрыс орындай алатынын көрсетті, 8 бала шұлықты аяқтың ұшына кигізіп бергенде әрі қарай өзі жоғары көтеріп кие алатындығын көрсетті, ал 1 және 2 балл деңгейінің әрқайсысына 4 баладан сәйкес келді. Шалбарын шеше алу дағдысын толық өз бетімен меңгерген бір де бір бала болған жоқ, 4 бала орындауда қадағалауды қажет етті, ал 2 және 3 баллға 8 баладан сәйкес келді, 4 балада 1 балл көрсеткіші тіркелді. Шалбарын кию дағдысын тексеру нәтижесі көрсеткендей, бұл салыстырмалы ең қиыны болды, алайда оны мүлдем орындай алмаған балалар болған жоқ, 1 мен 2 балл көрсеткіштеріне 8 баладан сәйкес келді, 4 бала 3 балл алды және 4 бала осы дағдыны меңгергенін, бірақ қадағалауды қажет ететіндігін аңғартты (2-сурет). Аяқ киімін шешу дағдысы аяқ киімін кию дағдысынан жеңіл болды, мұнда аяқ киімін кию дағдысы бойынша орташа көрсеткіш 2,3 балл болса, аяқ киімін шешу дағдысы бойынша 1,7 баллға тең болды.



**2-сурет.** Шалбар кию және шешу дағдысының қалыптасу деңгейі (Құрастырған: авторлар)

*Зерттеудің қорытындысы*

БЦС балалардың моторлық қызметінің диагностикасын жүргізу күш, жылдамдық-күш және координациялық мүмкіндіктерінің, төзімділікті және ұсақ моторика параметрлерін сипаттайтын сынамалардың төмен нәтиже беретіндігін көрсетті. Бұл осы дерт кезіндегі бұлшық еттердің спазмы және парезінің салдары.

Церебралды салы бар балаларда ұсақ моторика қызметінің қаншалықты қалыптасқандығын анықтау үшін біз қолдың манипулятивті әрекетін бағаладық, сонда бұл көрсеткіштер де төмен болды. Сонымен қатар көру-моторлық реакциясын бағалау да БЦС балалардың көбісінде допты игеру қабілетінің қалыптасуы төмен екендігін көрсетті. Өткізілген зерттеу жұмысы арқылы біз спастикалық диплегиясы бар балаларда болатын қозғалыс және өзін-өзі күту тараптарындағы ерекшеліктердің алуан түрлі болатындығын байқадық.

Мақалада ұлттық классикалық шығармаларымыздың арасында сан буын режиссерлер мен актерлер шеберлігінің қалыптасуына зор ықпал еткен пьесалардың бірі Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері-Ақтоқты» трагедиясының 1942 және 1958 жылдардағы сахналық қойылымдары қарастырылды. Мұнда аталмыш трагедияның сахналық даму эволюциясы анықталып, режиссерлік және актерлік өнердің дамуына тигізген әсері спектакльдерді талдау барысында сараланды. Сол арқылы көрермендердің рухани жан-дүниесі мен эстетикалық талғамының қалыптасуына бұл туындының қаншалықты ықпал еткені анықталды.

*Түйін сөздер:* театр, пьеса, спектакль, режиссер, актер, трактовка, мизансцена.

### Кіріспе

Қазақ әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі Ғабит Мүсіреповтің есімі мен шығармасы республика көлемінде ғана емес, бүкіл әлемге жақсы таныс. Зергер суреткер, қарымды прозаик, шебер драматург, публицист, аудармашы, мемлекет қайраткері болып ел есінде қалды. Оқырманын айрықша эстетикалық сезімге бөлейтін көркем туындыларымен қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан Ғ.Мүсіреповтің қаламынан бірнеше пьесалар да жарық көрді. Ойы ұшқыр қаламгердің туындылары - бүгінгі оқырманның да, болашақ ұрпақтардың да ажырамас рухани серігі, қымбат мұрасы болып қала беретіні ақиқат. Өйткені, оның әрбір шығармасы биік өнермен, үздік шеберлікпен жасалған асыл дүниелер екенін барша қауым әлдеқашан бірауыздан мойындаған.

Ғ.Мүсіреповтің шығармашылығы туралы қазақ әдебиеттану ғылымында көптеген ғылыми зерттеу еңбектер жарық көрген. Атап айтқанда: белгілі ғалымдар М.Қаратаевтың «Шеберлік шыңы» [1], Қ.Құттыбаевтың «Шындық пен шығарма» [2], З.Қабдоловтың «Жанр сыры» [3], С.Қирабаевтың «Өрлеу жолында» [4], Н.Ғабдуллиннің «Ғабит Мүсірепов - драматург» [5], т.б. ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде терең талданған.

Классикалық шығармалардың өміршеңдігі туралы әлем драматургиясы мен театрын зерттеушілер Punt, E.P., Geertman, S.C.M., Afrooz, A.E., Witte, P.A., Pettit, C.J.[6], Luiz, T.M.[7], Matei-Chesnoiu, M.[8] еңбектерінде де кеңінен қарастырылған.

Қазақ театртану ғылымында да «Ақан сері-Ақтоқты» пьесасының көркемдік ерекшелігі туралы жазылған жұмыстар аз емес. Қазақ театр сахнасына аталмыш трагедия - алғаш рет Ұлы Отан соғысының отты жылдары шығып, содан бері сахнадан түспей қойылып келе жатқан туынды. Бұл пьесаның әр жылдардағы қойылу тарихы туралы көрнекті театртанушы ғалымдардың ғылыми мақалалары бар болғанымен де, олар бір жүйеге түсіріліп, арнайы зерттеу нысанына алынбаған. Сондықтан да бұл мақалада «Ақан сері-Ақтоқты» трагедиясының 1942, 1958 жылдардағы қойылу тарихы қарастырылды. Мұнда аталмыш трагедияның сахналық дамуы анықталып, режиссерлік және актерлік өнердің алға жылжуына тигізген әсері спектакльдерді талдау арқылы сараланды.

### Мәселені сипаттау

Қазақ драматургиясының бірқатар пьесалары тарихи тақырыпқа жазылған. Ғ.Мүсірепов те тарихта болған адамдардың өмірін өзек етіп «Аманкелді», «Ақан сері – Ақтоқты», «Болашаққа аманат», «Қыпшақ қызы Аппақ» драмасын дүниеге әкелді. Бұл туындылар қазақ драматургиясындағы аса елеулі еңбек болып табылады. Осылардың арасында қазақ театрының сахнасына ең көп қойылғаны «Ақан сері–Ақтоқты» трагедиясы. Пьеса алғаш рет 1942 жылдың 10 наурызында Академиялық драма театрының (қазіргі М.Әуезов атындағы академиялық драма театры) сахнасына М.И.Гольдблат режиссурасымен қойылды. Бірақ оның есімі «Қазақ театр тарихында» мүлде айтылмаған екен. Неліктен бұл режиссердің аты-жөні кітапқа енгені туралы белгілі театртанушы Б.Нұрпейіс өз зерттеуінде былай деген: «Мұның себебін қазақ театр тарихын жазуға қатысқан ғалым Б.Құндақбайұлынан сұрағанымызда: «М.И.Гольдблат - өте терең білімді

режиссер болатын. Ол қазақ театрында жұмыс істеген жылдары Ш.Айманов, Ә.Мәмбетов, С.Естемесова, А.Ибрагимовтің режиссерлік өнерлері қалыптасуына көп жәрдемін тигізді. Бірақ өз отаны Израильге кетіп қалуына байланысты оның есімін атауға қатаң тыйым салынды» – деп, өкініш білдірген еді» [9,140б.]. Бұдан кеңестік дәуір идеологиясына байланысты қазақ театр өнерінің өркендеуіне мол үлес қосқан М.И.Гольдблатқа өз Отанына кеткені үшін осыншама әділетсіздік жасалғанын байқау қиын емес.

1942 жылы қойылған спектакль туралы «Қазақ театр тарихының» екінші томында жан-жақты талданған. Онда: «Ф.Мүсіреповтің пьесасына театр ұжымы айқын көзқараспен келді. Ұлт тарихының белгілі дәуірінің тұрмыс-салты, экономикалық қуаты сол қалпында бедерленді. Ал оның әлеуметтік құрылымы өсіп, өркендеу сатысында бейнеленеді. Сахна қаһармандары әлеуметтік күштің қатаң қыспағында қалғандарымен, олардың қарсылығының күші олар ұшыраған жеңілістен әлдеқайда биік боп қалмақ. Өйткені олардың сол қарсылығының өзі - зор жеңіс, қаһармандар рухының жеңісі», - деп, [10,37] спектакльдің көркемдік құндылығын атап өткен. Режиссердің интерпретациясы бойынша Ақан мен Науан хазіреттің өзара тартысы өткір шиеленіске құрылып, ақынның озық идеялары насихатталды. Спектакльде Науан феодалдық моральдің жақтаушысы мен қорғаушысы болып бейнеленді. Белгілі ғалым Ә.Тәжібаев драматургтың нақты тарихи оқиғаларды тура сақтамағаны туралы: «Бірақ ол пьесасында әрі ақын, әрі әнші Ақанды көрсете отырып, негізінде оны дінге қарсы (ескілікке қарсы) күрескер еткен. Сондықтан ол тарихтағы Ақаннан гөрі (барлық болмысы, қайшылықтарымен алынбай) аса көтеріңкі, романтикалық бейнедегі дінмен, дін басшыларымен алысушы, шегінбей, жалтармай, бірыңғай қимылдаушы герой етіп сипаттаған. Ислам дінінің қазақ даласына қаншалықты қуатты болғанын Мүсірепов бір қазақтан кем білмейді. Бірақ ол әдейі осылай алған. Науан қажыны қатал, күшті тіпті хан тұқымы-төрелерді билеуші етіп көрсету арқылы пьесаның драмалық тартысын күшейтуді ойлаған сияқты», - деп [11,104] көрсеткен. Олай болса, режиссер драматург идеясын дөп басып, өзінің ой-тұжырымын трагедия астарын ашуға жұмсаған. Ол Ақан серінің басындағы қайғылы халді, оның бойындағы ақындық қуатты көрсетуді алдыңғы кезекке қойды. Ақын өмір кешкен дәуір тынысын, тамыр соғысын дөп басып, әділетсіздікке қарсы арпалысқан серінің кесек бейнесін тудырды. Режиссер рольде ойнайтын актерлерді қателеспей тура тандап, спектакльдің романтикалық тұрғыда шешті. Мұндағы Ақан мен Ақтоқты бейнелері өздері өмір сүріп отырған қоғамның өктемдігіне қарсы бас көтере алатын дара тұлғалар болып көрінді. Адал махаббат үшін батылдыққа бара білген қос ғашықтық лирикалық көңіл-күйлері мен Ақан серінің шырқап салған әндері бір-бірімен тығыз ұштасып, спектакльдің романтикалық сарынын күшейте түсті.

Расын айту керек, «Ақан сері-Ақтоқты» трагедиясы сахнаға қойылғанға дейін қазақ театр актерлері көптеген ұлттық классикалық және аударма пьесаларда ойнап шеберліктерін шындай түскен болатын. Сондықтан да бұл спектакльдегі кейіпкерлер мінездерін психологиялық тереңдікпен ойнауға орындаушылардың мүмкіндіктері жетті. Ақан ролінде ойнаған Шәкен Айманов өз кейіпкерінің жан-күйі мен асыл мұраттарын ашып көрсетуге көңіл бөлді. Ол сахнадан ақындық шабыт пен психологиялық нақтылықты ұштастырып, Ақанды өз заманының ойлы адамы етіп сомдады. «Аймановтың орындауында Ақан өз заманынан мойынын созып, алға қарай құлаш сермеуші, озық идеяның ұрығын себуші ғана емес. Актер бұл идея Ақанның азатшыл жүрегінің жарып шыққан қылтанақ екеніне ерекше назар аударады. Сонымен бірге Ақанның көркемөнерге жан-тәнімен қызмет етуші, ақынның асқақ шабытын пір тұтушы бірбеткейлігін және жарқырата көрсетеді. Ақан басындағы осы басты қасиетті баса көрсетпесе, оның басқа барлық әрекеттерінің ешқандай мәні болмас еді. Міне, сондықтан да актер бұл бейнені тынбастан ширатумен болды. Оның Ақанды ақын, композитор, әнші ретінде танытатын сценаларды бірнеше рет қайталап, пысықтауына тура келді», - деп, [10,38-39] актердің роль сомдауда дамылсыз іздене бергенін, соның нәтижесінде Ақанның жалын атқан ерекше адам екенін бейнелей алғанын дұрыс бағалаған. Шынымен де, Ақан сері басындағы қайғылы халді, серілік мінезін, ақындық шабытын көрсету актерге үлкен салмақ салғаны даусыз. Кейіпкердің дара болмысын жете түсінген актер ақынның серілік табиғатын естен шығармай, оның сыртқы тартымдылығына, жүріс-тұрысына, сөйлеу мәнеріне мән берді. Сұлулықты сезіне білетін нәзік жүректі серінің Ақтоқтыға деген махаббаты да жан тебіренерлік болды. Ақан бейнесін сомдайтын актерде қандай қасиеттер болу керектігін белгілі театр сыншысы Қажықұмар Қуандықов былайша сипаттаған: «Ақан сері басындағы қайғылы халді, бойдағы өнер қуатын, серілік шалқар мінезін жанымен ұғып, оны шебер ойнау үшін

үлкен талант иесі керек еді. Ақан ролінде ойнайтын әртіске сырт сымбаттылық, жалаң табиғи дарындылық аз, ысылған шебер техника қажет. Біріншіден, ақ өлеңмен жазылған драма жолдарынан өлең екпінінің еркінде кетпей, дауыстың музыкалық ырғағына берілмей, декламацияға бой ұрмай, оған қарасөздік ритм беріп меңгеру үшін-мүлтіксіз дикция, сөйлеу ұсталығы, шешендік керек. Екінші, төгілмелі ұзақ монологтерді қызу темпераментпен мүдіртпей айту үшін-өңтікпейтін кең тыныс, қарлықпайтын икемді күшті дауыс болсын. Үшінші, бір күйден екінші күйге, сезімге күрт ауысу үстіндегі тез тұтанғыш мінез оттылығы қандай керек болса, Ақан басындағы қайшылықтарды, философиялық ойларды дұрыс шешіп, жарқын жеткізу үшін биік ақыл-ой иесі бола білуді де талап етеді. Төртінші, драма тілін, сәтімен табылған сөз, сөйлем орамының ерекшеліктерін түсіну, сөз мәнін бейнелі қалпында сезіну, шырынын сығып беру - ең басты шарт»[12,138 б.]. Осы айтылған талаптардың барлығы да Ш.Аймановтың бойынан табылып, спектакль ойналған сайын Ақан бейнесі тереңдей берді. Ол Ғ.Мүсірепов пьесасындағы ақындық ағынды тұла бойына сіңіріп, жалындай ойнады. Ақан ролі оның актерлік палитрасынан жаңа бояуларды қажет етті. Зерделі актер сазгердің шығармашылығы тек қана ән мен жырдан емес, сонымен бірге, халықпен байланысып жатқанына айрықша мән берді. Сахнада Ақанның әншілігі, серілігі, ойлылығы бір арнада тоғысып, Ш.Аймановтың актерлік шеберлі көпшілікті тәнті етті.

Науан ролін ойнаған Қ.Бадыров өз кейіпкерін қатал, қара күштің иесі етіп сомдады. Қол астындағы халықты құран сөзімен қорқытып, адамдықтан безген арамза адамның кескінін тура келтірді. Айтқанына көніп, айдағанына жүрмеген Ақанның соңынан түсіп, онымен шарпысатын көріністерде барлық айла-тәсілдерге барады. Бастапқыда ел сыйлайтын ақынды жеке басының пайдасына жұмсамақшы болған қулығы жүзеге аспаған соң, Ақан жанын жаралайтын барлық жамандықтарға кіріседі. Актер Науанның сыртқы келбетін де оның әрекеттеріне лайық жасады. Қабағынан қар жауып, жүзі түнеріп жүретін хазіреттің бетіне ешкім тура қарай алмайды. Қолына бишігін бүктеп ұстап, жетім-жесірлердің басына үйіре жөнелетін зұлым етіп бейнеледі. Сондықтан да хазірет Ақанмен жанжалдасатын тұстарда ғана емес, айналасындағы басқа адамдардың тағдырына араласып, өз үстемдігін жүргізе білетін билік иесі болып сомдалды.

Ақтоқты ролінде ойнаған Шолпан Жандарбекова да көп ізденістерге барды. Ол ақылды да, сұлу бойжеткеннің Ақанға деген махаббатын аса бір нәзік сезіммен бере алды. Сүйген адамын аман сақтап қалу мақсатында өзін құрбандыққа шала білген өр мінезді қайсар қыздың бейнесін жасады. Режиссердің трактовкасын дәл түсінген қағілез актриса Ақтоқтыға тән қимыл-қозғалыстарды, қыздың сөйлесу мәнерін эстетикалық әсер қалдырарлықтай етіп бейнеледі. «Ақтоқты ролін жас актриса Ш.Жандарбекова жан ерітер жалынмен ойнады. Оның қаһарманы мүләйім, адал, жүрегінде жастық жалыны лаулаған ерке қыз болып танылды. Өмір тәжірибесі жоқ, үлпілдеп тұрған жас қыз тағдыр тауқыметін қасқайып тұрып қарсы алады. Ақтоқты-Жандарбекова Ақанды жан тәнімен сүйеді, сол сүйіспеншіліктің арқасында ол қоғамға қарсылық білдіріп, неке қию заңына қарсы шығады. Ақтоқты Ақанды аман алып қалу үшін қаймықпастан өлімге бас тігеді, сөйтіп ақынды өзінің халқы үшін сақтап қалуды мақсат етеді», - деп, [10,39] актрисаның жастығына қарамастан өз ролін жоғары деңгейге көтере алғанын әділ бағалаған.

Ақан мен Ақтоқтының өмірге деген құштарлықтары, болашаққа деген сенімдері романтикалық тұрғыда бейнеленіп, көрермендерді ерекше толқыта алды. Бұған Ғ.Мүсірепов драматургиясының поэтикалық қуаты айрықша әсерін тигізді. Кейіпкерлердің жалынды сөздері, әсем киімдері, Ақанның тасқындаған әндері айрықша шабытпен орындалып спектакльдің сәнін келтірді. Бұған Э.Чарномский мен режиссер қиялынан туған декорация да мол ықпал етті.

Спектакльге қатысқан басқа актерлердің ойындары да айрықша серпінмен ойналды. Сырын ішіне бүккен Жалмұқан - Е.Өмірзақов, аңғал да, сенгіш Қоңқай - С.Қожамқұлов, ақкөңіл Мылқау - Қ.Қуанышбаев т.б. актерлер өз кейіпкерлерінің ішкі жан-дүниесін жарқыратып көрсете алды.

Бұл қойылым тарихи пьеса кейіпкерлерін сомдаудағы алғашқы жарқын табыстардың бірі болып театр тарихында қалды.

Аталған театр сахнасына араға біраз жылдар салып «Ақан сері-Ақтоқты» трагедиясы 1958 жылдың 14 сәуірінде КСРО халық артисі Ш.Аймановтың режиссурасымен «Ақын трагедиясы» деген атпен қайта қойылды. Сол жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнері онкүндігінде бұл спектакль Кремль театрының сахнасына қойылды. Негізі осы спектакльге қатысты біраз бағалы пікірлер айтылған.

Белгілі сыншы Евгений Сурков: «Хазіретке қарсы жекпе-жек күреске Ақан шығады. Ақан - адамгершілік жарқын мұраттың адамы. Ол ғасырлар бойы қалыптасып, мызғымас дәстүрге айналған салт-сана ережелеріне күмән келтіріп, аяусыз күреске түседі. Сонда бұл күресуші екі жақ өз жеке бастарының қам-қаракетінен шығындап, зор тарихи маңызы бар моральдық, этикалық мәселелерді көтереді. Пьесаның ең күшті жағы да осында: біріне-бірі бітіспес жау кейіпкерлердің шынайы мінез-құлықтарын білдіретін асқақ сезім, зор құмарлықтар бір-бірімен соқтығысады», - деп [13,36 б.] спектакльдің идеялық мазмұнының дұрыс көрсетілгенін тура бағалаған. Спектакльде ақын мен дінді қалқан етіп ұстаған Науан екеуінің арасындағы қақтығыстың әлеуметтік мәнінің ашылуына режиссердің көп мән беруі, қойылым салмағын көтере түсті.

Спектакль премьерасынан кейін жазылған бірқатар сыни мақалаларда спектакльде дін мен поэзия тартысы бар деген тұжырымдар жасалған. Сыншы Есмағанбет Ысмайылов: «Шығармадағы өзекті идеялық нысана - дін мен поэзияның тартысы. Ән мен күй, ақындық талант шарқ ұрып еркіндік іздейді. «Қара түнек заман ақын, әншінің дарынын жойды, үнін тұншықтырды» деген ақиқатты жазушы поэзия тілімен жеткізіп бейнелейді. Ақын трагедиясының сыры да осында еді», - дегеніне [14,56.] қарап, режиссер автор идеясынан алшақтамағанына көз жеткіземіз. Ол драматург мәтінінің тура мағынасын ашумен қатар, өзінің ой-тұжырымдарымен байытып отырған. Әрбір көріністегі әрекет жеке-жеке оқиғалардың күресіне айналмай, тұтас бір ойдың үздіксіз жалғасындай өрілді. Спектакльдің алғашқы көрінісінде Мәрзияны тірідей жерге көмген Хазіреттің ісінен шошынған Ақан одан біржолата безінеді. Дәл осы сахнадан бастап ақын өмір туралы күрделі ойларға барып, хазіреттен алыстай береді.

1942 жылғы спектакль лирикалы-романтикалық стильде шешілсе, Ш.Айманов спектакльінде реалистік бояу басым болды. Мұнда актерлер алғашқы спектакльмен салыстырғанда ақ өлеңді еркін игеріп, қаһармандардың сөздері табиғилығымен баурады. Сонымен бірге режиссер спектакльге пролог кіргізді. Пролог - спектакльдің композициялық құрылысын жымдастырып, ширата түсті. Спектакль оқиғасы түн қараңғылығымен басталып, рауандап атып келе жатқан таң жарығымен аяқталады. Режиссер мен суретші Голубович пьесаның философиялық мағынасын ашатындай шешім тапқан. Қазақ даласының кеңдігін, әсем табиғатын, ашық аспанын бейнелеген. Қазақтың ұлттық ерекшелігін айқындайтын барлық тұрмыс-салттық дәлдіктер сақталды. Спектакльде ән мен күй, халық ойындарымен келетін көріністеріне режиссер ерекше мән беріп, қойылымның ұлттық бояуын қоюлата түсті. Аталған спектакльді кеңінен талдаған театр сыншысы Қ.Қуандықов: «Режиссер Ш.Айманов актер Ш.Аймановты төгілмелі монологтерді қызу темпераментпен саулата салатын ескі жырау әдетінен өзгертіп, өлең жолдарына қара сөзді ырғақ енгізуге, дауыстың жалаң музыкалық үніне берілмей, кесек сөзді жеңіл декламацияға айналдырмай, сөз ырғағын айтуға үйретті. Сөздің мағынасын іштей сезініп, толғанып айтады. Сөз сырын ашуға көп мән берген актер ойыны енді үнсіз тынып қалатын психологиялық сәттерге бай», - деп [12, 164 б.] актердің қаншалықты өскенін көрсеткен. Ш.Айманов Ақанның хазіретпен ашық айқасқа шығып, оның бетіне тура қарап айтатын сөздерін үлкен салмақпен, ойға шомып жеткізеді. Оның аузынан шығып жатқан әр сөздің қорғасындай ауыр салмағы мықтымен деген Науанның өзін теңселтіп өтеді. Ақанның ақындық табиғатын терең ұққан актердің ойынында жастық жалыннан гөрі өмірге деген көзқарасы әбден қалыптасқан ойлы адамдың бейнесі нанымды ашылды.

Ш.Аймановпен қатар Ақан ролін ойнаған Шахан Мусиннің Ақаны актердің ғана емес, бүкіл театр ұжымы зор табыстарының бірі болды. Ақан ролінде ойнайтын актерлердің барлығына ақ өлеңмен жазылған монологты бір деммен орындау - аса қиындық тудыратыны мәлім. Ш.Мусин шеберлігі де осы монологтарды айтуда айқын көрінді. Ол ақ өлеңді қара сөз ырғағына бағындырып, логикалық паузалар мен дауыс бояуларын әр сәт сайын өзгертіп, сөз астарын терең ашты. Оның Ақаны өнер қуған, өмірге құштар, махаббат бостандығы мен әділет аңсаған адам болып бейнеленді. Ақыл дүниесі көңіл күйімен ұштасып, өз арнасын, берік желісін тапқан Ш.Мусиннің Ақаны соңғы сахнаға дейін өсу қалпынан танбай, актердің мол қарымын танытты.

Режиссерлік талдауда пьесадағы басқа кейіпкерлер де биік деңгейден көрінді. Бұл спектакльде де Ақтоқтыны – Ш.Жандарбекова, З.Шәріпова, Науанды – Қ.Бадыров, Қ.Әділшінов, Қоңқайды - С.Қожамқұлов, Мылқау - Қ.Қуанышбаев, Ы.Ноғайбаев, Жалмұқан - Е.Өмірзақов, М.Сыздықов т.б. актерлердің ойыны ширап, ширғып айрықша екпінмен ойналды.

Ақтоқты ролінде ойнаған Ш.Жандарбекова жас арудың көңіл-күйін, ақынға деген ғашықтық сезімін иланымды өрнектеді. Бірнеше жылдар бойы осы рольде ойнап әбден ысылған актриса жаңа

спектакльде өз бойынан сахнаға жарасты музыкалық, пластикалық қасиет көрсетті. Оның күмістей сыңғырлаған ашық дауысы, сыртқы пішінінің сүйкімділігі Ақтоқтының сұлулығын айшықтай түсті. Бұрынғы қойылымда актриса қыздың балаң ойын басым көрсетсе, бұл жолы қиян-кескі жан күйзелісі мен жалынды махаббатын, өмір мен өнерді бағалайтын парасатын шынайы жеткізді. Ақтоқты - Ш.Жандарбекова орындауында қазақ театрының жарқын белесінің бірі болып қалды.

Осы спектакльде Ақтоқтыны екінші құрамда ойнаған Зәмзәгүл Шәріпова бұл рольге өзіндік көзқараспен келді. Оның ойыны туралы Қалтай Мұхамеджанов: «Ақтоқтыны түсінуде Шәріповада да өзіндік байымдау бар. Көбіне актриса Ақтоқтының жан дүниесіне лирикалық бояуды басым береді. Соның әсерімен оның сәукелесін лақтырудағы буырқанған ашуы да сенімді шықпай жүр. Оның үстіне кейде дұрыс алып келе жатқан сезім шындығынан да тайып кету сезіледі. Әрине, мұның бәрі жас актриса тәжірибесінің жетімсіздігінен, іштей дұрыс ұғынған образдың етек-жеңін жия алмай жүргендігінен. Төселе келе З.Шарипованың Ақтоқтысы да сүйсінерлік еңбек болып шығуына сенім күшті», - деп [15, 330 б.] жазған. Бұдан Ақтоқты бейнесін жасаудың қиындығы анық сезіледі. Актриса бойында сұлу бойжеткенге қажет сыртқы келбет болғанымен де, ішкі көңіл күйді беруде тәжірибесінің аздығы көп кедергі келтірген.

Хазірет ролін бірінші құрамда Қ.Бадыров, екінші құрамда Қ.Әділшінов ойнады. Егер Қ.Бадыровтың ойынында хазіреттің қара күші басым болса, Қ.Әділшіновтің Науанында қара күш пен қатар қатыгездік, зұлымдық пен айла-амалдар астасып жатты. Қарапайым халықты күшпен бағындырып, айтқанын жасатып отырған Науанның бойындағы зорлықшыл, арам пиғылдарын біртіндеп ашты. Сондықтан да оның хазіреті сахнаға шыққан сайын ауыр зіл мен өктемдіктің ызғарын ескізді.

Екі спектакльде де Қоңқай ролін ойнаған С.Қожамқұлов «кішкене адам» тағдырын жасауда қайталанбас шеберлігімен театр тарихында қалды. «Солай болдың Қоңқайым! Төре тұқымына құда болдың, Қоңқай атың құранға да түсті» деп басталатын ұзақ монологты актер бақыт жырындай төгілдіріп айтады. Қоңқайдың қуаныштан паңданып, іріленіп, бұлттан шыққан күндей жарқырап жер-көкке сыймай іштей мақтанғанын ұтымды детальдармен шебер жеткізеді. Иығына жапқан шапанды аялай сипап, пұшпақ бөркін аспанға атып қайта қағып алып шекесіне түсіріп киіп шаттанатын сәттері кейіпкердің қуанышын көрсететін ұтымды шешім болып қалды. Қоңқай - қызын жақсы адамға ұзатып, оның бақытты болуын қалайтын мейірімді әке. Ақанмен қол ұстасып кетіп қалған қызын көрген кезде, оның қуанышы су сепкендей басылып, төбесіне қара бұлт үйіріледі. «Кімге барар бет қалды, Кімді бөгер жайымыз бар?», - деп, өксікке толы дауыспен, жер бауырлап құлайды. Сөйтіп, өмірдің қатаң заңынан туған Қоңқайдың ой-толғамдары арқылы актер оны трагедиялық тұлға етіп көрсете алды. Күштілердің ығына жығылып қорқумен бірге, шарасыздық құрсауына түскен адамның дәрменсіздігі аяныш сезімін тудырды. Қоңқай өмір құрсауын бұзып шыға алмайтын, тар қыспақта мәңгілік бұғауланған қалыпта қала береді. С.Қожамқұловтың күлдіре жүріп, трагедиялық бейне жасаудағы тапқан жаңалықтары бүкіл қазақ театрларына үлгі болып жайылды.

Режиссер Ш.Айманов көпшілік сахналарын бейнелі шешуде ұтымды көріністер тапқан. Мұның бірі - Ақан мен Ақтоқтының кездесетін тұсы. Ақандай серінің ауылға келе жатқанын естігін қыз-жігіттер ғана емес, еңкейген кәріден еңбектеген балаға дейін оны қарсы алуға жиналады. Ақтоқтының жанына еріп шығатын қыздар қызылды-жасылды көйлектер киіп, үкілі камшат бөріктерімен сахнаға ерекше сән берген. Ақан мен Ақтоқтының алғашқы кездесу сахнасы ерекше шаттық пен қуанышқа құрылып, жастардың көңілді әніне ұласады. Бұл арада режиссер махаббат күйін дәріптейтін мүсінді бейнелер жасаған. Көпшілік сахнасындағы кейіпкерлердің киімдерінен бастап, қолдарына ұстаған заттарының барлығы да ұлттық ою-өрнектермен көмкеріліп, тұрмыстық дәлдіктер сақталды. Олардың қимыл-қозғалыстары, сөз саптаулары, ым-ишараттары тұтасымен ұлттық даралықты көрсетуге бағытталды.

«Ақан сері-Ақтоқты» трагедиясындағы ақындық зор шабыт, суреткерлік толғаныс, өмір мағынасы туралы философиялық ойлар М.И.Гольдблат пен Ш.Айманов режиссурасында көркемдік тұтастығын тапты. Қатал тағдыр, айнымас махаббат, ерлік пен серілік туралы жырлаған бұл екі спектакль қазақ театр өнерінің зор табысы болып саналады.

#### **Зерттеудің мақсаты мен міндеті**

Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері-Ақтоқты» пьесасының 1942 және 1958 жылдары қойылған спектакльдері қазақ театр тарихында классикалық шығармаларды сахналаудың жарқын үлгісі

болып қалды. Әсіресе, ақ өлеңмен жазылған пьесаның сахналық дәстүрі қалыптаса қоймаған кезде М.И.Гольдблат пен Ш.Айманов туындының көркемдік көрігін ашуға әртүрлі режиссерлік тәсілдермен келді. Спектакльдердің сол кездегі деңгейін, жетістіктері мен кемшін жақтарын саралап, салмақтап отырудың маңызы зор. Бұл ұлттық театр өнерінің даму жолдары мен көркемдік-идеялық және эстетикалық ықпалын айқындауға септігін тигізеді. «Ақан сері-Ақтоқты» трагедиясының қазақ театрының қалыптасуы мен өркендеуіне қаншалықты ықпал еткенін зерттеу - жұмыстың басты мақсаты болып табылады. Ал, зерттеу жұмысының негізгі міндеті – бастапқы кездерде қойылған осы спектакльдердің актер шеберлігінің ұшталуына әсерін ашу.

#### **Зерттеу нәтижесі**

Қазақ театр өнерінің даму белестерінде ерекше із қалдырған Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері-Ақтоқты» пьесасы - сан буын режиссерлер мен актерлердің бағын ашқан айрықша туындылардың бірі болып саналады. Бұл трагедияны алғаш рет сахна төріне алып шыққан М.И.Гольдблат драматургтың поэтикалық тілін, әдемі сазын жоғалтпай романтикалық спектакль қойды. Араға біраз жылдар салып аталмыш шығарманы Ш.Айманов реалистік бағытта шығарды. Екі спектакльде де трагедияның идеялық-көркемдік мазмұны жан-жақты ашылып, кейіпкерлер бейнесі шынайы жасалды. Осы спектакльдерде Ақан - Ш.Айманов пен Ақтоқты –Ш.Жандарбекова, Қоңқай - С.Қожамқұлов ойындары актерлік өнердегі жаңалық болып, қазақ театр тарихында мәңгі қалды.

#### **Қорытынды**

Бұл мақалада Ғ.Мүсіреповтің қарымды қаламынан туған «Ақан сері-Ақтоқты» трагедиясының 1942 және 1958 жылдары жарық көрген сахналық қойылымдары қарастырылды. Мұнда аталмыш туындының сахналық даму эволюциясы анықталып, режиссерлік және актерлік өнердің дамуына тигізген әсері спектакльдерді талдау барысында сараланды. Сол арқылы көрермендердің рухани жан-дүниесі мен эстетикалық талғамының қалыптасуына бұл туындының қаншалықты ықпал еткені анықталды. Трагедиядағы ақындық зор шабыт пен толғаныстар, философиялық ойлар, махаббат сырлары М.И.Гольдблат пен Ш.Айманов режиссурасында жаңа қырынан ашылды. Екі режиссер де шығарманың көркемдік көрігіне нұқсан келтірмей, кейіпкерлер жан-дүниесінің ашылуына мол ықпал етті. Соның нәтижесінде Ғ.Мүсіреповтің ақ өлеңмен жазылған пьесасының сахнада қойылу тарихы басталып, кейін бүкіл қазақ театрларына үлгі болды. Біріншіден, өлеңмен жазылған драма жолдарын декламацияға салынбай айту қалыптасты. Екіншіден, Ақанның ақындық қыры ғана емес, қарапайым халыққа араша түсе білетін азаматтық келбеті ашылды. Үшіншіден, спектакльдерде суреттеліп отырған заманның тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы ұлттық нақышта бейнеленді.

Қорыта келгенде, «Ақан сері-Ақтоқты» спектакльдері М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының белесті табысы болып саналады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Қаратаев М. (1963) Шеберлік шыңы. Алматы, Өнер. – 326 б.
2. Құттыбаев Қ. (1959) Шындық пен шығарма. Алматы, Жазушы. – 219 б.
3. Қабдолов З. (1962) Жанр сыры. Алматы, Өнер. – 418 б.
4. Қирабаев С. (1960) Өрлеу жолында. Алматы, Ғылым. – 325 б.
5. Ғабдуллин Н. (1982) Ғабит Мүсірепов – драматург. Алматы, Өнер. – 328 б.
6. Punt E.P., Geertman S.C.M., Afrooz A.E., Witte P.A., Pettit C.J. (2020) Life is a scene and we are the actors: Assessing the usefulness of planning support theatres for smart city planning. Computers, Environment and Urban Systems. 82.
7. Luiz T.M. (2020) Humor translation in theater | [Tradução de humor no teatro]. Cadernos de Tradução. 40(1).
8. Matei-Chesnoiu M. (2001) Hamlet, or about Death: A Romanian Hamlet directed by Vlad Mugar. Multicultural Shakespeare. 20(1).
9. Нұрпейіс Б.К. (2014) Қазақ театр режиссурасының қалыптасуы мен даму кезеңдері. Алматы, «Дәстүр». – 520 б.
- 10 Қазақ театрының тарихы (1978) Т.ІІ. Алматы: Ғылым. – 432 б.
- 11 Тәжібаев Ә. (1971) Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы. Алматы: Жазушы. – 416 б.

12. Қуандықов Қ. (1969) Тұңғыш ұлт театры. Алматы, Жазушы. – 244 б.
13. Сурков Е. (1959) Трагедия поэта // Театр. № 3.
14. Ысмайылов Е. (1958) Сахнада – «Ақан сері-Ақтоқты» // «Қазақ әдебиеті». 01.05.
15. Мұхамеджанов Қ. (1978) Пьесалар. Өнер жайлы ойлар. Т.ІІ. Алматы, «Жазушы» – 384 б.

### Сценические постановки пьесы Г. Мусрепова «Акан серы – Актоты»

*А. Гумаров*

Казахскоая национальная академия искусств им. Т. К. Жургенова, Алматы Казахстан  
[kazah-9393@mail.ru](mailto:kazah-9393@mail.ru)

В статье рассмотрена одна из трагедий Г. Мусрепова «Акан серы – Актоты», которая занимает особое место среди национальной театральной классики. Эта пьеса в значительной степени способствовала формированию многих поколений режиссеров и актеров. В статье проанализированы театральные постановки трагедии 1942 и 1958 годов. Раскрывается эволюция стадий развития этой трагедии, а ее влияние на развитие режиссуры и актерства выявляется в анализе спектаклей. Таким образом, предпринята попытка определить, в какой степени эта работа способствовала формированию духовного и эстетического вкуса аудитории.

**Ключевые слова:** театр, пьеса, спектакль, режиссер, актер, трактовка, мизансцена.

### Stage verions of G. Musrepov’s play «Akan Sery – Aktoty»

*A. Gumarov*

T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty, Kazakhstan  
[kazah-9393@mail.ru](mailto:kazah-9393@mail.ru)

The article considers one of G. Musrepov’s tragedies “Akan Sery – Actoty” which occupies a special place among the Kazakh national theater classics. This play greatly contributed to the formation of many generations of directors and actors. In the article, the author analyzed theatrical performances of the tragedy of 1942 and 1958. The author reveals the evolution of the stages of development of this tragedy, and its influence on the development of directing and acting is revealed in the analysis of performances. Thus, author made an attempt to determine the extent to which this work contributed to the formation of the spiritual and aesthetic preferences of the audience.

**Keywords:** theater, play, performance, director, actor, interpretation, scene.

Редакцияға 26.04.2020 түсті.



## АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

№2 (82), 2020

- Айтжанова Мира Онланбековна** - б.ғ.к, аға оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Мекенжай: Қазақстан. Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 99, e-mail: [Aytzhanovamira09@gmail.com](mailto:Aytzhanovamira09@gmail.com)
- Алдабаева Гульнур Жамбулатовна** - шетел тілінен даярлаудың теориясы мен әдістемесі кафедрасының магистранті, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. Мекен-жайы: Қазақстан, 100028, Қарағанды қаласы, Университет көшесі, 28, e-mail: [aldabaeva.gulnur@mail.ru](mailto:aldabaeva.gulnur@mail.ru)
- Алпысбаева Қарашаш Бейсенқызы** - ҚР БҒМ ҒК М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. Мекен-жайы: Қазақстан, 050010, Алматы қ., Курмангазы қ., 29, 2- қабат, e-mail: [alpyysbaeva-k@mail.ru](mailto:alpyysbaeva-k@mail.ru)
- Әтейбекова Нурзия Тұрсынжанқызы** - магистр, аға оқытушы, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті. Мекенжай: Қазақстан, 050022, Алматы, Муратбаев к., 200 e-mail: [nurzyaa@mail.ru](mailto:nurzyaa@mail.ru)
- Әубәкір Аруна Берікқызы** - магистрант, мектеп мұғалімі, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Мекенжай: Қазақстан. Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 99, e-mail: [aubakirova.aruna@bk.ru](mailto:aubakirova.aruna@bk.ru)
- Батталова Асыл Тайыржанқызы** – магистр, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Мекен-жайы: Қазақстан, 050000, Алматы қ., Әйтеке би к., 99, e-mail: [klmprst@mail.ru](mailto:klmprst@mail.ru)
- Бориева Г.О.** - 6M011300-Биология мамандығының магистранты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Мекен-жайы: Қазақстан, Түркістан қ., 161200, Бекзат Саттарханов даңғылы, 29.
- Гумаров А.** - Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының докторанты. Мекен-жайы: Қазақстан, 050000, Алматы қ., Панфилов к., 127, e-mail: [kazah-9393@mail.ru](mailto:kazah-9393@mail.ru)
- Дальбергенова Ляззат Елемесовна** - PhD, доцент, оқытушы, Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті. Мекенжай: Қазақстан, Көкшетау қ., Абай к., 76, e-mail: [ljasatdal@mail.ru](mailto:ljasatdal@mail.ru)
- Джелдыбаева Раушан Базикенқызы** - Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университеті, Шығыстану факультетінің доценті, филол.ғ.к.. Мекенжай: Қазақстан, 050022, Алматы, Муратбаев к., 200.
- Есназар Асель Жаңабергенқызы** - Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, 6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының докторанты, e-mail: [asel.esnazar@mail.ru](mailto:asel.esnazar@mail.ru)
- Жалалова Акшай Максұтовна** - PhD, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Мекен-жайы: Қазақстан, 050000, Алматы қ., Әйтеке би к., 99, email: [akshaimzh@gmail.com](mailto:akshaimzh@gmail.com)
- Жапбаров Амангелді** - Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, e-mail: [azhapbarov@mail.ru](mailto:azhapbarov@mail.ru)
- Зиядаұлы Бақытжан** - Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университеті, Шығыстану факультетінің доценті филол.ғ.к. Мекенжай: Қазақстан, 050022, Алматы, Муратбаев к., 200, e-mail: [batenke\\_89@mail.ru](mailto:batenke_89@mail.ru)
- Кабдиева Сания Дуйсенхановна** - өнертану кандидаты, профессор, "Театр өнерінің тарихы және теориясы" кафедрасының меңгерушісі, Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы. Мекен-жайы: Қазақстан, 050000, Алматы қ., Панфилов к., 127, e-mail: [saniya\\_art@hotmail.co.uk](mailto:saniya_art@hotmail.co.uk)
- Кабышева Мария Олеговна** - 2 курс магистранты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Мекен-жайы: Қазақстан, Алматы, 050040, әл-Фараби даңғылы, 71, e-mail: [mariya@kabyшева.com](mailto:mariya@kabyшева.com)
- Кагазбаев Жанбырбай** - шетел тілінен даярлаудың теориясы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. Мекен-жайы: Қазақстан, 100028, Қарағанды қ., Университет к., 28, e-mail: [zhan\\_1952@mail.ru](mailto:zhan_1952@mail.ru)

- Какенова Зарина Серикбайқызы** – магистрант, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті. Мекенжай: Қазақстан, 150000, Петропавл қ., Жумабаев к., 114, e-mail: [zarina\\_14\\_96@mail.ru](mailto:zarina_14_96@mail.ru)
- Китибаева Альфия Каныбековна** - шетел тілінен даярлаудың теориясы мен әдістемесі кафедрасының доценті, PhD докторы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. Мекен-жайы: Қазақстан, 100028, Қарағанды қаласы, Университет к., 28, e-mail: [tyumik\\_sun@mail.ru](mailto:tyumik_sun@mail.ru)
- Курманова Марал Елтайевна** – докторант, Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті. Мекенжай: Қазақстан, Көкшетау қ., Абай к., 76, e-mail: [maral\\_kurmanova@mail.ru](mailto:maral_kurmanova@mail.ru)
- Қанжігітова Дана Қанатқызы** – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, химия және химиялық технология факультетінің магистранты. Мекен-жайы: *Қазақстан, Алматы,* 050040, әл-Фараби даңғылы, 71, e-mail: [dana\\_97\\_97.kz@list.ru](mailto:dana_97_97.kz@list.ru)
- Қасқатаева Бақыткүл Рахымжанқызы** - педагогика ғылымдарының докторы, доцент, профессор м.а. Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Мекенжай: Қазақстан, Алматы қ., Әйтеке би к., 99, e-mail: [Kaskataeva@yandex.ru](mailto:Kaskataeva@yandex.ru)
- Қоңыратбай Тынысбек Әуелбекұлы** - ҚР БҒМ ҒК М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты музыка бөлімінің меңгерушісі. Мекен-жайы: Қазақстан, 050010, Алматы қ., Курмангазы қ., 29, 2- қабат, e-mail: [tynysbekkongyratbay@gmail.com](mailto:tynysbekkongyratbay@gmail.com)
- Матасова Ирина Николаевна** - шетел филологиясы магистрі, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды. Мекен-жайы: Қазақстан, Қарағанды қ., 100026, Мұқанов к-сі, 1 үй, 9 ҚарМУ корпусы, шетел тілдері факультеті, e-mail: [kafedrataya@mail.ru](mailto:kafedrataya@mail.ru)
- Мещанова Анна Геннадьевна** - 7М01504-химия мамандығының магистранты М.Қозыбаев атындағы СҚМУ. Мекен-жайы: Қазақстан, Петропавл қ, 150010, Букетов к. 65-49; e-mail: [annameshanov@mail.ru](mailto:annameshanov@mail.ru)
- Мурзалинова Алма Жакимовна** - п. ғ. д., профессор, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы филиалы СҚО бойынша. Мекен-жайы: Қазақстан, Петропавл қ, 150009, Айыртау к. , 17-34; e-mail: [M\\_alma60@mail.ru](mailto:M_alma60@mail.ru)
- Мусирова Жұлдыз** - 6М010500-Дефектология мамандығының 2-курс магистранты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Мекен-жайы: Қазақстан, 050000, Алматы қ., Әйтеке би к., 99, e-mail: [musirovazh@bk.ru](mailto:musirovazh@bk.ru)
- Ниязбаева Алмагуль Иембердиевна** - химия ғылымдарының кандидаты, доцент, жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының меңгерушісі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Мекен-жайы: *Қазақстан, Алматы,* 050040, *әл-Фараби* даңғылы, 71, e-mail: [Almagul.Niyazbaeva@kaznu.kz](mailto:Almagul.Niyazbaeva@kaznu.kz)
- Нурмаханбетова Макпал** - 6М011300-биология мамандығының магистранты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Мекенжай: Қазақстан, Алматы қ., Әйтеке би к., 99, e-mail: [makenti\\_87@mail.ru](mailto:makenti_87@mail.ru)
- Пак Татьяна Вячеславовна** - медицина ғылымдарының кандидаты, PhD, психология кафедрасының доценті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті. Мекен-жайы: Қазақстан, 140000, Павлодар қ., Мир к-сі, 60, e-mail: [paktanv@mail.ru](mailto:paktanv@mail.ru)
- Рыскалиева Роза Габдрахимовна** – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, химия және химиялық технология факультетінің доценті. Мекен-жайы: *Қазақстан, Алматы,* 050040, *әл-Фараби* даңғылы, 71, e-mail: [roza12\\_11\\_64@mail.ru](mailto:roza12_11_64@mail.ru)
- Садықова Роза Каримовна** - филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Мекен-жайы: Қазақстан, 050000, Алматы қ., Әйтеке би к., 99, e-mail: [rsadykova516@gmail.com](mailto:rsadykova516@gmail.com)
- Салыбекова Нурдана Нуртаевна** - PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Мекен-жайы: Қазақстан, Түркістан қ., 161200, Бекзат Саттарханов даңғылы, 29, e-mail: [karakat\\_84@mail.ru](mailto:karakat_84@mail.ru)
- Сәулембек Гүлмира Рзаханқызы** – PhD, ҚР БҒМ ҒК М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Мекен-жайы: Қазақстан, 050010, Алматы қ., Курмангазы қ., 29, 2- қабат, e-mail: [gulmira.saulembek@gmail.com](mailto:gulmira.saulembek@gmail.com)

- Сейтметова Айман М.** - биология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Мекен-жайы: Қазақстан, Түркістан қ., 161200, Бекзат Саттарханов даңғылы, 29, e-mail: [aiman.seitmetova@mail.ru](mailto:aiman.seitmetova@mail.ru)
- Секерова Толғанай М** - 6D011300 – биология мамандығының PhD докторанты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Мекенжайы: Қазақстан. Алматы қ., Әйтеке би к., 99, e-mail: [tolganai\\_8805@mail.ru](mailto:tolganai_8805@mail.ru)
- Сманова Айгуль Молдалиевна** - т.ғ.к., доцент Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Мекен-жайы: Қазақстан, 050000, Алматы қ., Әйтеке би к., 99, e-mail: [aigulsmanova@mail.ru](mailto:aigulsmanova@mail.ru)
- Сүйінжанова Жанар Киікбайқызы** - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті, ф.ғ.к. Мекен-жайы: Қазақстан, Түркістан қ., 161200, Бекзат Саттарханов даңғылы, 29, e-mail: [zhanar.suinzhanova@ayu.edu.kz](mailto:zhanar.suinzhanova@ayu.edu.kz)
- Тургумбаева Бану Дүйсебаевна** - Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 3 курс PhD докторанты. Мекен-жайы: Қазақстан, 050000, Алматы қ., Панфилов к., 127, e-mail: [banu.turgumbaeva@mail.ru](mailto:banu.turgumbaeva@mail.ru)
- Уалиева Назым Төлеубековна** - PhD, аға оқытушы М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 150000, Петропавл қ., Жұмабаев көшесі, 114, e-mail: [nazym.85.kz@mail.ru](mailto:nazym.85.kz@mail.ru)
- Унгарбаева Гульшат Рамазановна** - 6D011300 - Биология мамандығы бойынша докторант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті. Адрес: Қазақстан, 120014, Қызылорда, ул. Әйтеке, 29а, email: [gulshat\\_ungarbaeva@mail.ru](mailto:gulshat_ungarbaeva@mail.ru)
- Шаймарданова Ирада Сарсенбаевна** - педагогика факультетінің магистранты, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті. Мекен-жайы: Қазақстан, 140000, Павлодар қ., Мир к-сі, 60, e-mail: [irada95-95@mail.ru](mailto:irada95-95@mail.ru)
- Шәнкібаева Әлия Бақытжанқызы** - өнертану кандидаты, профессор, Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы. Мекен-жайы: Қазақстан, 050000, Алматы қ., Панфилов к., 127, e-mail: [Alia20098@mail.ru](mailto:Alia20098@mail.ru)
- Шмигирилова Ирина Борисовна** - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, «Математика және информатика» кафедрасының профессоры, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 150000, Петропавл қ., Жұмабаев көшесі, 114, e-mail: [irinankzu@mail.ru](mailto:irinankzu@mail.ru)
- Шубаева Галия Сабыржанқызы** - м.ғ.к., доцент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Мекен-жайы: Қазақстан, 050000, Алматы қ., Әйтеке би к., 99, e-mail: [galiya.shub@mail.ru](mailto:galiya.shub@mail.ru)

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ №2(82), 2020

- Айтжанова Мира Онланбековна** - кандидат биологических наук, старший преподаватель кафедры биологии, Казахский национальный женский педагогический университет. Адрес: Казахстан, г. Алматы, 050000, ул. Айтеке би, 99, email: [Aytzhanovamira09@gmail.com](mailto:Aytzhanovamira09@gmail.com)
- Алдабаева Гульнур Жамбулатовна** - магистрант кафедры теории и методики иноязычной подготовки, Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова. Адрес: Казахстан, г. Караганда, e-mail: [aldabaeva.gulnur@mail.ru](mailto:aldabaeva.gulnur@mail.ru)
- Алпысбаева Карашаш Бейсенкызы** - Институт литературы и искусства им. М.Ауэзова КН МОН РК. Адрес: Казахстан, г. Алматы, 050010, ул. Курмангазы, 29, 2 этаж, email: [alpysbaeva-k@mail.ru](mailto:alpysbaeva-k@mail.ru)
- Атейбекова Нурзия Турсынжанкызы** - магистр, старший преподаватель Казахского университета международных отношений и мировых языков им. Абылай хана. Адрес: Казахстан, г. Алматы, 050022, ул. Муратбаева, 200, e-mail: [nurzyaa@mail.ru](mailto:nurzyaa@mail.ru)
- Аубакир Аруна Бериккызы** - магистрант, учительница математики, Казахский Национальный женский педагогический университет. Адрес: Казахстан, г. Алматы, 050000, ул. Айтеке би, 99, email: [aubakirova.aruna@bk.ru](mailto:aubakirova.aruna@bk.ru)
- Батталова Асыл Тайыржанкызы** – магистрант специальности 7M01705 - Иностранный язык: два иностранных языка, Казахский национальный женский педагогический университет. Адрес: Казахстан, г. Алматы, 050000, ул. Айтеке би, 99, e-mail: [klmprst@mail.ru](mailto:klmprst@mail.ru)
- Бориева Г.О.** - магистрант специальности 6M011300-Биология, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави. Адрес: Казахстан, г. Туркестан, 161200, пр. Б. Саттарханова, 29.
- Гумаров А.**- докторант Казахской национальной академии искусств им. Т.К. Жургенова. Адрес: Казахстан, г. Алматы, 050000, ул. Панфилова, 127, e-mail: [kazah-9393@mail.ru](mailto:kazah-9393@mail.ru)
- Дальбергенова Ляззат Елемесовна** - PhD, доцент, преподаватель, Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова. Адрес: Казахстан, г. Кокшетау, ул. Абая, 76, e-mail: [ljasatdal@mail.ru](mailto:ljasatdal@mail.ru)
- Джелдыбаева Раушан Базикенкызы** - кандидат филологических наук, доцент факультета востоковедения Казахского университета международных отношений и мировых языков им. Абылай хана. Адрес: Казахстан, г. Алматы, 050022, ул. Муратбаева, 200.
- Есназар Асель Жанабегеновна** - докторант специальности 6D010200-Педагогика и методика начального обучения, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет. Адрес: Казахстан, г. Шымкент, 160012, ул. Байтурсынова, 13, e-mail: [asel.esnazar@mail.ru](mailto:asel.esnazar@mail.ru)
- Жалалова Акшай Максutowна** – кандидат педагогических наук, заведующая кафедрой методики преподавания иностранных языков, Казахский национальный женский педагогический университет. Адрес: Казахстан, г. Алматы, 050000, ул. Айтеке би, 99, e-mail: [akshaimzh@gmail.com](mailto:akshaimzh@gmail.com)
- Жапбаров Амангелди** – доктор педагогических наук, профессор, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет. Адрес: Казахстан, г. Шымкент, 160012, ул. Байтурсынова, 13, e-mail: [azhapbarov@mail.ru](mailto:azhapbarov@mail.ru)
- Зиядаулы Бакытжан**— кандидат филологических наук, доцент факультета востоковедения Казахского университета международных отношений и мировых языков им. Абылай хана. Адрес: Казахстан, г. Алматы, 050022, ул. Муратбаева, 200, e-mail: [batenke\\_89@mail.ru](mailto:batenke_89@mail.ru)
- Кабдиева Сания Дуйсенхановна** - кандидат искусствоведения, профессор, заведующая кафедрой «История и теория театрального искусства» Казахской национальной академии искусств им. Т.К. Жургенова. Адрес: Казахстан, г. Алматы, 050000, ул. Панфилова, 127, e-mail: [saniya\\_art@hotmail.co.uk](mailto:saniya_art@hotmail.co.uk)
- Кабышева Мария Олеговна** - магистрант 2 курса Казахского национального университета имени Аль-Фараби. Адрес: Казахстан, 050040, Алматы, ул. Тимирязева, 71, e-mail: [mariya@kabyшева.com](mailto:mariya@kabyшева.com)

- Кагазбаев Жанбырбай** - старший преподаватель кафедры теории и методики иноязычной подготовки, Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова. Адрес: Казахстан, г. Караганда, ул. Университетская, 28, e-mail: zhan\_1952@mail.ru
- Какенова Зарина Серикбайевна** – магистрант, Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева. Адрес: Казахстан, 150000, г. Петропавловск, ул. Жумабаева, 114, e-mail: [zarina\\_14\\_96@mail.ru](mailto:zarina_14_96@mail.ru)
- Канжигитова Дана Канатовна** – магистрант факультета химии и химической технологии Казахского национального университета имени Аль-Фараби. Адрес: Казахстан, 050040, Алматы, ул. Тимирязева, 71, e-mail: [dana\\_97\\_97.kz@list.ru](mailto:dana_97_97.kz@list.ru)
- Каскатаева Бахыткүль Рахымжановна** - доктор педагогических наук, доцент, и.о. профессора кафедры физики, Казахский национальный женский педагогический университет. Адрес: Казахстан, г. Алматы, 050000, ул. Айтеке би, 99, e-mail: [Kaskataeva@yandex.ru](mailto:Kaskataeva@yandex.ru)
- Китибаева Альфия Каныбековна** - PhD, доцент кафедры теории и методики иноязычной подготовки, Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова. Адрес: Казахстан, г. Караганда, e-mail: tyumik\_sun@mail.ru
- Коныратбай Тынысбек Ауэльбекович** - заведующий отделом музыки Института литературы и искусства им. М.Ауэзова КН МОН РК. Адрес: 050010, г.Алматы, ул. Курмангазы, 29, 2 этаж, email: [tynysbekkonyratbay@gmail.com](mailto:tynysbekkonyratbay@gmail.com)
- Курманова Марал Елтайевна** – докторант, Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова. Адрес: Казахстан, г. Кокшетау, ул. Абая, 76, e-mail: [maral\\_kurmanova@mail.ru](mailto:maral_kurmanova@mail.ru)
- Матасова Ирина Николаевна** - магистр иностранной филологии, старший преподаватель кафедры теории и практики перевода Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда. Адрес: Казахстан, г. Караганда, 100026, ул. Муқанова, д.1, 9 корпус КарГУ, факультет иностранных языков, e-mail: [kafedrataya@mail.ru](mailto:kafedrataya@mail.ru), [irina041283@mail.ru](mailto:irina041283@mail.ru)
- Мещанова Анна Геннадьевна** - магистрант специальности 7М01504-Химия, Северо-Казахстанский государственный университет им. М Козыбаева. Адрес: Казахстан, 150000, г. Петропавловск, ул. Жумабаева, 114, email: [annameshanov@mail.ru](mailto:annameshanov@mail.ru)
- Мурзалинова Алма Жакимовна** - доктор педагогических наук, профессор, директор филиала НЦПК «Өрлеу» по СКО. Адрес: 150009, Казахстан, Северо-Казахстанская область, г. Петропавловск, ул. Парковая 57В, email: [M\\_alma60@mail.ru](mailto:M_alma60@mail.ru)
- Мусирова Жулдыз** - магистрант 2 курса специальности 6М010500-Дефектология, Казахский национальный женский педагогический университет. Адрес: Казахстан, 050000, г. Алматы, ул. Айтеке би, 99, e-mail: [musirovazh@bk.ru](mailto:musirovazh@bk.ru)
- Ниязбаева Алмагуль Иембердиевна** - кандидат химических наук, заведующая кафедрой общей и неорганической химии, доцент Казахского национального университета имени Аль-Фараби. Адрес: Казахстан, 050040, Алматы, ул. Тимирязева, 71, e-mail: [Almagul.Niyazbaeva@kaznu.kz](mailto:Almagul.Niyazbaeva@kaznu.kz)
